

**ТҰРАП ТҮГЕЛҰЛЫ,
БАТЫРБЕК ТҰРҒАНБЕКҰЛЫ**

**МӘЗ ҺАБ
ТУРАЛЫ ТАНЫМ**

Алматы 2011

УДК 28
ББК 86.38
Т 87

Түгелұлы Т., Тұрғанбекұлы Б.
Т 87 Мәзһаб туралы таным. - Алматы, 2011. – 176 бет.

ISBN 978-601-06-1202-0

Әрбір мұсылманның мәзһаб жайлы мағлұматы болуы керек. Құран мен сүннетті дұрыс түсінем, оның үкімдерін іске асыруда дұрыс жол ұстанам деген әрбір адам мәзһаб атымен қалыптасқан ережелер мен негіздерден ауытқып кете алмайтынына көзіңіз жетеді. Аталмыш кітапта осы мәселелерге тоқталатын боламыз. Яғни бірінші - мәзһабтар жайлы таным қалыптастыру, екінші - мәзһабқа қарсылардың сөздерін талдау арқылы мәзһабтардың маңыздылығын айқындауға тырысамыз.

Кітаптың мазмұны салмақты, тілі оқылуға жеңіл еңбек саналы оқырманның жүрегіне жол табады деген сенімдеміз.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-06-1202-0

© Тұрар Түгелұлы, Батырбек Тұрғанбекұлы, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Аса мейірімді, Мейірбан Алланың атымен.

Құдайға шүкір, қазірде елімізде төл дінімізге деген ықылас-пейіл ерекше. Әсіресе, қазіргі қазақ жастарының имани танымын тұғырлауға, діни білімге деген құштарлығы көңіл қуантады.

Ғылым-білім дамыған кезде бәсекелестік пен пікірталастың да дамитындығы аян. Ақиқаттың да шынайы біліммен сөз таластырғанда ғана айдынға шығатыны айдан анық. Соңғы уақыттарда қоғамымызда сан ғасырлардан бері қазақ халқына сіңісті болып, ұлттық дағдысына айналған дәстүрлі Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын басым көпшілік жамағатпен қатар ешбір мәзһабты мүлде мойындамайтын, әрдайым «бүйректен сирақ шығаруға» бейім бәзбір топтардың бас көтеріп жүргендігі жалпы жұртқа жасырын емес.

Сондықтан да барша адамзатты әдептіліктің биік шыңына бастайтын асыл дініміздің мақсат-мұраттарын жете түсіне алмаған сондай кертартпа топтардың кереғар пікірлерін ғылыми тұрғыдан терістеп, мәзһаб ұғымы туралы кеңірек түсінік беретін еңбектер керек-ақ.

Осы тұрғыдан алғанда қолыңыздағы дінтанушылар Түгелұлы Тұрар мен Тұрғанбекұлы Батырбектің «Мәзһаб туралы таным» атты еңбегі сол олқылықтың орнын толтыратын құнды дүние. Бұл еңбекте Ислам дініндегі дәстүрлі мәзһабтар туралы келелі әңгіме өрбіген. Мәзһабтардың шығу тарихы мен қалыптасу

сатылары жайында толыққанды талқы жасалған. Әрбір мұсылманға белгілі бір мәзһабты ұстанудың қажеттілігі бұлтартпас дәлел-дәйектер арқылы түсіндірілген. Сондай-ақ, мәзһабсыздықтың жеке мұсылманға һәм күллі мұсылман өркениетіне келтіретін қатерлі салдарлары жайындағы мұсылман әлеміне танымал әйгілі теолог-ғалымдарының құнды пікірлері өз орайымен келтірілген.

Дін саласындағы сан алуан пікірлердің дұрыс-бұрыстығын білуге ұмтылған әрбір жан үшін осы еңбектің құндылығы ерекше болары даусыз. Сөз соңында төл дініміздің өркендеуіне көптен бері үлес қосып, халайыққа дұрыс діни ұстанымдарды таратып жүрген кітап авторларының әрбір ісіне тауфик, табыс тілейміз. Раббы Тағала істеріңізді оңдасын! Әмин.

**Сәбит Ибадуллаев,
эл-Әзһар университетінің түлегі**

КІРІСПЕ

Аллаһ тағалаға хамд (мақтаулар) болсын. Оның таңдаған, сүйген құлдарына және адамзаттың асыл тәжі болған Мұхаммедке (с.а.у.) сәлем және салауат болсын. Ұлы пайғамбардың (с.а.у.) пәк отбасына, әділ сахабаларына Аллаһтың нұры жаусын.

Араб тілінің сөздігінде «жүрілген жол» мағынасын білдіретін «мазһаб» сөзінің терминдік мағынасы – Ислам дінінде мужтахид деп қабыл етілген кісінің сенім (ақайд) мен амалда (фиқһ) білдірген көзқарастарын ұстанатын жол. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) адамдарға жеткізген Ислам дінінің сенім және амал саласында кейбір мәселелерін дәлелдеп одан үкім шығарып оларды түсінуде ғалымдар бір-бірінен өзгеше көзқарастар айтқан. Міне бұл көзқарастардың жиынтығын «мәзһаб» деп атаған.

Ислам тарихында мәзһаб сөзі итиқади (сенімге), саяси және фиқһқа (амалға) байланысты көзқарастардың барлығына қолданылады. Бірақ саяси және итиқади мәзһабтарға «фырқа», «нихлә», сөздері көп қолданылуда. Фырқа сөзі әр түрлі көзқарасты ұстанатын топтар деген мағынаға келеді. Нихлә болса көзқарас, сенім деген мағынаны білдіреді.

Ислам тарихындағы мәзһабтар үшке бөлінеді. Саяси, итиқади (сенімге байланысты) және фиқһи (амал) мәзһабтар. Дегенмен бүгін халық арасында мәзһаб сөзі көбіне фиқһ мәзһабтары үшін қолданылуда. Мәзһабты қолдаушы да, оны жоққа шығарушы да осы

мәзһабтар төңірегінде әңгіме қозғайды. Сондықтан фикһ мәзһабтары жайында кеңірек тоқталу бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Мәзһаб жайлы дұрыс түсінік қалыптастыру үшін бәрінен бұрын мәзһаб туралы таным болуы шарт. Себебі бүгін мәзһабтың маңыздылығын насихаттаушылармен қатар, мәзһабтың терістігін алға тартушылар да көптеп кездеседі. Мұндай жағдайда мұсылман кісі қайсысын таңдайды? Қай пікірді қолдайды? Ешқайсысына қосылмай бейтарап қала алады ма? Міне осындай сұрақтар көпшілік көңілін күпті етуде. Мұндай күдіктерден арылудың бір ғана сенімді жолы бар. Ол – таным жолы. Сондықтан әрбір мұсылманның мәзһаб жайлы мағлұматы болуы керек.

Бүгін фикһ мәзһабтарының құрылымы, қамтитын нысаны жайлы біріміз білсек, енді біріміз білмейміз. Осы білместіктің салдарынан теріс шешім қабылданып, орынсыз үкім беріліп жатады. Егер біз фикһ саласының қаншалықты кең ауқым қамтитынын көз алдымызға елестете алсақ, онда өз бетімізше мәселелелерді шешуге асықпас едік. Кейбір теріс пікірлердің әсеріне еріп, шарифат саласын бір-екі аят, екі-үш хадиспен шектемес едік. Міндетті түрде бұл саланың білгірі, маманы болуы тиіс деген ойға барар едік. Ал, бүкіл үммет мойындап келген фикһ саласының басшылары-төрт мәзһаб имамы жайлы мағлұматтарға ие болған адам оларды арзанқол, тегі белгісіз бүгінгі білімпаздарға қалай ғана айырбастамақ? Егер ол имамдардың ғылымдағы жолдарының пайғамбарымызға (с.а.у.) ұласатынын, олардың Аллаһтың дінінде қаншалықты турашыл болғандығын білсек, қалай ғана олардың қалыптастырып кеткен жолын Құран мен сүннетке

қайшы жол немесе олардың өздерін пайғамбарымызға параллель шарифат иелері етіп көрсетуге, орынсыз айыптауға аузымыз барар еді?

Мәзһаб жайлы мағлұмат алғаннан кейін, мәзһабтың маңыздылығын, ислам үмметі үшін алатын орынын білудің көп қиындығы жоқ. Мәзһабтың қалыптасуына себеп болған негізгі тіректерін алып тастасаңыз оның орынын өзге ештеңе жаба алмайтындығын көресіз. Құран мен сүннетті дұрыс түсінем, оның үкімдерін іске асыруда дұрыс жол ұстанам деген әрбір адам мәзһаб атымен қалыптасқан ережелер мен негіздерден ауытқып кете алмайтынына көзіңіз жетеді. Алдағы тақырыптарда осы мәселелерге тоқталатын боламыз. Яғни бірінші – мәзһаб туралы таным қалыптастыру, екінші – мәзһабқа қарсылардың сөздерін талдау арқылы мәзһабтардың маңыздылығын айқындауға тырысамыз.

Сонымен қатар итиқади мәзһабтар да мұсылман қауымы үшін зор маңызға ие. Бірақ біз бұл жерде тек олар жайлы жалпы мағлұмат беруден әрі аспайтындығымызды ескере кеткенді жөн санадық.

I БӨЛІМ

МӘЗҺАБ ТУРАЛЫ
ЖАЛПЫ МАҒЛУМАТТАР

МӘЗҒАБТЫҢ ТҮРЛЕРІ

1. Итиқади мәзһабтар жалпы екіге бөлінеді:

А) *Әһли сүннет мәзһабы*. Қазіргі таңда бұларға Матуридия мен Әшғариялар кіреді.

Ә) *Әһли бидғат мәзһабы*. Бұлар екіге бөлінеді:

а) Күпірге кірмегендер, яғни Исламның басты принциптеріне қарсы келмейтіндер. Бұлар: Харижиттер, Қадария, Муғтазилә, Жабрия, Зәйдия, Имамия, Каррамия, Нажжария, Хасауия.

ә) Күпірге кіргендер. Бұларға Харижиттердің Ажария мен Маймуния тобы, Язидия, Батыния, Нусария, Дурзия, Бабилік және Бахаилік кіреді.

2. Фикһ мәзһабтары. Әзіреті Пайғамбар тірі кезде уахи келіп тұрғандықтан ол кездері туындаған мәселелер тікелей Расулуллаһқа ұсынылып, бұл мәселе жайында аят түсетін, не болмаса Пайғамбар (с.а.у) оны өз ижтихадымен шешетін. Негізінде Расулуллаһтың (с.а.у) ижтихады уахидің басшылығымен болғандықтан оның нәтижелері қате бола қалған жағдайда, сол күйінде қалмай Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға (с.а.у) білдіріп түзетіп отыратын. Пайғамбарымыздың (с.а.у) бұлай ижтихад жолын қолдануының себебі сахабаларды ижтихадқа үйрету болатын.

Әзіреті Пайғамбар қайтыс болған соң туындаған жаңа мәселелердің діни үкімін анықтауға мәжбүр болғандықтан сахабалар Құран мен сүннеттің аясынан айырылмай ижтихад жасауларына тура келді. Әзіреті Омар және тағы басқа сахабалардың көптеген ижтихад-

тар жасағаны белгілі. Ал, сахабалардың кезеңінен кейін ортаға шыққан мәселелерді шешу мұқтаждығы онан сайын артты, әрі осы мәселелер мәзһабтардың туындауына себеп болды.¹

Басты фикһ мәзһабтары мыналар: Ханафи, Шафий, Малики, Ханбали.

Тарихта Ислам үмбетінің әділдігін дүниеге паш еткен де осы фикһ саласы. Фикһ әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Мәдинаға хижрет (қоныс) жасауынан өліміне дейінгі он жылдық қысқа уақыттың ішінде тамамдалып, негізгі принциптері толығымен үмбетке табыс етіліп, ал бұлардан тыс тармақталған мәселелерді ижтихад жолымен онан әрі дамытулары міндеттелген.

Есте сақтар бір жайт, мұсылмандар еш уақытта діннің негізгі принциптерінде талас-тартысқа түспеген. Мысалы: Аллаһ Тағаланың бірлігі, әзіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) Аллаһтың пайғамбары екендігі, Құран Кәрімнің Аллаһтан келгендігі, оның Пайғамбардың ең үлкен мұғжизасы болғандығы, бес уақыт намаз, зекет, қажылық сияқты құлшылықтардың орындалуында араларында ешқандай келіспеушілік жоқ. Сондай-ақ ішімдік, доңыз, өлексе сияқты харамдар мен мирас жайындағы негізгі қағидалар сияқты діннің нақты белгілі ерекшеліктерінде ешқандай талас-тартыс болмаған. Тек діннің негізгі принциптері мен жалпы құралдарының тысындағы мәселелерде көзқарас айырмашылығы болған.

¹ Ердоған Баш. Яхудилик, Христианлык ве Ислам. Станбул-2004. 309 б.

ФИҚҲ ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жоғарыда айтып өткеніміздей мәзһаб туралы дұрыс түсінік қалыптастыру үшін фикһ саласын тану өте маңызды. Фикһ саласының ауқымдылығы мен күрделілігіне қоса, оның күнделікті өмірде жиі қолданылатындығы оның реттеліп жүйеленуіне деген қажеттілікті арттыра түседі. Бұл қажеттілікті өтеуде мәзһабтар үлкен рөл ойнайды. Ал бұл жағдайдан хабарсыз адамның мәзһабты теріске шығаруы әбден мүмкін. Сондықтан мәзһаб мәселесінде фикһ жайлы тоқталу қажеттілігі туындап отыр.

Араб тіліндегі «фикһ» сөзі сөздікте «бір нәрсені толық түсіну, толық игеру» деген мағыналарды білдіреді. Яғни бұл сөз ғылым, түсіну сөздерінен де терең мағынаны қамтиды. Сонымен бірге бір кісінің айтқан сөзінің мақсатын түсіне білуді де «фикһ» деп атайды. Бір мәселені толық меңгерген, өте зерек, ой-өрісі кең кісіні «фақиһ» деп атайды. Фикһ сөзі Құран Кәрімде жиырма жерде әр түрлі етістік түрінде кездесіп, бір нәрсені толық түсіну, парқына бару, бір нәрсенің ақиқатын білу және ақыл жүгірту деген мағыналарда қолданылған. Аяттарда былай айтылған: *«Ол қауымға не болды, айтылған сөзді түсінгілері келмейді»², «Ей Шұғайб! Біз сенің айтқандарыңның көпшілігін*

² «Ниса» сүресі, 78-аят

толық түсінбейміз»³. Ал хадистерде фикһ сөзі «нақты мағлұмат, түсінік» деген мағыналарда қолданылған.

Енді фикһ сөзінің терминдік мағынасына тоқталайық. Исламның алғашқы кезеңінен бүгінгі күнімізге дейін фикһ сөзінің ұғымы бірнеше рет өзгергендіктен фикһқа көптеген анықтамалар берілген. Әзіреті Мұхаммед (с.а.у.) пен сахабалар дәуірінде фикһ белгілі бір жүйеге келтірілген ғылым емес еді. Сондықтан ол кезде фикһ сөзінің мағынасы қазіргі кездегідей кең ауқымды қамтымайтын. Ол кезде фикһ тек «ғылым» мағынасында ғана қолданылатын. Имам Әбу Ханифа фикһқа мынадай анықтама берген: «Кісінің өзіне пайдалы және зарарлы болған нәрселерді білуі». Имам Шафий болса фикһқа: «Шариғаттағы іс-әрекетке қатысты үкімдерді нақты дәлелдерімен білу», – деп анықтама берген.

Осылайша фикһ ғылымы дами келе соңында оған мынадай анықтама берілген: «Фикһ – адамның өзіне пайдалы және зарарлы болған шариғат үкімдерін білуі» немесе «Ғибадатқа, жазаға және әлеуметтік хал-ахуалға қатысты шариғат үкімдерін нақты дәлелдерімен білу»⁴.

Ислам діні пенде мен Аллаһтың арасындағы байланысты реттегеніндей адам мен қоғамның, яғни адамдардың арасындағы қарым-қатынасты да реттеп, туындаған мәселелерді шешіп отырады. Осы мәселелерді шешуде Ислам дінінің сүйенетін негізгі дәлел көздері Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті болғандықтан кейбір дін ғұламалары

³ «Худ» сүресі, 91-аят

⁴ Караман Х. Анахатларыйла. Ислам хукуку 1 том 23 б. Станбул 2000.

Құран Кәрім мен хадис шәріптердің әмірлерін зерттеп, қарапайым халық үшін ережелер мен заңдар дайындады. Бұны «фиқһ» деп атады. Себебі, әрбір адам Құранды егжей-тегжейлі түсіне алмағаны сияқты шарифат әмірлерін игере аларлықтай дәрежеде хадис ғылымын да білмейді. Сондықтан ғұламалар өмірлерін осы жолға арнап, «фиқһ» ғылымын белгілі бір тәртіпке келтіріп жүйеледі.

Гибадат, құқық, ахлақ, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынасты қамтитын фиқһ ғылымы – түрлі ұлттарды құрайтын Ислам үмметінің басын қосып, біріктіретін ғылым. Басқаша айтқанда бүкіл үмметтің өмірі. Фиқһсыз үммет өмір сүре алмайды.

Фиқһ Аллаһ пен құлдың арасындағы жеке қарым-қатынасты қалыптастырумен басталады. Намазды, ораны, зекетті, қажылықты, көзге көрінетін және көрінбейтін нәжістерден тазалануды, жүріс-тұрысты, үйретеді.

Фиқһ – айт, жұма күндерінде әдемі киінуді, хош иіс себуді, желініп-желінбейтін нәрселерді, тамақтану әдебін үйретеді.

Фиқһ – қоғамның ахлағы мен тәртібін де реттеп, оған қажетті алғышарттарды қалыптастырады. Мұсылмандардың бір жерге жиналып араларындағы мәселелерді шешіп, ғылым-білім және мәдениет алмасып, араларындағы бауырмалдықты қуаттандыру үшін қажылық, айт, жұма сияқты құлшылықтарды реттеген.

Фиқһ – отбасылық өмірді егжей-тегжейлі қарастырып, оның әрбір мүшесінің құқықтары мен жауапкершіліктерін белгілеген. Әлеуметтік және

экономикалық құқықты реттеп, алдап-арбауды, күштінің әлсізді езуін және өсім жеуді харам қылған.

Фикһ – қоғамның тек бұл дүниедегі өміріне байланысты бөлімін ғана қарастырмай, дүние мен ақырет өмірін бірге қамтыған⁵.

Фикһтың қарастыратын үкімдерін төрт топқа бөлуге болады:

1. Ғибадат. Намаз, ораза, қажылық, садақа сияқты ғибадатқа байланысты үкімдер. Осы ғибадаттардың тәртіп-ережелерін, қалай орындалатынын, оны бұзып, бұзбайтын нәрселерді қарастырады.

2. Муғамалат (қарым-қатынас). Адамдардың араларындағы өсиет, мирас, сауда-саттық сияқты қарым-қатынастарын реттейтін үкімдер. Осы қарым-қатынастардың қалай жүзеге асырылуын және тараптардың құқығын қарастырады.

3. Мунакахат. Отбасына байланысты құқықтар. Некенің шарттары және жауапкершілігі, үйленгеннен кейінгі екі жақтың міндеттері, сонымен қатар ажырасудың тәртіптері қолға алынады.

4. Уқубат. Мукәлләфтің⁶ істеген қылмыстарын және осы қылмыс үшін берілген жазаларды қамтитын үкімдер. Бұл бөлімде қылмыстың түрлері мен дәрежелері және қылмыскердің жағдайы, оған берілетін тиісті жаза, сондай-ақ жазаның түрлері мен іске асыру жолдары қарастырылады.

Қазіргі уақытта фикһ сөзінің орнына қолданылып жүрген «Ислам құқығы» тіркесі фикһтың орнына жанама ретінде қолданылуда. Бұл тіркес тек қарым-қатынас, қылмыс және мирас мәселелерін ғана қамтиды.

⁵ Хайреддин Караман. Ислам Хукук тарихи. 24-25 бб.

⁶ Діни міндеттерден жауапты болған кісі

Ал фиқһ болса мұнан да ауқымды, яғни бұған қоса тазалық және ғибадат мәселелерін де қарастырады.

Адам баласы жаратушысы бар екенін білгенімен, оның бұйырған және тыйым салған нәрселерінің үкімдерін өздігінше біле алмайды. Бұл үкімдер фиқһ ғылымында жинақталған. Сондықтан фиқһ ғылымы – бұл дүние мен ақыретте Аллаһ Тағаланың ризашылығы арқылы мәңгілік бақытқа жетудің жолдарын үйрететін ғылымдардың асқары десек болады.

Фиқһ саласы қамтитын шарифаттың амали үкімдеріне негіз болған дәлелдер төрт нәрседен бастау алады. Олар мыналар:

1. Құран Кәрім.
2. Сүннет.
3. Ижма.
4. Қияс⁷.

Ислам ғұламалары шарифат ғылымдарының негізі болған Құран Кәрім мен сүннетті жан-жақты зерттеді. Сөйтіп олардан алынатын дәлелдерді бір-бірлеп айқындап, олардың қағидаларын түзді. Осы қағидалардың аясында шарифи үкімдерді шығарушыларға қойылатын талаптар мен шарттарды толығымен белгілеп кетті. Яғни бір сөзбен айтқанда мүжтахид пен ижтихадтың шарттарын, тақлид⁸ пен оның үкімдерін баяндап түсіндіреді⁹.

Адамның істеген әрбір ісі мен айтқан сөздерінің (ғибадат, мәміле, сауда-саттық деп айырып жатпастан) оның шарифи үкімінің болатындығында ешкімнің таласы жоқ. Алайда осы үкімдерді белгілеуде ғұламалар

⁷ Бұлардың барлығына жеке-жеке тоқталамыз

⁸ Еліктеу

⁹ Ижтихад пен тақлид жайында арнайы тақырыпқа қараңыз

әртүрлі тоқтамға баруы мүмкін. Мұның себебі осы үкімдердің кейбіреулерінің Құран Кәрімде келген аяттар немесе хадис шарифте келген мәтіндер баяндап өткенімен, кейбіреулерінің анық айтылмағандығы. Дегенмен шарифат оларға да үкімдерді айқындайтын жолды көрсеткен. Мұжтахидтер сол жолдарға сүйене отырып, шарифаттағы үкімдерін айқындауға тырысады. Осы қажеттіліктен усулу-л фикһ ғылымы туындады. Исламда Усулу-л фикһқа мынадай анықтама берілген: «Жалпы дәлелдерден шарифат үкімдерін шығаруға алып баратын ережелер жиынтығы». Усулу-л фикһ қияс пен оның құжаттылығын, әмір (бұйрық рай) мен одан туындайтын үкімдері туралы сөз қозғайды. Мәселен, шарифат үкімдерінің ең бірінші дәлелі Құран Кәрімнің мәтіндері бір келкі болып келмеген. Оның кейбіреулері әмір, енді бірі тыйым салу, енді бірі өсиет, кейбірі жалпылама шарифи үкімдердің жалпы жиынтығынан алынған қорытынды үкім түрінде келген. Усулу-л фикһ ғылымы осы айтылғандардың бәрін егжей-тегжейлі тексеріп зерттейді және топшылайды. Мысалы, усулу-л фикһ әмірден (бұйрық рай) уәжіп үкімінің, тыйымнан харам үкімінің шығатынын айқындап береді. Осылайша усулдің тер төгіп анықтаған қағидаларын, жүйелеген негіздерін фикһ ғылымының ғалымы яғни, факиһ қолданып, оны тәжірибелік қолданысқа енгізеді. Жалпылама үкімдерден жекелеген үкімдерді шығарып, шарифаттың амали үкімдерінің кеңейтілген жобасын жасайды. Сондай Ислами қағидалар арқылы дінді қорғай білу, біз үшін өте қажет.

ФИҚҲ ҒЫЛЫМЫНЫҢ СҮЙЕНЕТІН НЕГІЗГІ ДӘЛЕЛДЕРІ

Ислам дінінде дүниеге және ақыретке байланысты барлық үкімдердің шығатын қайнар көзі төртеу: кітап (Құран кәрім), сүннет, ижма, қияс. Бұларға төрт дәлел мағынасында “әдиллә-и әрбәа” немесе шариғи дәлелдер мағынасында “әдиллә-и шарғия” да делінеді. Осы төрт дәлел негізгі дәлел деп те аталады. Бұлардан басқа “фарғи дәлел” деп аталатын кейбір дәлелдер де бар. Бұлар мәсәлихи мурсәлә, истихсан, әдет-ғұрып, шәру мән қабләна (Әзіреті Пайғамбарымыздан алдыңғы діндердің үкімдері), сахаба сөзі және истисхаб. Төменде бұл дәлелдердің барлығына қысқаша тоқталамыз.

А) Негізгі дәлелдер

1. Кітап (Құран Кәрім)

Кітап барлық шариғи дәлелдердің негізі. Кітап – Аллаһ Тағала тарапынан өзінің пайғамбары әзіреті Мұхаммедке (с.а.у.) араб тілінде түсірілген, кітап халіне келтірілген, бізге дейін мутауатыр жолымен жеткен, «Фатиха» сүресімен басталып, «Нас» сүресімен аяқталған Құран Кәрім. Бұл анықтама бойынша Құранның қандай да бір түсіндірмелері немесе өзге тілдегі аудармасы Құранның үкіміне жатпайды. Яғни, Құранға тән үкімдерге ие болмайды. Мәселен әр әріпіне сауап жазылуы, оқылуының ғибадат болып саналуы және дәретсіз ұстауға болмайтындығы сияқты¹⁰.

¹⁰ Уаддах Х. «әл-Уажизу фи улумил-Куран». 13-16 б.б.

Құран алғаш 612 жылы Рамазан айының 17-сі, жұма күні, Қадір түні Меккенің жанындағы Хира тауының үңгірінде түсе бастады. Құранның түсуі осы уақыттан бастап әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) қайтыс болғанына дейін аят-аят немесе толық сүре күйінде жиырма үш жылдың ішінде әртүрлі уақытта түсті. Құранның бөлек-бөлек болып түсуінің хикметін Құран Кәрімнің өзінде былай түсіндіріледі: «Біз оны сенің жүрегіңе жақсылап орнығуы үшін бөлек-бөлек оқыдық»¹¹. Құран Жәбірейлдің көмегімен 22 жыл, екі ай, 22 күнде түсіп толықтырылды. Құранның алғаш түскен аяты: *“Жаратқан Раббыңның атымен оқы. Оладамды ұйызған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай-ақ қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін де үйреткен»*¹². Соңғы аят хижреттің 10 – жылы, қоштасу қажылығы кезінде Зилхижжа айының тоғызыншы күні түскен. Ол «Майда» сүресінің 3-аяты: *«Бүгін діндеріңді толықтырдым және нығметтеріңді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым»*. Абдуллах бин Аббастың (р.а.) айтуынша мына аят одан кейін түскен: *«Аллаһқа қайтарылатын күннен сақтаныңдар, сонда әркімнің еңбегі өздеріне кемсітілмей толық беріледі және оларға әділетсіздік жасалмайды»*¹³.

Құранның түсуін екі кезеңде қарастыруға болады.

а) Мекке кезеңі, 12 жыл, 5 ай, 13 күн. Бұл кезеңде түскен сүрелерге Меккелік деп ат берілген.

¹¹ «Фурқан» сүресі, 32-аят

¹² «Алақ» сүресі, 1-5-аяттар

¹³ «Бақара» сүресі, 281-аят.

ә) Мәдина кезеңі, 9 жыл, 9 ай, 9 күн. Бұл кезеңдегі сүрелер Мәдиналық сүрелер деп аталды¹⁴.

Мекке кезеңінде үкім аяттары түспеген. Меккелік сүрелер шарифаттың сенім негіздерін қалыптастыру және жаман мінез-құлықтардан жақсыларына қарай ауыстыруды қамтиды. Адамдар Исламға кіріп, мұсылмандардың саны артқан соң, Мәдинада халал мен харамға байланысты аяттар түседі.

Құран алдыңғы сәмәуи кітаптар сияқты тек қана сенім, құлшылық пен ахлақ кітабы емес. Құран әрі сенім мен құлшылықты, әрі адамдар арасындағы әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынасты дұрыстайтын, жеке адамдар мен қоғам өмірін түзететін үкімдерді қамтитын кітап. Аяттарда былай айтылады:

«Сондай-ақ саған барлық нәрсені ашық түрде баяндайтын және мұсылмандар үшін тура жол, игілік әрі қуаныш түрінде Құранды түсірдік»¹⁵. «Біз кітапта еш нәрсені кем қалдырмадық»¹⁶.

Аяттардың кейбірі сұралған сұраққа жауап ретінде, яки бір оқиғаға байланысты, ал кейбірі болса ешқандай себепсіз түсті. Аяттың түсуіне себеп болған сұрақ пен оқиғаны “сәбәбун-нузул (түсу себептері)” – деп атайды. Құран түскен сайын Аллаһтың елшісі түскен аяттарды уахи жазушыларына жаздырып, әрбір аят пен сүренің қайда жазылатындығын айтатын. Аяттар мен сүрелердің ретке қойылуы уахиға сүйенгендігі, яғни Жәбірейл періштенің нұсқауымен болғандығын мұсылман ғалымдары барлығы бірдей айтып кеткен.

Құран Кәрім жалпы үш түрлі үкімдерді қамтиды:

¹⁴ Худари Шейх Мухаммед. Тариху-т Тәшрии-л Ислам. 9-б.

¹⁵ «Нахл» сүресі, 89-аят

¹⁶ «Әнғам» сүресі, 38-аят

а) Сенімге байланысты үкімдер:

Аллаһ, періштелер, кітаптар, ақырет күні, тағдыр мен қаза жайындағы, мұсылмандардың сенуге міндетті болған үкімдер. Сенім жайындағы үкімдер әсіресе Мекке кезіңінде келіп, адамдардың алдымен қате түсінік пен сенімнен тазалануы көзделген.

ә) Ахлаққа (мінез-құлық) байланысты үкімдер:

Мүминнің иманының күшеюіне, ықыласты тақуа болуына, өзара қатынастарда ең көркем үлгіге қол жеткізуіне бағытталған үкімдер. Пайғамбарлардың қиссалары, жәннатпен сүйіншілеп тозақпен ескерту жасайтын аяттары да осы топқа кіреді.

б) Амалға байланысты үкімдер:

Мүкәлләфтің құлшылығына, күнделікті сөзі мен ісіне және адамдардың өзара қатынастарына бағытталған үкімдер. Міне, фикһтың зерттеу нысанына кіретіндер осы сипаттағы аяттар. Олар өз ішінде екіге бөлінеді:

1) Құлшылыққа байланысты үкімдер:

Құран Кәрімнің құлшылық жайындағы барлық үкімдері қысқаша түрде айтылған. Ал оны іс жүзіне асыру мен түсіндіру сүннетке міндеттелген. Намаз, ораза, қажылық, зекет сияқты құлшылықтардың жасалуы Аллаһтың Елшісі тарапынан үмметіне көрсетілген. Мына хадистер құлшылықтағы әрекеттің әзіреті Пайғамбардан (с.а.у.) алынуы керек екендігін ашық түрде баяндайды: “Мен намазды қалай оқысам сіздер де солай оқыңыздар”¹⁷. “Қажылық құлшылығын менен үйреніндер, менен көргендеріндей орындаңдар”¹⁸.

2) Муамәлә (қарым-қатынас) үкімдері.

¹⁷ Бухари, Азан 18

¹⁸ Муслим, Хаж 310

Құлшылықтан басқа қалған құқықтық іс-әрекеттер, келіссөздер, қылмыс пен жазасы және осыларға ұқсастардың үкімдері. Муәмәлә үкімдерін төмендегідей бөлімдерге бөлуге болады.

Сауда-саттық құқығы: адамдар арасындағы сауда-саттық, жалға беру, кепілдікке алу, кепіл, ортақ болу, қарыздану сияқты қаржылық қатынастарды реттеуді және тараптардың құқығын қорғауды мақсат тұтады.

Мәдениет құқығы: адамдардың істеген қылмысы мен бұларға берілетін жазалар осы топқа кіреді. Жаза үкімдері мал-мүлік, жан, ар-намыс және ой еркіндігін қорғауды мақсат тұтады. Аят немесе хадис пен белгіленген жазаны “хадд” – дейді. Ұрлық, тонау, қарақшылық, ішімдік ішу жазалары сияқты.

Отбасылық құқық: Құранда жанұяға байланысты үкімдерге, басқа тақырыптарға қарағанда кеңірек тоқталған. Үйлену, ажырасу, напақа, иддет¹⁹, мирас осы үкімдер қатарына жатады.

Қазылық үкімдері: Куәлік, ант, үкім сияқты адамдар арасында әділетті жүзеге асыру шараларын реттеуді мақсат тұтады.

Басшылық үкімдері: әділеттілік, кеңесу, халық игілігі, қамқорлық және қорғау сияқты негіздерге сүйенеді. Әділет – басқару жүйесінің ең басты принципі. Құран Кәрімде әділетті әмір ететін аяттар бар: *“Негізінен Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орындарына тапсыруларыңды және адамдардың арасында билік жүргізгенде әділдікпен билік жүргізулеріңді әмір етеді”*²⁰.

¹⁹ Әйелдің күйеуінен ажырасқан соң күтетін белгілі уақыты

²⁰ «Ниса» сүресі, 58-аят.

“Негізінде Аллаһ әділетті, ізгілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады”²¹. Кеңесу принципі де ең жақсы нәтижелерге жетуге жәрдемші болады. Аятта: “Сондай-ақ өзара істерін кеңеспен жүргізгендер”²² – делінген. “Іс жөнінде олармен кеңес қыл. Сонда қашан қарар берсең Аллаһқа тәуекел ет”

Мемлекет құқығы: Құран Кәрім мұсылман емес мемлекеттермен болған қатынастарды да реттеуші негіздер әкелген.

2. Сүннет (Хадис)

Сүннет сөздікте «жол, адамның әдеттенген жақсы немесе жаман әрекеттері, бағыт» деген мағыналарды білдіреді. Терминдік мағынасы болса, әзіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сөзі, іс-қимылы және тақриріне (үнсіз құптауы) қолданылады. Сөзді сүннетке мысал: “Кімде-кім ұйықтап немесе ұмытып намазын өткізіп алса, есіне түскенде оқысын”²³. Іс-қимыл сүннетіне мысал: “Мен намазды қалай оқысам сізде солай оқыңыз”²⁴. Тақрири²⁵ сүннет – әзіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көрген немесе естіген бір істі қабыл етіп мақұлдауы. Сапар барысында су таба алмағандығы үшін таяммуммен намаз оқыған бір сахабаның намаздан кейін су тапқан кезде намазды қайта оқымауы және әзіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) оны кінәламауы сияқты. Бұл әлгі сахабаның ісінің шарифатқа қайшы еместігін білдіреді.

²¹ «Нахл» сүресі, 90-аят

²² «Шура» сүресі, 38-аят

²³ Әбу Дәуд Сулейман Салат 11

²⁴ Бухари Азан 18

²⁵ Құпталған

Фикһта Құран Кәрімнен кейін екінші негіз сүннет болғандығында дау жоқ. Сүннеттің діни бір дәлел болғандығы аяттармен бекітілген. Бұл аяттар мыналар: *“Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да, неден тыйса одан тыйылыңдар”*²⁶.

*“(Мұхаммед) Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселеріне сені би қылып, содан соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау қалмай бойұсынғанға дейін мұмин бола алмайды”*²⁷.

*“Кім Пайғамбарға бағынса, расында Аллаһқа бағынған болады”*²⁸.

Сүннет әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Раббысынан алған елшілік қызметін жаудан тұрады. Құран Кәрімнің «Нәжм» сүресінің 3, 4-аяттарында әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) уахиге сүйеніп сөйлейтіндігін хабар береді: *“Ол өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана”*.

Сүннеттің Құран Кәрім үшін төрт қызметі бар:

а) Мүбхам немесе мүжмал²⁹ аяттарды ашықтайды.

ә) Жалпы үкімдерді сатыларға бөледі.

б) Насих³⁰ пен мансухты³¹ білдіреді.

в) Құранда болмаған кейбір үкімдерді қояды. Мысалы: Намаз бен зекет әмірлерінің орындалу пішіні сүннетпен белгіленген; үй есектері мен жыртқыш құстардың етінің желінуіне тыйым салынуы да сүннетпен белгіленген.

²⁶ «Хашыр» сүресі, 7-аят

²⁷ «Ниса» сүресі, 65-аят

²⁸ «Ниса» сүресі, 80-аят

²⁹ Түсіндірме қажет ететін

³⁰ Алдыңғы үкімнің күшін жою

³¹ Үкімі жойылған

Хадистер рауилерінің³² санына карап мутауатир, мәшһүр және ахад болып үшке бөлінеді. Ахад хадистің өзі сахиһ, хасан және зайыф болып бөлінеді.

Мутауатир хадис – өтірік айтуы мүмкін болмаған көпшілік тарапынан риуаят етілген хадистер. *“Кімде-кім менің атымнан жалған бір хадис риуаят етсе, тозақтағы орнына дайындалсын”*³³ хадисін жүзден аса сахаба риуаят еткен. Іс-әрекетке байланысты сүннеттің арасында мутауатир болғандары өте көп. Дәреттің алынуы, намаздың оқылу тәртібі, қажылықтың орындалуы сияқты. Мутауатир хадис дәлел болуда нақтылық білдіреді әрі онымен амал жасау парыз.

Мәшһүр хадис – Пайғамбардан (с.а.у.) алғашында бірнеше кісінің ғана риуаят етіп, екінші және үшінші хижри жылдардан бастап мутауатир дәрежесіне шыққан хадистер. Мәшһүр сүннет те нақтылықты білдіреді.

Ахад хабар болса бір, екі немесе одан көп сахаба тарапынан риуаят етілген және мәшһүр дәрежесіне жете алмаған хадистер. Сүннеттің басым бөлігі осы жолмен келген.

3. Ижма

«Ижма» сөздікте бір іске бел буу немесе бір мәселеде ортақ пікірге келу деген мағыналарды білдіреді. Фикһ термині ретінде: «Әзіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) үмметінен шыққан мүжтахидтердің әзіреті Пайғамбар қайтыс болғаннан кейінгі қандай да бір дәуірде діни бір үкім жайында ортақ пікірге бірігулері». Осы анықтама бойынша ижмада мына шарттардың болуы керек:

³² Жеткізушілер

³³ Бухари, Ілім 38

а) Мүжтахидтердің³⁴ барлығы бірдей бір үкімде ортақ шешім қабылдауы діни дәлел болып есептеледі.

б) Мүжтахидтердің ортақ пікірге келулері бір істің діни үкімі жайында алғашқы мәселе көтерілген кезде маңызға ие болады. Кейіннен уақыт өте әлдекімнің қарсы шығуымен ижма бұзылмайды.

в) Діннен тыс мәселелерде ортақ пікірде бірігу ижмаға қатысы жоқ.

Ижманың дәлел ретінде қабылдануы Құран мен сүннетке сүйенеді. Құран Кәрімде былай айтылады: *“Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мұминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да тозаққа саламыз”*³⁵. Аяттағы *«сондай-ақ мұминдердің жолынан басқа жол іздесе»* сөзі ижманың қуатты дәлел екендігін көрсетуде.

Ижманың дәлел болуын меңзейтін хадис шәрифтер де бар: *“Мұсылмандардың жақсы деп тапқан нәрсесі Аллаһтың құзырында да жақсы”*³⁶. *“Үмметім адасушылықта бірлеспейді”*³⁷.

Ижма ашық (сарих), үнсіз (сукути) болып екіге бөлінеді. Ашық (сарих) ижма – бір ғасырда өмір сүрген әрбір мүжтахидтің ижма жасалған мәселе жайында ойын ашық түрде білдірген ижмасы. Үнсіз (сукути) ижма - қандайда бір ғасырда ижтихад жасауға лайық болған ғалым кісі белгілі бір көзқарас айтып, оның осы тұжырымын естіген басқа бір мүжтахид немесе

³⁴ Мүжтахид – дәлелдерден діни үкімдер шығару қабілетіне ие болған кісі

³⁵ «Ниса» сүресі, 115-аят

³⁶ Ахмед бин Ханбәл

³⁷ Ибн Мәжа, Фитән 8

мүжтахидтер оны қабыл етіп, етпеулері жайында ешқандай пікір айтпаса, ол мәселеде үнсіз жолмен (сукути) ижма жасалған болады.

4. Қияс

Қияс сөздікте бір нәрсені басқа бір нәрсемен өлшеу, салыстыру мағынасын білдіреді. Терминдік мағынасы болса «аят пен хадисте үкімдері болмаған бір мәселені ерекшеліктері ортақ, шариғи үкімі белгілі басқа мәселемен салыстырып, арнайы шарттар арқылы соның үкімін үкімі белгісізге беру» – дегенді білдіреді.

Бұған шарапты мысал ретінде бере аламыз. Шарапқа Құранда тыйым салынған. Бірақ кейінгі дәуірлерде арақ, коньяк, шампанский, виски сияқты өзгеше атпен ішімдіктер шыққан. Құранда бұлардың аты аталмаған. Шараптың тыйым салынуына мас қылушы сипаты сай келгендіктен, әрі көптеген хадистерде де осы жайт белгіленгендіктен, жаңа ішімдіктер де ішкенді мас қылатындығы белгілі болған кезде мас қылушы ортақ сипаты себепті қияс (салыстыру) жолымен шараптың үкімі өзге алкагольді ішімдіктерді де қамтиды.

Қиястың діни дәлел ретінде саналуы аят, хадис сахаба істерімен бекітілген³⁸.

Хасамдық бір әйел әзіреті Пайғамбарға келіп әкесінің қарт кісі екендігін, оған қажылық парыз болғанымен оны істей алатын жағдайда емес екендігін және оның орнына өзінің қажылық жасауына болып, болмайтындығын сұрайды. Әзіреті Пайғамбар “Әкеңнің қарызы болса оны төлесен, әкең қарызынан құтылады ма?” – деп сұрағанда әлгі адам “Иә” – дейді. Сонда Пайғамбарымыз: “Олай болса әкеңнің орнына

³⁸ Адам Назир. «Сағадатул-вусул илә илмил-усул». 134 б.

қажылық жасай аласың”³⁹ – деген. Яғни адамдардың қарызы мен Аллаһтың алдындағы міндетін өтеудің үқсастығын салыстырып, мысал берді.

Кейбір сахабалар әзіреті Әбу Бәкірге (р.ғ.) бәйәт еткен кезде, әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) оны намаз үшін имам ретінде сайлағанын еске ала отырып халифалықты басшылық сипаты үшін намаз имамдығымен салыстырған⁴⁰.

Қияс төрт негізден тұрады:

а) Асыл (негіз). Өзі жайында үкім түскен мәселе (аят, хадис);

б) Фәрғ. Өзі жайында үкім түспеген, бірақ адамдар үкімін білуге мұқтаж мәселе;

в) Үкім. Қияс жолымен жаңа мәселеге берілетін үкім (парыз, уәжіп, харам, мәкрух секілді);

г) Ортақ иллет (себеп). Әрі асылдағы, әрі фәрғдағы ортақ болған ерекшеліктер.

Мысалы ішімдік аят арқылы тыйым салынған шарап “асыл”, шарап үкіміне байланатын жаңа ішімдік түрі (мысалыға сыра) “фәрғ”, шараптың үкімі болған харамдық “үкім”, ал екеуіне ортақ мас қылу сипаты “себеп” болады.

Ә) Фәрғи (негізгі емес, қосымша) дәлелдер

Ислами үкімдердің сүйенетін төрт негізгі дәлелден басқа, соларға сүйенетін екінші дәрежедегі дәлелдер де бар. Олар: истихсан, маслахат, әдет-ғұрып, бізден алдыңғы шарифаттар, сахаба сөзі және истисхаб. Бұларды қысқаша түсіндіретін болсақ:

³⁹ Әбу Дәуіт, 2385

⁴⁰ Адам Н. «Сағадатул-вусул илә илмил-усул».135 б.

1. Истихсан

Истихсанның сөздік мағынасы бір нәрсені ұнату, жақсы деп есептеу. Фикһ усулінің термині ретінде былай анықтама беріледі: Истихсан – мүжтахидтің бір мәселеде оның ұқсастарының үкімінен бас тартуды керек қылған насс (аят-хадис), ижма, зарурет (мұқтаждық), жасырын қияс, әдет-ғұрып немесе маслахат сияқты бір дәлелге сүйеніп ол үкімді тастап, басқа бір үкім беруі.

Үкімі белгіленуі қажет болған мәселе кейде жалпы сипаттағы насстардан (аяттар мен хадистерден) біреуіне немесе фикһта яки кейбір мәһабтарда бекітілген жалпы қағидаға сәйкес келуі мүмкін. Бірақ бұл мәселе жайында жалпы нассқа (Құран мен хадиске) немесе жалпы қағидаға қайшы үкім беруді қажет ететін басқа бір насс, ижма, зарурет, әдет-ғұрып пен маслахат сияқты жеке бір дәлел кездесетін кезі де болады. Міне мүжтахидтің осындай жағдайда, ұқсас мәселелерге берілген үкімнен бас тартып, соған ғана тән жеке дәлел бойынша үкім беруіне истихсан аты беріледі. Мысалдар арқылы тарқатар болсақ:

а) Истихсанның нассқа сүйенуі. Әзіреті Пайғамбар Хаки́м бин Хизамға: “Қолыңда болмаған нәрсені сатпа”⁴¹, – деген. Бұл жалпы сипаттағы үкім. Яғни саудада қолыңда болмаған затқа сауда келісімін жасай алмайсың. Ал, Аллаһтың елшісі Мәдинаға хижрет жасағаннан кейін Мәдиналықтардың жемістері жайында бір немесе екі жылдығына алдын ала «сәләм» келісімін жасағандарын көрген кезде былай деді: “Сәләм жолымен сатқандар мұны белгілі мөлшерде және бір

⁴¹ Әбу Дәуіт, Бую, 70

мерзім белгілеп жасасын⁷⁴². Егер жоғарыдағы жалпы үкімге қарасақ, қолға тимеген жеміс үшін алдын-ала сауда келісімін жасау дұрыс емес. Бірақ осы жағдайға арналған хадис арқылы жалпы үкімнен шығып, өзіне тән дәлелмен қиясқа қайшы үкім береміз.

б) Ижмаға сүйенуі. Бұған «истиснағ-тапсырыс келісімі» мысал бола алады. Өнершіге белгілі бір ақша беріп тапсырыс беру, келісім кезінде жоқ бір затты сатып алу болады. Бірақ адамдар бұл келіссөзді өте көп қолданғандықтан ижмаға сүйеніп рұқсат деп танылған.

в) Заруретке (мұқтаждыққа) сүйенуі. Жалпы қағида бойынша ластанған құдықтың тазалануы үшін барлық судың шығарылуы қажет болса да, мұның қиындығына байланысты біраз су шығарылғаннан соң құдық таза болып есептеледі.

г) Маслахатқа (халық игілігі) сүйенуі. Әзіреті Пайғамбар: *«Зекет Мұхаммедке және Мұхаммедтің жанұясына халал емес»*⁴³, – деген. Әбу Ханифа мен Малик өз дәуірінде әзіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) жанұясынан Хашимұлдарына зекет беруге болатындығына үкім берген. Өйткені белгілі себептерге байланысты оларға үкімет тарапынан берілетін көмектер тоқтатылған болатын.

2. Масалихи мурсәлә (ел игілігі үшін көзделген істер)

Исламда қолданылған маслахаттар мына бес нәрсені қорғау мақсатына бағытталған. Олар: дін, мал-мүлік, жан, ақыл және нәсіл. Аят-хадиспен белгіленбеген маслахаттарды (игілігі бар істерді) «масалихи мурсәлә»

⁴² Әбу Дәуіт, Бую 57

⁴³ Муслим, Зекет 168

(ижтихадқа қалдырылған маслахаттар) – деп атайды. Бұл дәлелді ең көп Малики мәзһабы қолданған.

Төрт халифа дәуірінде масалихи мурсәләға сүйеніп көптеген ижтихад жасалған: Әзіреті Әбу Бәкірдің (р.ғ.) дәуірінде Құран Кәрімнің жинақталуы мен Әзіреті Осман (р.ғ.) кезеңінде көбейтілуі;

Әзіреті Османның (р.ғ.) халық санының артуына байланысты жұма күні екінші азанды айтқыза бастауы;

Әзіреті Әбу Бәкір (р.ғ.) өзінің қайтыс болатындығын сезіп, әзіреті Омарды (р.ғ.) халифалыққа үміткер етіп көрсетуі;

Әзіреті Омардың (р.ғ.) жаулап алынған Сирия мен Ирак жерлерін бұрынғы иелеріне беріп оларды хараж салығына байлауы. Осыған ұқсас шешімдер маслахатқа сүйенген ижтихадтың мысалдарына жатады⁴⁴.

3. Әдет-ғұрып

Адамдардың көпшілігінің қалауымен үйреншікті халге келген істерге немесе естілген кезде ойға басқа бір мағына оралмайтындай дәрежеде белгілі бір ұғымға қолданылуы әдет халіне келген сөзге “урф (әдет-ғұрып)” – дейді.

“Мұсылмандардың жақсы деп тапқан нәрсесі Аллаһ кұзырында да жақсы” хадисі әдет-ғұрыптың діни бір дәлел болғандығын көрсетеді. Усулул-фикһ (фикһ негіздері) кітаптарындағы ғұламалардың «әдет ғұрыптың шарифатта орыны бар», “әдет-ғұрыппен белгілі болған нәрсе шарт сияқты (міндетті) болады”, “әдет-ғұрыппен бекітілген нәрсе наспен (аят-хадиспен) бекітілген нәрсе сияқты” деген қағидалары әдет-ғұрып маңыздылығын

⁴⁴ Ғаззали Әбу Хамид. Әл-Мустасфа. Каир. 1 том 294- б.

белгілейді. Бұған дәлел ретінде арабтардың сахих әдет-ғұрыптарын шариғатта қабыл етілуін көрсете аламыз. Мысалы мирас пен қамқоршы (уәли) мәселелерінде жақындық реті сол күйі қалдырылды⁴⁵.

Әдет-ғұрып кітап және сүннетке қайшы болса қабыл етілмейді. Мысалы, кейде ішімдік пен өсімқорлық адамдар арасында жайылып әдет халіне келуі мүмкін. Бірақ бұл жарамды әдет-ғұрып болып саналмайды. Сондықтан Ислам қоғамындағы әдет-ғұрыптар екіге бөлінеді:

а) Сахих әдет-ғұрып: шариғат бойынша жарамды іс-әрекеттер. Мысалы, ұстаға бір затты тапсырыс беру (истиснағ) арқылы келісім жасау әлі дайын емес затты сатып алу болғандықтан дұрыс болмауы керек. Бірақ халық арасында кеңінен тарап, әдет халіне келгендіктен фақиһтер бұған рұқсат деген.

б) Фасид әдет-ғұрып: нақты бір насқа (аят-хадиске) қайшы келгендігі үшін жарамсыз деп саналған әдет-ғұрыптар. Мысалы, жоғарыда айтылғанындай ішімдік пен өсімқорлық бүкіл Ислам әлеміне жайылса да бұған рұқсат берілмейді. Мұндай істер «фасид әдет-ғұрып» қатарына жатқызылып, ешқандай пайдалы тұстары мен кең тарағандығы оны шариғи тұрғыдан құпталуына жол аша алмайды.

Әдет-ғұрыптың заманға немесе ортаға байланысты өзгеруі кейде үкімнің де өзгеруіне себеп болады. Осыған сүйеніп, кейінгі фикшы ғұламалар Құран Кәрім үйретуде, имамдық, азаншы сияқты өзге де істерде жалақы алуға болады деп пәтуә берген. Негізінде бұл істер құлшылық болып саналғандықтан олар үшін ақы алу дұрыс болмауы керек еді. Осы бойынша осы істі

⁴⁵ Адас Н. «Сағадатул-вусул илә илмил-усул». 193 б.

атқарушыларға жалақы берілмесе, олардың күнкөрістері қиындайды. Ал, күнкөріс қамы үшін басқа кәсіптермен айналысып кетсе, онда аталмыш діни міндеттер ақсап қалар еді. Олар уақыттарын арнайы орындар да өткізіп, басқа кәсіпке уақыттары болмағандықтары үшін ғана ақы алуға рұқсат берілді. Алған ақылары орындаған құлшылықтары үшін есептеп берілмейді⁴⁶.

4. Шәрғу мән қабләна (алдыңғы шарифаттар)

Алдыңғы шарифаттар дегеніміз – Аллаһтың әзіреті Ибраһим (а.с.), Мұса (а.с.) және Иса (а.с.) сияқты Мұхаммедке (с.а.у.) дейінгі пайғамбарлар арқылы олардың қауымдарына жіберген үкімдері.

Бұл үкімдер әзіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) үмметі үшін де жарамды ма? Олардың осы үкімдермен біз әрекет етуіміз керек пе?

Исламда алдыңғы шарифат үкімдері екіге бөлінеді:

а) Құран Кәрімде немесе әзіреті Пайғамбардың сүннетінде айтылмаған Інжіл, Таурат және Забурдағы үкімдері. Бұлардың мұсылмандар үшін жарамды емес екендігінде Ислам ғалымдарының ижмасы (келісімді шешімі) бар.

б) Құран Кәрімде немесе Пайғамбардың сөздерінде айтылған үкімдер. Бұларды да үш топқа жинақтауға болады:

б.а) Мұсылмандар үшін күші жойылғандығына байланысты дәлелі бар үкімдер. Бұлардың мұсылмандар үшін жарамсыз екендігінде ижма бар. Яһудилерге шектен шығып, зұлымдық жасағандары үшін жаза ретінде барлық тырнақты хайуандардың және сиыр мен

⁴⁶ Ибраһим әс-Салқини, «әл-Муйәссәр Фи Усул-ул Фиқһ». 188-б.

қойдың іш майларының харам болғаны сияқты⁴⁷. Ал бұлардың ішінде мұсылмандарға халал етілгендері бар. Соғыс олжаларының тек қана Ислам үмметіне халал етіліп, алдыңғы үмметтерге халал етілмеуін де осыған мысал ретінде көрсетуге болады.

б.б) Мұсылмандар үшін де үкімі жүретіндігіне байланысты дәлелі болған үкімдер. Бұл үкімдер мұсылмандар үшін де тиісті болады. Оразаның алдыңғы діндерде парыз болғаны сияқты Исламда да парыз етілуі, әзіреті Ибраһимге (а.с.) бұйырылған құрбан шалудың Ислам үмметіне де бұйырылуы сияқты⁴⁸.

б.в) Құран немесе хадисте мұсылмандар үшін күші жойылып, жойылмағандығына байланысты ешқандай сөз қозғалмаған үкімдер. Бұған мысал ретінде мына аятты бере аламыз: *“Оларға Тауратта жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс деп қарымта төлеуді (қысас) жаздық. Ал кімде-кім мұны кешірсе, сонда ол оған кәффарат болады. Кімде-кім Аллаһ түсірген заң бойынша билік етпесе міне солар залымдар”*⁴⁹.

Көпшілік фақиһтардың айтуы бойынша осы сияқты аяттар, біздер үшін де жарамды және өз алдына жеке дәлел бола алады. Аят пен хадистерде белгілі бір қауымға немесе кезеңге тиісті болғанына, яки үкімі жойылғандығына байланысты бір дәлел болмаса үкімі тұрақты болып қалады. Мұның дәлелі ретінде әзіреті Мұхаммедтің (с.а.у): *“Кімде-кім бір намаз уақытында ұйықтап қалса немесе ұмытып өткізіп алса, оны есіне*

⁴⁷ «Әнғам» сүресі, 145,146-аяттар

⁴⁸ Ибн Мәжа, Әдәих 3.

⁴⁹ «Мәйда» сүресі, 45-аят

түскенде оқысын”⁵⁰, – дегеннен кейін: “...*Және мені еске алу үшін намаз оқы*”⁵¹ аятын оқығанын көрсетеді. Себебі бұл аят әзіреті Мұсаға (а.с.) айтылған сөз еді. Осының нәтижесі ретінде ханафилер жоғарыдағы қысас аятына сүйеніп, мұсылман емес кісіні өлтірген мұсылманның қысас жолымен өлтірілетіндігін айтқан. Екінші жағынан Аллаһтың елшісі (с.а.у): “Жанға жан қысас бар” деп, қысас үкімінің осы үмбетке де қатысты екендігін білдірген.

5. Сахаба сөзі

Әзіреті Пайғамбар (с.а.у) заманында өмір сүріп, оған иман келтірген және оны көргендерді “сахаби” дейді. Көпше түрі “сахаба” және “асхаб” болады. Фихх усулі ғалымдары әзіреті Пайғамбармен (с.а.у) кездесудің әдетте “жолдас” деп аталатындай мөлшерде көп уақытты қамтуы керек екендігін айтқан. Ислам құқықшыларының көпшілігінің көзқарасы бойынша ижтихадпен шешілмейтін бір мәселеде сахабаның сөзі дәлел бола алады. Өйткені сахаба сөзінің әзіреті Пайғамбардан (с.а.у) естіген, үйренген бір мәліметке сүйену ықтималы қуаттырақ. Ханафилар етеккір мерзімінің ең азы үш күн болуын Ибн Масғудтың (р.а.), ең көп жүктілік мерзімінің екі жыл болғандығы болса, Әзіреті Айша анамыздың (р.а.) айтқан сөздеріне сүйене отырып белгілеуі осыған мысал бола алады. Бұл жайлы нақты хадис болмаса да, олардың бұл үкімді жеке ойынан айтпай, пағамбарымыздан естуі мүмкін деген болжам басымырақ.

⁵⁰ Нәсәи, Мәуәқит 53.

⁵¹ «Таха» сүресі, 14-аят

Әбу Ханифа ижтихад жасағанда ұстанған әдісін былай түсіндіреді: *«Мен Аллаһтың кітабымен үкім шығарамын. Кітаптан таба алмасам, Расулуллаһтың сүннетінен іздеймін. Құран Кәрімнен және Расулуллаһтың сүннетінен де таба алмасам, сахабалардың сөздеріне сүйенемін. Бірақ сахабалардан қалағанадамдардың сөздеріналып, қаламағандарымның сөздерін алмаймын. Бірақ сахабалардың сөздерінен сыртқа да шықпаймын. Алайда бұл іс Ибраһим Нахаи, Шағби, Ибни Сурин, Ата және Сиад бин әл-Мусаябтың (яғни табиғиндердің) сөздеріне қатысты болса, олар да ижтихад жасаған, мен де ижтихад жасаймын»*

6. Истисхаб

Сөздікте «сұхбат жасау немесе сұхбатты жалғастыру» деген мағынаны білдіреді. Фикһ усулі термині ретінде истисхаб: өткен шақта орын алған бір жағдайдың өзгергеніне байланысты дәлелі болмаса, қазірде де дәл солай екендігіне үкім беру мағынасына келеді. Бір мәселеде кітап, сүннет, ижма немесе қияс дәлелдерінде арнайы бір үкім болмаған кезде мүжтахид “истисхаб” жолымен шешім шығара алады.

Мысалы бір адамның үйленгені белгілі болса, ажырасқандығына байланысты дәлел болмайынша, әйелімен араларында неке байланысының жалғасқандығына үкім беріледі. Бір адам дәрет алғаннан кейін дәретті бұзатын жағдайлардан біреуі көрінбейінше оның дәретті болғандығы қабыл етіледі. Жоғалып тірі ме, өлі ме екені белгісіз адамның жағдайы истисхаб ережесі бойынша шешіледі. Жоғалған адамға (өлгендігіне байланысты дәлел болмайынша) тірілерге жасалған үкім жүреді. Мал-мүлкі мирасшыларына

бөлініп берілмейді, әйелі басқамен үйлене алмайды. Өйткені жоғалған кезде оның тірі екендігі нақты белгілі еді. Өлгендігіне байланысты дәлел табылғанға дейін тірі адам сияқты қабыл етіледі. Бірақ бұл жайында жұбайының кездесетін қиыншылықтарын жеңілдету үшін жоғалған кісі жайында сот арқылы некені бұзатын үкім шығарылады. Ханафилердің көзқарасы бойынша мұндай үкім берілуі үшін жоғалған адамның құрдастарының дүниеден өтуі немесе тоқсан жасына жетуі керек. Маликилердің көзқарасы бойынша төрт жыл өтуі керек. Соғыс кезінде жоғалғандарға тән мерзімге келсек, онда әскерлер мен тұтқындардың оралуынан бастап бір жыл.

БАСТЫ ФИҚҲ МӘЗҒАБТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРУШЫЛАРЫ

«Менен адамдардың бірі: «Пайғамбарымызға ересің бе, әлде Әбу Ханифаға ересің бе?» – деп сұраған кезде, оның сұрағына еріксіз күліп былай деуші едім:

«Пайғамбарымыздың сөзіне Әбу Ханифаның түсіндіргені бойынша еремін. Әбу Ханифаның қадірлі болуы өзінің жеке басынан туындаған нәрсе емес. Тек оның айналысқан діни ғылымына және пайғамбар қалдырған жолмен жүруіне ғана байланысты. Бүгінге дейінгі барлық мұстаһид имамдар да дәл осылай».

(Мұхаммад Ғазали)

А) Ханафи мәзһабы

Имам Ағзам Әбу Ханифаның ғылым жолы

Бұл мәзһабтың құрушысы имам Әбу Ханифа. Әбу Ханифаның шын есімі Нұғман бин Сәбит. Ұлты – парсы. Ханафи мәзһабының алғашқы үлкен өкілі болғандықтан мәзһаб соның атымен аталған. Имам хижри 80-жылы Ирактың Куфа қаласында дүниеге келіп, хижри 150-жылы Бағдатта қайтыс болды. Заманының таңдаулы ғалымдарының көбінен фиқһ және хадис ілімін үйренді. Ұстазы Хаммад бин Сүлейменнен (ө.120/738) он сегіз жыл дәріс алып, фиқһ ілімінде айтарлықтай дәрежеге жетті. Оның ілімі ұстазы Хаммад арқылы Ибраһим ән-Нахаи (ө. 95/714), Алқамә (ө. 32/652), әзіреті Али (ө.

40/660), Абдуллаһ ибн Масғуд және әзіреті Омар (ө. 23/643) сияқты мүжтахид сахабаларға тіреледі.

Әбу Ханифа Куфада жанұясының күнкөрісі болып табылатын сауда-саттықпен айналысып, киім-кешек сатты, әрі іліммен айналысуды жалғастырады.

Оның дұрыс та, тура тұжырым жасауында – қоғам құрылымын жақсы тануының, әрі теориялық біліміне қоса бұларды күнделікті өмірде жүзеге асырып жүрген саудагерлер арасында жүруінің үлкен әсері болды. Туралықты ұстанып өтірік пен бақталастықтан ұзақ тұруымен және кішіпейілділікпен аты шыққан. Аз сөйлейтін, фикітан сұрағанда сел сияқты тасқындайтын⁵².

Әбу Мұхаммед әл-Хариси Имам Ағзам Әбу Ханифаның ауызынан естіген мына оқиғаны баяндайды:

«Бір күні Шағбиге отырған жерінен жолықтым. Ол мені қасына шақырып былай деді:

– Кімді зиярат етуге барасың?

Саудадағы серіктерімнің біріне баратынымды айттым. Ол:

– Базар жақты айтпаймын қай ғұламаға баратыныңды сұрадым, – деді.

– Мен ғұламаларға сирек барушы едім, – дедім. Шағби:

– Олай істеме, саған ғылымға бет бұру керек. Ғалымдардың мәжілісінен айырылмау қажет. Мен сенің бойыңда зеректік пен алғырлық көріп тұрмын, – деді. Имам Ағзам осы сөзден алған әсері мен пайдасын былай жеткізеді:

⁵² Ғауижы У.С., «Әбу Ханифа ән-Нуғман» 69б.

«Сөзі жүрегіме қонды. Базармен айналысуды қойдым, ғылымға кірістім. Аллаһ Тағала оның сөзімен мені пайдаландырды».

Ғылымға құштар болғаны соншалықты жас кезінде ой-пікір жүргізіп, пікірталас өткізуді ұнататын. Осы бағытта ол кәләм ғылымына ден қойды. Басраға отыз шақты рет барғандығы айтылады. Ол жерде мәселелер талқылайтын, айтысатын, шарифатқа жабылған күмәндарға жауап беретін. Осындай пікірталастардың бірінде Жәһм ибн Сафуанмен айтысып мойындатады. Аллаһты мойындамайтындармен пікірталастырып соңында дінді қабылдатады. Мұғтазила мен харижиттерге тиісті дәлелін ұсынып, шиғаның шектен шыққан топтарын сабасына түсіреді. Әбу Ханифа кәләм мен сенім негіздері ғылымында жоғары мәртебеге ие еді. Теріс пікірдегілер мен бұрмалаушыларға тойтарыс беруде үлкен рөл атқарды. Жиырма жасына жеткен шағында саусақпен нұсқап көрсетерлік атақтылардан болды. Куфа мешітінде өзінің жеке ғылым алқасын құрылып, аталмыш саладағы ғылым талапкерлері айналасына жиылды⁵³.

Фикһ ғылымына бастауы

Әбу Ханифа фикһ ғылымына бет бұра бастаған кезде кәләм ғылымын жақсы меңгеріп, ақайд (сенім) мәселелерін түсіндіруде мантиқ-қисын дәлелдерін еркін қолдана алатын болған. Ол кітап пен сүннеттен үкім шығарып, мәселелерді шешкен уақытта осыларды негізге алып, сахабалар мен табиғиндардың жолынан ауытқымады. Олардың бір ауыздан құптаған

⁵³ Уаһби Сулайман Ғауижи, «Әбу Ханифа ән-Нуғман» 446.

мәселелері мен араларында келісе алмаған мәселелерін жақсы меңгерді.

Негізінде Имам Ағзамның фикһ ғылымына ауысуына Зуфар (р.а.) әңгімелеген мына оқиға түрткі болса керек. Ол Әбу Ханифаның былай дегенін естідім дейді:

«Кәләм ғылымында айтарлықтай дәрежеге жеткен болатынмын. Бірде Хаммад ибн Әбу Сулайманның ғылым алқасына жақын отырдым. Кенет бір әйел талақ мәселесінде сұрақ сұрап келді. Оны Хаммадқа жібердім де, Хаммадтың айтқан жауабын маған білдір деп тапсырдым. Әйел жауабын алып келгенде, менің сөзімді қажет қылмағанын байқадым. Яғни мәселеге өте білімділікпен жауап берілген екен. Сосын мен аяқкиімімді шешіп Хаммадтың жанына барып отырдым. Оның талқылаған мәселелерін тыңдадым, әрі сөздерін жаттап алдым. Ертеңіне сабақта қайталау жасағанда, мен ғана жатқа айтып бердім. Ал қасындағы шәкірттері мүдіріп, айта алмай қалды. Сонда Хаммад: «Мәжіліс төрінде менімен қатар Әбу Ханифадан басқа ешкім отырмасын», – деді.

Бұдан кейін Әбу Ханифа бұрынғы пікірталас пен айтысқа негізделіп құрылған кәләм саласынан алыстап, фикһ саласына бет бұрады. Муаффақ әл-Мәккидің Яхия ибн Шайбаннан жеткізген хабарында Әбу Ханифа фикһшылардың артықшылығын айта келе былай қорытындылайды: «Олардың осы сипаттарын білгеннен кейін талас-тартыс пен айтысты тәрк еттік. Тек білумен ғана шектелдік. Бізден алдыңғы буынның жолын ұстандық. Сол жолды білетіндермен мәжіліс құрдық...»

Әбу Ханифа ғылым мен білім ордасы болған Куфа қаласында өсті. Бұл қала фикһ үйрету жағынан Мәдина

қаласымен қалыспайтын. Хадис ғылымынан Мәдинаға жете алмаса да мәселелерді Құран мен сүннет бойынша шешіп, ол жайында ешқандай аят, хадис болмаған мәселелерді дәлелі бар басқа мәселелермен қияс жасап шешуде едәуір ілгері еді.

Хадис ғылымында

Имам Ағзамның хадис ғылымында да ерекше орны бар. Әйгілі хадис риуаят етушілерден көптеген хадистер жинақтады. Оның ішінен төрт мың хадисті өзгелерге риуаят етті. Хадистерді жаттап, өзгелерге жеткізуден басқа, хадистерді талдау, түсіну, мәтіндер арасын біріктіріп, мәселелерді шешу және одан шығатын үкімдерді бір араға жинау сияқты істермен айналысты. Содан болар тек қана хадис риуаятымен айналысқандардың арасында әйгілі болған жоқ. Имам Ағзамның хадис ғылымындағы терең түсінігі мен жан-жақты талдау жасағандығына мысалдар өте көп.

Имам Кәусари айтады:

«Кімде-кім Әбу Ханифа хадистерді аз білді немесе әлсіз хадистерді көп алды десе, оның өзінің хадис ғылымынан хабарсыз екендігін білдіреді. Сонымен қатар, ұлық имамдардың жанында хадистерді қабыл ету шарттары мен арнайы нормаларының болатындығын білмейтіндігін көрсетеді. Имам Ағзамның хадистен үкім шығару үшін бекіткен керемет қағидаларының жанында білместікпен айтқан әлгілердің сөзі түкке жарамай қалады».

Фиқһ пен хадисті үйлестіруі

Хазіреті Әли (р.ғ.) Әбу Ханифаның аталарына жасаған дұғасының шарапаты және Шағбидің нұсқауы бойынша Әбу Ханифа фиқһ ғылымында ерекше орын

иеленді. Ал, фикһ – Құран мен сүннеттің қаймағы іспеттес. Фикһта Құранның үкім аяттары және оның мағыналары мен мақсат еткен нәрселері баяндалады. Фикһта сүннеттің (хадистің) жан-жақты түсіндірмесі бар. Себебі фикһ дегеніміз – дінді түсіну деген сөз. Мұғауия (р.ғ.) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһ тағала кімге жақсылық қаласа, оған дінде терең түсінік береді»⁵⁴, – деген. Кейде Құран аяттары мен хадис мәтіндері жаттаушының жадында бола береді. Бірақ фикһшы аяттың тәпсірін, хадистің түсіндірмесін жасап бергенге дейін оның мағынасы мен мұратын толық түсіне алмауы мүмкін.

Бірде Әбу Ханифа хадистегі ұстазы Ағмашқа сәлем бере барған еді. Сол уақытта бір адам Ағмашқа ғылыми мәселе сұрай келеді. Ағмаш Имам Ағзамға: «Сен жауап бер», – дейді. Имам Ағзам жауап береді. Ағмаш оның жауабына риза болып:

– Мұны қайдан үйрендің, – деді.

– Сен үйреткен хадистен. Ол былай, былай еді, – деп айта бастады. Сонда Ағмаш:

– Жеткілікті! Менің саған бір жыл айтқанымды сен бір сағатта айтып бердің. Сендер дәрігерсіңдер, ал біз дәріханашы секілдіміз, – деді.

Ағмаш бұл жерде хадис жеткізушілерді – қолында көп пайдалы дәрі-дәрмегі бар, бірақ қашан, кімге қолданатынын білмейтін дәріханашыға, фикһшыны – науқастың ауруын анықтап, емін айтатын дәрігерге ұқсатуда. Яғни, фикһтан хабары болмай тек хадистер жинаушылар дәрілерге ие болғанымен пайдаларын білмейтін жан секілді.

⁵⁴ Бухари

Ұстаздары

Әбу Ханифа фикһ үйреніп жүріп әртүрлі мәһабтардың ұстаздарымен байланыс құрды. Ол кейбір табиғиндерден де білім алды және Абдуллаһ бин Аббастың шәкірттерінен Құран Кәрім ғылымын үйренді. Өйткені Абдуллаһ бин Аббас өз заманындағы Құран Кәрімді ең жақсы білетіндерден еді.

Ол сол дәуірдің фикһтағы ең озат ғалымы Хаммад бин Сулайманның жанынан еш ажырамаған. Хаммад болса Ибраһим Нахаи мен Шағбиден фикһ үйренген. Әбу Ханифа он сегіз жылдай Хаммадтың шәкірті болған. Хижреттің 120 жылы ұстазы қайтыс болған соң Куфада оның орнына дәріс бере бастады⁵⁵.

Имам Ағзам аз алғаны бар, көп алғаны бар, бір ғана хадис немесе мәселе үйренгені бар, барлығы төрт мыңға жуық ұстаздан дәріс алды. Бұл сан сол кездегі жағдайда соншалықты таңқаларлық болып саналмайды. Себебі жетпіс жылдық өмірінде 55 рет қажылық жасады. Қажылық маусымында Ислам әлемінің ғұламалары Мекке мен Мәдинада жиналушы еді. Оны Куфа қазылығына мәжбүрлеген кезде ол Меккеде өмір сүріп жатқан болатын. Ал оның өз отаны Куфаға келсек, ол жер атақты ғұламалар шоғырланған хадис пен ғылым орталығы болып саналатын. Шәйх Мухаммад әс-Сумбухули былай дейді: «Әбу Ханифаның ұстаздарының басым көпшілігі Сахих Бухари мен Сахих Муслимде хадис риуаят еткен кісілерден. Мысалы: Мансур бин Муғтамар, Мужахид ибн Жабр, Хаким бин Утайба, Нафиғ және тағы басқалар сияқты.

⁵⁵ Әбу Зәхра Мухаммед. Исламда сияси ве Итикади ве Фыххи Мезхеплер Тарихи. 213-б.

Шәкірттері

Әбу Ханифа көптеген шәкірттер тәрбиелеген. Иштерінде ижтихад жасайтын дәрежеге жеткендері бар. Төртеуі әйгілі: Әбу Юсуф Яқұб бин Ибраһим әл-Куфи (ө. 182/798), Харун Рашид дәуірінде бас қазы болған. Ханафи мәһабы негіздерінің жинақталуында, қоғам өміріне енгізілуінде және әлемге жайылуында оның үлесі көп. Қаржы және салық тәртібіне байланысты “Китәбул хараж” атты еңбек жазған.

Имам Мұхаммед бин Хасан әш-Шайбани (ө. 189/805) алғашқы ілімін Әбу Ханифадан алды. Ол қайтыс болғаннан соң Әбу Юсуфтың жанында дәріс алды. Ханафилардың ең негізгі, алғашқы жазылған шығармалары “Захирур риуая” кітаптарын қағазға түсірді.

Имам Зуфар бин Әл-Хузай бин Қайс (ө. 158/775) Исфаханда дүниеге келіп, Басрада қайтыс болды. Ол фикһпен қатар хадис ғалымы еді. Содан кейін зерттеуге сүйенетін ижтихадта өзгелерден озық болды. Қиясты сәттілікпен жүзеге асыратын.

Мутлақ мүжтахид Хасан бин Зияд әл-Лулуи (ө. 184/800) алдымен Әбу Ханифаның кейіннен Әбу Юсуф және имам Мұхаммедтің шәкірті болды. Хадис ілімі және Әбу Ханифаның пікірлерін риуаят етумен танылды. Бірақ имам Зуфар мен имам Хасан бин Зиядтың пікірлері алғашқы «Захирур риуая» кітабына кірмеген.

Оның шәкірттерінің арасында әртүрлі ғылым саласын терең меңгергендер көп болғанын, солардың көмегінің негізінде Әбу Ханифаның фикһтағы орыны қуаттала түскенін Хатиб әл-Бағдадидің тарих кітабындағы Әбу Кәраманның мына сөздерінен

байқаймыз: «Уақиғ бин Жаррахтың (имам Шафиғидың ұстазы) жанында отырғанымызда бір кісі:

– Әбу Ханифа қателесті, – деп қалды. Сонда Уақиғ:

– Әбу Ханифаның қателесуге қалай ғана бара алады?! Қияс пен ижтихадта Әбу Юсуф, Мухаммад бин Хасан және Зуфар сияқтылар; хадис ғылымында Яхия бин Закария ибн Әбу Зәйд, Хафс ибн Ғияс және Әлидің екі ұлы Хаббан мен Қандил сияқтылар; тіл саласында Қасым ибн Мағин, ибн Абдурахман ибн Абдуллаһ ибн Масғуд сияқтылар; тақуалықта Дауд әт-Тайи мен Ияд ибн Фудайл; тәпсір, хадис және тарихтағы терең білімімен Абдуллаһ ибн Мубарак сияқтылар онымен бірге болса! Кімде-кімнің жолдастары мен мәжілістестері осы аталғандар болса, олардың арасында қалай қателікке түседі. Барлығы ол жайлы жақсы сөз айтады. Себебі, ол қателесе қалса, жанындағылар оны түзетіп отыратын...»

Ал Муаффық әл-Мәкки оның шәкірттерін былай тізімдейді:

«Әбу Ханифаның көп шәкірті болды. Олардың кейбірі белгілі бір уақытқа келіп дәріс тыңдайтын. Фикһ негіздері мен әдістемелерін үйренген соң елдеріне қайтатын. Одан еш айрылмай дәріс алғандар отыз алты кісі еді. Олардың жиырма сегізі қазылық, алтауы пәтуа шығару дәрежесіне жетті. Екеуі (Әбу Юсуф пен Зуфар) мүфтилер мен қазыларды тәрбиелеп шығару деңгейіне жетті.

Имам Ағзам Әбу Ханифаның фикһы

Әбу Ханифа ұстаздарының әсіресе, Куфадағы фикһ ғалымдарының дәнекерлігі арқылы хазіреті Омар, Али, Абдуллаһ ибн Масғуд және Абдуллаһ ибн

Аббастардың ілімдеріне мұрагер болды. Он сегіз жыл қасында болған ұстазы Хаммад сахабалар мен оның арасындағы ең сенімді байланысшы еді. Имам Ағзам ең алғашқы фикһ мәселелерін реттеп, жинақ түрінде қағазға түсіруші. Оның дәрістерін жазып, тіркеу жұмыстарын көбінесе Әбу Юсуф, кейде басқалары да атқарушы еді. Содан барып, басқа жерлерде басқа ғалымдардың арасында осы жаңа тәсіл жайыла бастады. Ғұламалар Имам Ағзамды фикһ саласында ең алғаш еңбек жазушы, жүйеге келтіріп, мәселелердің ара-жігін ажыратып, дәлелдерді пайдаланудың қағидаларын қалыптастырушы деп санады. Сондықтан «Фикһ саласында одан кейін келгендер Имам Ағзамға борышты» деген сөз қалды. Өзге ғұлама ғалымдар ол жайында өз бағаларын беріп кетті.

Имам Шафиғи:

«Фикһты Әбу Ханифадан жақсырақ білетін адам шықпады».

Ибраһим ибн Тахман:

«Әбу Ханифа барлық пәтуа шығарушылардың басшысы».

Ибн Мубарак:

«Артынан еруге Әбу Ханифадан лайығырақ ешкім жоқ. Адал, тақуа, ғалым, фикһшы имам еді. Ол арқылы одан басқа ешкім аша алмаған ғылымның сырлары ашылды».

Имам Малик Имам Ағзам Әбу Ханифамен әртүрлі ілімі мәселелерге байланысты пікірталаста болып, кейін: «Ол шынымен фикһ ғұламасы», – деген.

Имам Әбу Ханифа шындығында ұлы ғұлама, фақиһ, заманын фикһпен толықтырған ұлы тұлға. Ол фикһи түсінікке жаңа әдіс ендірген еді. Әбу Ханифаның

ұстанған әдісін ешкім қолданбаған. Ол дара ойлы, нақты тұжырым иесі болатын. Адамдар ағымдағылардан оған қарсы шыққандар да болды. Өйткені ол ислам фикһында үкім шығару үшін мықты дәлелдерді пайдаланып, бұлардың шекараларын белгілеген болатын.

Ижтихад жолы

Имам Ағзам ижтихад саласындағы мәселелерді шешуде өзгелерге үлгі болып танылды. Ол ғалым шәкірттеріне ғылым алқасында мәселені ұсынатын. Олардың әрбірі өз дәлелдері мен пікірлерін алға тартатын. Соңында Имам Ағзам қателерін түзетіп, дұрыстарын қостап өзіндегі дәлелдермен қуаттайтын. Кейде бір мәселені шешу үшін бірнеше күндер өтетін. Оның ұстанған бұл тәсілі өте пайдалы еді. Себебі, өзгелердің көзқарасын құрметтеу, мәжілістегілерді пікір алмасуға тарту және ұстаздың артықшылығы мен білімін айқындау сияқты ерекшеліктерді қамтиды. Муаффақ әл-Мәкки Имам Ағзам мәзһабының құрылымы жайында былай дейді:

«Әбу Ханифа мәзһабы көпшілік кеңесіне негізделіп құрылған. Аллаһ пен оның Пайғамбарына деген аса шынайылығы және діндегі терең түсінігіне байланысты, өзгелердің пікірінсіз өз бетінше үкім шығармады. Ол мәселелерді бір-бірлеп ортаға тастайтын, талқылайтын, олардың ойын тыңдап және өз ойын айтатын. Бір мәселе турасында бір пікірге тоқтағанға дейін кейде айлар өтетін. Кейін қазы Әбу Юсуф бұдан шыққан нәтижені фикһ қағида негіздеріне енгізетін. Тіпті осылайша бүкіл қағидаттарды қалыптастырып шықты. Егер бір мәселеде қиындық туа қалса, имам Әбу Ханифа жанындағыларға: «Бұл қиындық менің жасаған күнәмнің кесірінен болып жатыр» деп, Аллаһқа

истиғфар айтып кешірім сұрайтын. Кейде тұрып намаз оқитын. Мәселенің шешімі анықталса «Тәубем қабыл етілген болар» дейтін. Бұл оқиға Ияд бин Фудайлдың құлағына жеткенде қатты жылап алып: «Бұл оның күнәсінің аздығы ғой. Әйтпесе, одан басқалар мұның парқына бармайды да» – деген екен.

Имам Ағзам Әбу Ханифа үкім шығару үшін егжей-тегжейлі зерттеу әдісін қолданған. Оның бұл әдісі ижтихадты жан-жақты қамтиды. Ол өзі былай дейтін еді: «Мен Аллаһтың кітабымен үкім шығарамын. Кітаптан таба алмасам Расулуллаһтың сүннетінен іздеймін, Құран Кәрімнен және Расулуллаһтың сүннетінен де таба алмасам, сахабалардың сөздеріне сүйенемін. Бірақ сахабалардан қалаған адамдардың сөздерін алып, қаламағандарымның сөздерін алмаймын. Бірақ сахабалардың сөздерінен сыртқа да шықпаймын. Алайда бұл іс Ибраһим Нахаи, Шағби, Ибни Сирин, Ата және Сиад бин әл-Мусаябқа қатысты болса, олар да ижтихад жасаған, мен де ижтихад жасаймын». Бұл Әбу Ханифаның алдымен кітап, сүннет және одан кейін сахабалардың сөздеріне қарап пәтуа бергенін, ал табиғиндердің көзқарастарына байланып қалмағанын көрсетеді. Ол үкімі белгісіз мәселелерді қияспен шешетін. Қияспен де шешілмесе, истихсанға жүгінетін. Истихсанмен де шешілмесе мұсылмандардың әдет-ғұрпына қарап пәтуа беретін. Ижмамен қабыл етілген хадистерді басшылыққа алып, осыларға қияс жасайтын. Кейін истихсанға жүгінетін. Бұлардың қайсысы сай келсе сол бойынша үкім беретін.

Осыған қарағанда Әбу Ханифаның әдісі төмендегіше жеті негізге сүйенеді:

1. Кітап (Құран Кәрім): бұл шариғаттың негізгі тірегі және Аллаһ Тағаланың ақыретке дейін баратын нұры. Ол шариғаттың басты негіздерін қамтып, негізгі үкімдер осыдан шығарылады, яғни ол шариғаттың негізгі заңы болып есептеледі.

2. Сүннет: бұл Аллаһтың кітабын тарқата түсіндіруші, кітаптағы ашық емес үкімдерге түсіндірме беруші әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Раббысынан алған елшілік жұмысын білдіруден тұрады.

3. Сахабалардың сөзі: Өйткені сахабалар, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) уағыз-насихатын естіген және уахидің келуін көздерімен көрген. Олар аят және хадис арасындағы сабақтастық пен байланыстарды білетін еді. Пайғамбардың (с.а.у.) ілімін өздерінен кейінгі ұрпақтарға жеткізген адамдар. Табииндердің сөздері мұнымен бір дәрежеде емес. Өйткені сахабалардың сөздерінің Пайғамбардан естігендігіне сенім артылады, әрі тек ижтихадтан ғана тұрмайды. Олар пәтуа бергенде Пайғамбардың (с.а.у.) сөзін риуаят етпесе де, Пайғамбардың (с.а.у.) сөздерімен пәтуа берген. Яғни олар берген пәтуаның мағынасы Пайғамбарымызға (с.а.у.) сүйенеді.

4. Ижма: Бұл да негізгі дәлелдердің бірі. Қандайда бір ғасырдағы мүжтахидтердің бір үкімге байланысты пікір бірлігіне баруы.

5. Қияс: Имам Әбу Ханифа Құран, сүннет және сахабалардың сөздерінен бір дәлел табылмаған кезде қиясқа жүгінетін. Имам Ағзам Әбу Ханифа қияспен үкім шығаруда ерекше орын алып, фикһтағы мәртебесіне осының арқасында жеткен. Имам Әбу Ханифа бір үкімнің себебін іздеп, оны тапқаннан кейін қияс жасау арқылы бірнеше мәселелерді шешетін.

6. Истихсан. (Бұл жоғарыда берілген болатын)

7. Әдет-ғұрып. (Бұл жоғарыда берілген болатын)

Ханафи мәзһабының жүйеленуі

Имам Әбу Ханифа өзі жеке бір кітап жазғандығы жайында әртүрлі көзқарастар бар. Бірнеше кішкене рисалелердің (кітапшалар) оған тән екендігі айтылуда. Бұл рисалелер: «Әль-Фиқһул Әкбар», «әл Алим уәл-Мутааллим». Хижреттің 132 жылы қайтыс болған шәкірті Осман әл-Беттиге жазған кітаптары (рисала) мен Қадария ағымының көзқарастарын сынап жазған рисалесі де осылардың қатарына жатады. Бұл рисалелердің барлығы кәләм іліміне, уағыз-насихатқа арналған. Ал Имам Ағзам фиқһ жайында өз қолымен жазған еңбегі жоқ. Оның фиқһ жайындағы көзқарастарын, пәтуаларын және ижтихадтарын жинақтап бізге жеткізген шәкірттері⁵⁶.

Имам Ағзам Әбу Ханифаның фиқһын ұмытылудан сақтап қалған құрметті шәкірттерінің ішінде екі кісінің орны бөлек. Бұларға Ислам фиқһ тарихында Имам Ағзаммен ұзақ уақыт достық құрып, оның құрған фиқһ мектебін дамытқандары үшін «сахибайн – екі дос» аты берілген. Міне бұлардың біріншісі Якуб бин Ибрахим әл-Әнсари, лақабы Әбу Юсуф. Осы атымен әйгілі. Имам Әбу Юсуф, Имам Әбу Ханифа қайтыс болғаннан кейін 32 жыл өмір сүрген. Әбу Юсуфтың ұстазының да көзқарастарын қамтыған өте маңызды шығармалары мыналар:

1. Кутубу-л Асар. Бұл шығарма Әбу Ханифаның истинбат әдістемесінен тұратын фиқһының жиынтығы

⁵⁶ Караман Х. Ислам Хукук тарихи. 247-б.

десек те болады. Бұл кітапта Әбу Ханифаның, табииндердің пәтуалары жинақталған.

2. Ихтилафу Әбу Ханифа және Ибн Әби Ләйла. Әбу Юсуф бұл шығармада хижри 148 жылы қайтыс болған қазы Ибн Ләйла мен Имам Әбу Ханифа арасындағы пікірталастарды жазған.

3. Әр-Радду алә Сиярил-Әузағи. Бұл шығармада соғыс кезіндегі мұсылмандар мен кәпірлердің арасындағы қатынастар және жиһадқа (Аллаһ жолында соғыс) байланысты тақырыптарда Әузағи мен басқалар арасындағы пікірсайыстар орын алған.

4. Китәбул-хараж. Әбу Юсуф бұл еңбегінде Ислам мемлекетінің қаржы саласы мен қазынасына қатысты тәртіптерді қалыптастырған. Бұл жерде ол ұстазы Әбу Ханифамен бірге өзінің де көзқарастарын ұсынған⁵⁷.

Имам Ағзамның мәзһабы мен көзқарасының жайылуы үшін еңбек сіңірген екінші шәкірті Мұхаммед бин әл-Хасан әш-Шәйбани (нижри 132-189 ж.ж.). Оның шығармалары өте көп. Соның ішінде фикһта маңызды болып саналатын еңбектері алтау:

1. Әль-Асл. (әл-Мабсут)
2. Әз-зиядат.
3. Әл-Жамиус-Сағир.
4. Әл-Жамиуул-Кәбир.
5. Әс-Сиярус-Сағир.
6. Әс-Сиярул-Кәбир.

Ханафи мәзһабының дамуы және жайылуы

Ханафи мәзһабы Аббасит дәулетінің билік құрған барлық өлкелеріне тараған. Аббасит дәулетінің

⁵⁷ Әбу Зәхра М. Исламда сияси ве Итикади ве Фыкхи Мезхеплер Тарихи. 248-250 бб.

кезінде Әбу Юсуфтың қазы болуы бұл мәзһабтың кең тарауына бірден-бір себеп болды. Халық та бұл мәзһабты қоштаған еді. Ирак, Түркия, Мауренахыр, Орта Азия, Хорасан, Кавказ, Балқан, Сирия мемлекеттері Ханафи мәзһабын ұстанған. Қазіргі уақытта да дүниедегі мұсылмандардың көпшілігі Ханафи мәзһабының өкілдері. Мысырда Нуриддин әш-Шәһид (ө. 596) Ханафи мәзһабын халық арасында үйретіп, әрі осы мәзһабты оқитын медреселер ашты. Ханафи мәзһабы Куфада туды, Әбу Ханифаның мыңнан астам шәкірттері арқылы қысқа бір заманда дүниенің түпкіртүпкіріне тарады. Куфадан кейін Бағдат осы мәзһабтың ең маңызды орталығына айналды. Ирак халқынан кейін Сирия, Мысыр, Анадолы, Мауренахыр уақыт өте келе Қытай мен Үндістанға да жеткен болатын.

Негізінен бұл мәзһабтың дамып жайылуына мына басты үш нәрсе себеп болған:

1. Әбу Ханифаның шәкірттері өте көп еді. Олар оның фикһының сүйенген негіздерін түсіндіру, көзқарастарын жаю жолында өте көп еңбек етті.

2. Имам Әбу Ханифаның шәкірттерінен кейін келген және бұл мәзһабқа тәуелді болған ғұлама фикһшылар үкімдерінің себептерін (иллеттерін) түсіндіріп және бұларды келешек ғасырларда туындайтын мәселелерде қолдануға қатты мән берген.

3. Аббасит мемлекетінің ресми мәзһабы Ханафи болғандықтан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері әртүрлі болған көптеген елдерге жайылған. Бұл өлкелерде әртүрлі оқиғалар туындап үкім беру қажет болған кезде осы мәзһаб бойынша шешуге тура келді. Осылайша Ханафи мәзһабы Аббасидтер кезеңінде бес жүз жылдан

астам уақыт Ислам дүниесінде ресми мәзһаб ретінде қолданылды⁵⁸.

Бүгінгі таңда Орта Азия, Үндістан, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Пәкістан, Түркия, Кафказ, Қытай, Балкан өлкелерінде Ханафи мәзһабы кең тараған.

Ә) Малики мәзһабы

Сенімді деректерге қарағанда Имам Малик хижри 93 жылы Мәдина қаласында Иемен тайпасына жататын араб текті жанұяда дүниеге келді. Әкесі Анас бин Малик Әбу Әмір Әл-Асбааһи Иемендегі Зу-Асбаһ тайпасынан болатын. Малики мәзһабы оның атымен аталады. Мәдинадан шыққаны үшін оны “Хижрат елінің имамы” деген. Малики мәзһабы алдымен Хижаз халқы арасында қолдау тапты және кейіннен қажылар арқылы солтүстік Африка мен Испанияға жайылды.

Имам Малик әзіреті Пайғамбарға (с.а.у.) деген құрметінен оның денесі жерленген Мәдина қаласында атқа мінбей өтті. “Ақыретте Пайғамбар нәсілінен келген бір адаммен дауласқым келмейді” – деп, өзіне әділетсіздік жасаған Мәдина әкімі Жағфар бин Сүлейменді Пайғамбар әулетінен болғаны үшін кешірген еді.

Имам Маликтің жанұясына тиісті адамдардың көпшілігі ілім, хадис, сахабалардың хабарын және пәтуаларын үйреткен кісілер болды. Сондай ортада туып өскендіктен білімге деген қайраты мен талабы орасан зор еді. Имам Маликтің Надир есімді бауыры хадис ілімін білетін әйгілі мұхаддистердің бірі болған. Ол өмір сүрген жер ілім мен шарифаттың орталығы

⁵⁸ Әбу Зәхра М. Исламда сияси ве Итикади ве Фыхки Мезхеплер Тарихи. 253-б.

болатын. Имам Малик бірінші Құранды жаттағаннан кейін өзге бауырлары сияқты ілім мәжілістеріне қатыса бастады. Ол Мәдина ғалымдарынан ілім алды. Олардың ішінде Абдуррахман бин Хурмуздың дәрістеріне көп қатысты. Имам Малик Ибни Хурмузды өзінің ұстазы ретінде қабыл етіп, оны қатты сыйлайтын еді. Ал оның фикһтағы ұстазы Рабия бин Абдуррахман еді. Имам Малик ілім үйрену жолында әртүрлі қиыншылықтарды бастан кешірді. Заманындағы барлық ғалымдардан сабақ алып, білім жолында еш нәрсесін аямай, тіпті үйін де сатқан болатын.

Хадис пен фикһты бірдей меңгерген еді. Әл-Муатта атты шығармасы әрі хадис, әрі фикһ кітабы. Ижтихад әдісінде сүннетті, Мәдиналықтардың іс-әрекеттерін, истихсанды, масалихи мүрсәләні, сәнәді (шынжыры) берік болса сахабаға тиісті сөздерді дәлел ретінде қолдануы ең назар аударарлық ерекшелігі.

Имам Малик алдымен хадистерді, сосын сахабалардың пәтуаларын үйренді. Мұнымен қатар Исламға қатысты бүкіл ғылымға ден қойды. Сол уақытта Муғтазила, Харижилер сияқты көптеген мәзһабтар етек алған еді. Имам осылардың көзқарастарын, қателескен жерлерін ұстазы Ибн Хурмуздан үйренді. Ол үйренгендерін шәкірттеріне жеткізді.

Имам Малик білімді екіге бөліп қарайды:

1) Бұқара халыққа айтуға болатын мәселелер. Бұл мағлұматтар ешкімге зиян тигізбейтін, кез келген адамның қиындықсыз түсіне алатын білімі. Бұлар Пайғамбардың (с.а.у.) хадистері, сахабалардың пәтуалары.

2) Барлық адамға түсіндірілмейтін, тек арнайы кісілерге тиісті білімдер. Мұндай білім кейбір кісілер-

ге зарар беруі мүмкін. Бұлар: әр түрлі мәзһабтардың көзқарастары және осы көзқарастардың арасындағы қабыл етілмейтіндері. Жай адамдар бұл біліммен айналысамын деп адасып кетуі мүмкін.

Имам Малик хижри 179 жылы Мәдина қаласында 85 жасында Раббысына қауышты. Ол Мәдинадағы Бақи мазаратына жерленді. Жаназа намазын қала әкімі Абдуллаһ бин Зейнеп оқыған.

Ұстаздары

Имам Малик Умеялықтар дәуірінің соңғы кезеңінде өмір сүргендігі мәлім. Ол кезде Мәдинада ғалымдардың саны өте көп болатын. Ол ілім жолында едәуір ілгерлегеннен кейін ілім мен хадис үйренетін ұстаздарды таңдауға көшті. Имам Маликтің жиені Мутарриф оның былай дегенін айтады: *«Бұл ғылым – дін ғылымы. Дініңізді кімнен үйреніп жүргеніңізге жақсылап қарап, сақ болыңыз. Мен Расулуллаһтан естідім деген 70-ке жуық адамды көрдім. Бірақ оның барлығынан хадис ала бермедім. Олардың барлығы аманатқа өте берік адамдар болатын. Алайда олар бұл ғылымның маманы еместін. Зұһри мұнда келісімен оның жанына шоғырландық».*

Ол жүзге тарта таңдаулы ғалымнан дәріс алған деген риуаяттар бар. Соның ішінде әзіреті Пайғамбардың (с. а. у.) хадисіне ерекше құрметпен қарап, дәретсіз хадис риуаят етпейтін Жағфар Садықты өзіне ұстаз тұтқан.

Сахабалар мен табиғиндардың ілімін алды. Сахабалардың ішінде әзіреті Омардың пәтуаларына баса назар аударатын. Сонымен қатар Зәйд бин Сәбит, Абдуллаһ ибни Омар. Зәйд бин Сәбиттен 21 ғалым ілім алған екен. Олардың ілімі үш кісіге өтті: Ибн Шихәб

Зүһри, Бүкәйір бин Абдуллаһ және Әбу Зинад. Сосын олардың бар ілімі Малик ибни Әнәсқа өтті».

Имам Малик негізінен бес ғалымның жанында көп дәріс алды. Олар: Абдуррахман Ибни Хүрмүз, Әбу Зинад Абдуллаһ Ибни Зәкуан, Яхия бин Сайд Әнсари, Рабия бин Әбу Абдуррахман Фарух және Мұхаммед Ибни Шихәб Зүһри. Бұлардан басқа алтыншы ұстазы ретінде Абдуллаһ бин Омардың азат еткен құлы Нафиды айтуға болады. Нафидан фикһ ғылымын үйренді. Нафи хижраның 117 немесе 120 жылдары өмірден озған.

Әбу Зинад Абдуллаһ Ибни Зәкуаннан хадис, сахабалар мен табиғиндардан қалған фикһ еңбектерін үйренді. Ол 66 жасында 130 жылы Рамазан айында дүниеден өтті.

Мұхаммед Ибни Шихәб Зүһри әйгілі хадис ғалымдарының қатарында болатын. Имам Малик одан хадис ғылымын үйренді. Сондай-ақ Имам Малик оның Омар бин Абдулазиздың әмірімен әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) хадистерін алғаш рет жинақтағандығын айтады. Ол хижраның 125 жылы дүниеден өтті.

Яхия бин Сайд Әнсари Имам Маликтің атақты рей⁵⁹ ұстаздарының бірі. Ол халыққа рей фикһын үйретумен танымал болған. Хижраның 132 жылдары өмірден озды.

Имам Маликтің ғылым саласында көзге көрініп, ілімінің дамуына үлес қосқан ғалымдардың бірі Рабия. Толық аты-жөні Рабия бин Әбу Абдуррахман Фарух. Ол тарих пен риуаят фикһын терең меңгерген еді. Хадис шәрифті негізгі бұлағынан үйренген. Сахабалар мен табиғиндардың пәтуаларын өз атындай білетін.

⁵⁹ рей: аятпен хадис табылмаған мәселелерде жалпы аят-хадистердің басшылығымен үкім шығару үшін ізденіс жасау

Сондықтан Рабия Имам Маликтің ғылым саласында дәрежесінің көтерілуіне үлкен септігі тигізгендігін айта аламыз. Ол хижраның 136 жылы дүние салды.

Шәкірттері

Имам Маликтің шәкірттерінің саны өте көп болды. Олар әртүрлі аймақтардан келді. Хорасан, Ирак, Сирия әсіресе, басым көпшілігі Мәдина, Мысыр, Солтүстік Африка елдерінен келіп дәріс алды. Оның Мәдина қаласында тұрғандығы шәкірттерінің арта түсуіне себеп болды. Имам Маликтің шәкірттерінің көптігі соншалықты, ешқандай ғалымның шәкірттері Маликтің шәкірттерінің санына жетпейді деген риуаяттар бар.

Әйгілі шәкірттері мыналар: Абдуррахман бин Қасым (ө. 132/749) Маликтен 20 жыл бойы фикһ дәрісін оқыды. Сонымен қатар Ләйс бин Садтан да (ө. 175/791) дәріс алған. Малики мәзһабының әйгілі әл-Мүдәууәна атты шығармасын жазды. Бұл шығарманы одан Сахнун (ө. 240) алып, фикһ тәртібімен реттеді. Яхя бин Яхя (ө. 234/849), Малики мәзһабын Андалусияда (Испанияда) жайған фикһшы. Әшхаб бин Абдулазиз (ө. 204-/819), Малик және Ләйстің қасында фикһ ілімін тереңдетті.

Меккеге қажылыққа барғандар әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) қаласы Мәдинаны міндетті түрде зиярат ететін. Осы кезде дүниенің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар Имам Маликпен кездесуге асығатын.

Имам Маликтің еңбектері

Имам Маликтің ең атақты кітаптарының бірі – «Муатта». Оның бұдан басқа да кітаптары бар. Суюти «Тәзини Мәмалик» атты кітабында былай дейді: *«Кейбір мәліметтерге қарағанда, Имам Малик Муаттадан басқа көптеген еңбектер жазған. Мен оның*

тамаша жазылған тәпсір кітабын көрдім». Оның Муаттадан басқа кітаптары кеңінен танылмаған.

Муатта кітабы Ислам әлеміне мәлім кітап. Хижаздықтардың хадистерін, сахабалар мен табиғиндардың пәтуаларын ең алғаш жинақтаған Имам Малик болып табылады. Муатта кітабы хадис, сүннет және фикһқа негізделген. Муаттада жазған хадистердің рауилері мен мәтіндерін мұқият тексеруден өткізіп хадистердің сахихтерін алуға тырысқан. Кейбір риуаяттарға қарағанда Муаттада 10 мыңға жуық хадис бар делінген. Тіпті хадис риуаят етуші рауилердің санына дейін жазған. Сахабалардан 185 ер, 23 әйел болса, табиғиндардан 48 ер болған. Олардың көпшілігі мәдиналық. Жетеуі өзге аймақтардан.

Муатта кітабы 11 жылдың көлемінде жазылып, нижраның 159 жылы халыққа ұсынылды.

Имам Маликтің фикһы және хадисі

Барлық Ислам ғұламалары Имам Маликтің үлкен бір фақиһ екендігін қабылдайды. Имам Маликтің фикһ саласында өзіне тән бір әдісі бар болатын. Бірақ риуаят тақырыбындағы кейбір әдістерін жазып, кейбіреулерін жазбаған. Кейіннен Малики мәзһабының ғұламалары бұл іспен айналысып, Имам Маликтің фикһын құрайтын әдістері мен принциптерін жеке кітап қылып жинақтаған.

Хижрет елінің имамы Малик алдымен Аллаһтың кітабына жүгінетін. Кітаптан бір дәлел таба алмаса сүннетке бас ұратын. Оның ойынша Пайғамбардың хадистері, сахабалардың пәтуалары мен берген үкімдері және Мәдиналықтардың іс-әрекеттері сүннетке жатады. Сүннеттен кейін қиясқа жүгінеді. Қиястан соң маслахат, садду зараи, әдет-ғұрыптар келеді.

Имам Малик Құранды барлық дәлелдерден жоғары қойған. Имам Малик Құранның жорамалды қажет етпейтін ашық аяттарына сүйенетін.

Сүннет Құраннан кейінгі екінші дәрежедегі орынды алады. Имам Малик мутауатыр пен мәшһур хадистерді дәлел ретінде қабылдайды. Әдетте ең көп кездесетін ахад хабарларды да шарттарына сай болса, дәлел деп қабыл ететін⁶⁰.

Имам Малик сахабалардың пәтуаларына амал етілуі қажет деп санайтын. Имам Малик қиясты да қабылдайтын. Истихсан мен масалихи-мурсала бұл мәзһабтың көп қолданған дәлел көздеріне жатады.

Саддуз-зараиді де Имам Малик шарифи дәлелдерден деп санайды. Оның ижтихадтарынан мұны анық байқауға болады. Мұның мәні мына қағидада: «Харамға алып баратын барлық нәрсе харам, парызға алып баратын барлық нәрсе парыз».

Малики мәзһабының дамуы және жайылуы

Қазы Ияд «Мәдарик» атты кітабында Малики мәзһабының таралған жерлерін былай баяндайды: «Малики мәзһабы, Хижаз, Басра, Мысыр, Африка елдерінде, Испания, Сицилия, Суданның мұсылмандар тұратын аймақтарында кеңінен тараған. Бағдатта да кең тарағанымен, нижраның 400 жылдарынан кейін әлсірей бастады».

Малики мәзһабы пайда болып, дамыған жері Хижаз аймағы болғанымен, тарихта бұл мәзһабтың Хижаздағы жағдайы бірқалыпты болмады. Кей уақытта осы елдің мәзһабы халіне келсе, кейде бұл жерде толығымен

⁶⁰ Әбу Зәхра М. Исламда сияси ве Итикади ве Фыхки Мезхеплер Тарихи. 294-297 бб.

жойылған кездері болды. Малики мәзһабының ұзақ елдерге тарауы және қолданылған әдістемелері мен қағидаларының барлығы бұл мәзһабтың пікірлерінің артуына себеп болды.

Б) Шафий мәзһабы

Шафийй мәзһабының құрушысы болып саналатын Мұхаммед бин Идрис әл-Құрайши әл-Хашими әзіреті Пайғамбардың (с.а.у.) атасы Хашимның бауыры Мутталибтің ұрпағынан. Палестинаның Ғазза қаласында хижри 150-жылы дүниеге келіп, 204-жылы Мысырда қайтыс болды.

Бесікте шағында әкесінен айырылды. Сондықтан кедейшілікпен өсті. Бұл оның қоғаммен араласып, халықтың хал-жағдайын жақыннан тануына себеп болды.

Шафий Ғаззадағы кезінде кішкентай жасынан Құран Кәримді жаттап өсті. Балалық шағында арабшасын дамыту үшін Меккенің сыртындағы өте таза арабша сөйлейтін Хұзайл тайпасына барып өлең мен әдеби тіл үйренеді. Өзі жайлы «Мен Меккеден шығып, шөлдегі Хұзайл тайпасына бардым. Бұл тайпаның өмірін және тілін үйрендім. Бұл араб тілінде ең таза сөйлейтін тайпа. Олармен жүріп, жақын қарым-қатынаста болғанымның арқасында Меккеге келгенімде бірнеше риуаят және әдебиет білімін үйреніп қойған едім», – дейді.

Осыдан соң өзін толығымен ғылым жолына атап, Меккедегі Фикһшылар мен хадисшілерден дәріс алады. Суфян бин Уяйна, Муслим бин Халид әз-Зәжи сияқты атақты хадисшілер оған ерекше көңіл бөліп, қомқорлықтарына алған болатын.

Шафий жиырма жасына келгенде пәтуа беріп, хадис риуаят ететіндей жағдайға жетті. Бірақ ол білім алуын тоқтатпай Мәдинаға барып Имам Маликтен сабақ алады. Мәдинаға аттанбастан бұрын әл-Мууатта кітабын жаттап, оны Имам Маликке барып оқып тапсырады. Сосын Имам Маликтің жанынан айырылмай сабақ алады. Имам Шафий Имам Малик қайтыс болғанға дейін қасында болған. Ұстазы Имам Малик қайтыс боғаннан кейін Меккеге қайтып оралады. Содан кейін Нәжран деген жерге барып, сонда қазылық қызмет атқарады.

Суфиян бин Уаяинадан (ө. 198/813) хадис риуаят етті. Имам Шафийдің әр-Рисәлә, әл-Хижжа және әл-Умм атты шығармалары бар.

Имам Шафий (195/820) жылы Бағдатқа барып екі жыл болғаннан кейін Меккеге оралды. 198/813 жылы қайтадан Бағдатқа барғанымен тек қана екі ай болып, ол жерден Мысырға кетті. Бағдатта Әбу Ханифаның шәкірті Имам Мұхаммедпен, Ахмед бин Ханбалмен және басқа да ғалымдармен кездеседі.

Каир қаласында хижри 204 жылы 54 жасында қайтыс болады. Имам Шафий өзінен кейінгілерге сарқылмас үлкен ғылым қазынасын тастап кетті.

Шафий мәзһабы алдымен Мысырда жайылды, кейін Сирия, Иемен, Ирак және Хорасан жағына өтті. Қазір Ирак, Сирия және Анадолының оңтүстік жағында Шафий мәзһабын ұстанушылар бар.

Кейбір шәкірттері мыналар: Юсуф бин Яхия әл-Буауәйти (ө. 260/874), Ибраһим бин Яхия әл-Музани (ө. 264/877).

Имам Шафийдің фикһ жайындағы көзқарасы

Имам Шафий Бағдадтан Меккеге оралғаннан кейін ұстазы Имам Малик пен Мұхаммед бин әл-Хасан әл-Шайбаниден алған білімдеріне қоса өзі іздену арқылы фикһ ілімін дамытты. Шафий фуру (жекелеген) мәселелерімен бірге кулли (жалпы) қағидаларды орнықтырды. Адамдар бұл ғылымды фикһ саласындағы ашылған жаңа жол деп санады. Өйткені бұл ғылымды одан бұрын ешкім бұлай жүйелі түрде реттемеген болатын. Осыған байланысты Әбу Али әл-Карабиси былай дейді: «Біз кітапты да, сүннетті де, ижманы да білмейтін едік. Мұны біз Имам Шафийден үйрендік».

Имам Шафийдің фикһи ізденістерінде екі тәсілмен зерттелгендігі белгілі. Бірінші: Имам Шафийдің фикһын құраған дәлелдер немесе фикһының дереккөздері. Екінші: Имам Шафийдің усулу фикһ (фикһ негіздері) іліміне қарасты ізденістері.

Имам Шафий фикһын бес қайнаркөзден шығарады. Имамның өзі әл-Умм атты еңбегінде бұларды былай айтады: «Шариғи ғылым көптеген салаға бөлінеді.

1) Кітап және нақты сүннет.

2) Ол жайында Кітапта және сүннетте дәлелі болмаған мәселелерге жасалған ижма.

3) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларынан бір бөлігінің айтқан сөздері.

4) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларының келісе алмаған сөздері.

5) Қияс. Бұл да Кітап пен сүннеттен басқа нәрсеге сүйенбейді. Шариғат ғылымы осы ең жоғарғы қабаттардан ғана алынады.

Ижма: Шафий ижма жайында былай дейді: «Мен немесе ілім иелерінен біреуі: «бұл мәселеге байла-

нысты ижма бар десек, сөзсіз мұны барлық ғалымдар бірдей қостағанын білдіреді. Мысалы: Бесін намазының парызы төрт рәкат болуы, арақ-шарап және осыған ұқсас барлық нәрсенің харам етілуі сияқты».

Имам Шафийдің бірінші орында қабылдайтын ижмасы сахабалардың ижмасы.

Имам Шафийдің еңбектері

Ибн Нәдим «әл-Фихрист» деген еңбегінде Имам Шафийдың жүзге тарта еңбегі бар екендігін айтады. Ол Мекке және Мәдина һәм Ирак пен Мысыр қалаларында кітаптар жазған. Солардың ішінде Мысырда жазған еңбектерінің көпшілігі қазіргі күнге дейін сақталған. Ол әр-Рисалә кітабын Бағдатта жазған, Мысырға барғаннан кейін жаңадан өндеп жазып шыққан. Бағдаттағы нұсқасы бүгінге күнге дейін жетпеген.

Имам Шафийдің «Аһкамул-Құран» атты еңбегі жазылу үлгісі жағынан әр-Рисаләға ұқсас тұстары көп. Яғни усул-фикһпен байланысты бөлімдер көптеп кездеседі. Имам Шафий Бағдатта жүргенде «әл-Худжа яки әл-Мәбсут» атты еңбегін жазған. Мысырға келгеннен кейін шәкірттеріне айту арқылы жаздырған «әл-Үмм» еңбегі болса, оның ең соңғы көзқарасын қамтиды. Сегіз томнан тұратын осы еңбегін, шәкірті Юсып Яхя әл-Биуәйти (ө. 231) жинақтаған. Рәби бин Сүлеймен әл-Мүәззин (ө. 270) болса, фикһ баптарына қарай басынан реттеп шығып риуаят еткен.

Имам Шафий төмендегі мына кітаптардың авторы боп табылады:

«Әз-Зафаран» – бұл кітаптың жазылуына Бағдад мешіттерінің біріндегі имамның басынан өткен бір жағдай себепші болды. Намазға имамдық еткен жас жігіт қателесіп, не істерін білмей, дағдарып тұрып

қалды. Оған ұйыған жамағаттың ішінде имам Шафий де бар еді. Сол намаздан соң имам Шафий мұндай жағдайларда не істеу қажеттігін түсіндіретін осы кітапты жазып шықты. Кітаптың аты оның жазылуына себепші болған имамның атымен аталады.

«Джима әл-Илм» – имам өзінің бұл кітабында Пайғамбардың (с.а.у.) сүннетін өнеге тұтып, оны басшылыққа алудың міндеттілігін негіздейді.

“Әл-Умм” – Шафий мәзһабының фикһ кітабы.

“Әр-Рисалә” – фикһ негіздері мен хадис ғылымы негіздерін түсіндіріп, мәнін ашып беретін ең алғашқы кітап. Бұл кітап әлі күнге дейін Шафий мәзһабының хадистанушылары мен фикһ білгірлерінің қолдарынан түспейтін кітабы боп табылады.

Шафий мәзһабының дамуы және жайылуы

Имам Шафийдің мәзһабы екі дәуірге бөлінеді.

1) Алғашқы мәзһабы Бағдадта жайылған. Бұны Зафарани риуаят еткен және Шафийдің Бағдадта жазған кітаптарынан тұрады. Бұл кітаптар: әр-Рисала, әл-Умм, әл-Мәбсуд тағы басқа кітаптарын Зафарани жинақтап қайтыс болған шағына дейін шәкірттеріне оқытқан.

2) Хижри 199 жылы Мысырға келгеннен кейінгі қалыптасқан мәзһабы. Шафий Мысырға келген соң Иракта жазған кітаптарын қайтадан қарап, кейбір бөлімдерін өңдеу жасаған. Бұл «әр-Рисала» және «әл-Мабсут» кітаптары. Ол бұл кітаптарда алғашқы мәзһабындағы кейбір көзқарастарын өзгерткен. Ол: «Бағдадта жазған кітаптарымды риуаят етуге ешкімге рұқсат бермеймін», – деген.

Шафийдің екі мәзһаб арасындағы өзгерткен көзқарастарының көбісі қиясқа қатысты мәселелерде болатын.

Шафийдің кейінгі көзқарастарын Раби бин Сулейман риуаят еткен. Раби оның кітаптарын оқытып, жұртшылыққа танытқан. Раби бин Сулейман хижри 270 жылы қайтыс болды.

Имам Шафийдің шәкірттері Иракқа, Меккеге және Мысырға, Шамға, Иеменге, кейіннен Нишабурға, Хорасанда білімдерін жайды.

Шафий мәзһабы Мысырда кең тараған. Сондай-ақ Хижаз, Ирак, Хорасан, Кавказ, Солтүстік Африка, Мауренахыр, Танзания; IV ғасырдан бастап Испания, Ява аралдары, Филиппиндер, Индонезия, Қытай, Цейлон секілді аймақтарына тараған. Әюбиліктердің дәуірінде Мысыр мен Сирияда ресми түрде Шафий мәзһабы бекітілді. Имам Шафийдің шәкірттері (Халифа әл-Мүтәуәккилдың тұсында 232-248) пәтуа мен жарлық шығару дәрежесіне дейін көтерілген. Нижраның IV ғасырының орта шенінде Бағдатта Қадыл-Құдаттыққа Шафийліктер тағайындалды. Мысырда да Толунұлдарының дәуірінде Ахмет бин Толан (254-270) Шафийліктерге қолдау көрсеткен.

Шафий мәзһабы хижри 13-ғасырдың соңдарына Мерв және Хорасанға кірді..

Қазіргі таңда Шафий мәзһабы бұрынғы жайылған жерлерінде жалғасын табуда.

Басты Шафий ғалымдарының бір қатары төмендегідей:

Маверди (ө.х.450), Такиюддин әс-Субки (ө.х.356), Каффаләл-Кәбир әш-Шаши (ө. х.365), Бейһаки (ө.х.458), әл-Жүуайни (ө.х.478), Ғазали (ө.х.505), Фаһруддин әр-Рази (ө.х.606), Изуддин бин Абдис-сәлам (ө.х.660), әш-Ширази (ө.х.476) және ән-Нәуәуи (ө.х.676). Бұлардың

барлығы құнды еңбектерімен арттарында өшпес із салып кетті.

В) Ханбали мәһабы

Имам Ахмед бин Ханбал әш-Шәйбани хижри 164 (милади 780 жыл) Бағдад қаласында дүниеге келді. Оның әкесі де анасы да арабтардың Шәйбан руынан. Оның ұлы Салихтың айтуынша шежіресі Әзіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) аталарынан Низармен бірігеді. Ханбал әкесінің аты емес, атасының аты. Әкесі Мухаммед бин Ханбал бин Хиләл.

Әкесі ерте жаста қайтыс болып, Ахмедті тәрбиелеп жетілдіру анасының мойнына түсті. Жастайынан шешесі оны ғылым үйренуге бағыттады. Оның өмір сүрген ортасы да бұған ыңғайлы еді. Олар тұрған Бағдад қаласы сол кезде ғылым мен білімнің ордасы болып, мухаддистер, мутасаууфтар, тіл ғалымдарының орталығына айналып тұрған кезі еді.

Ахмед балалық шағынан Ислам ғылымдарын үйрене бастады. Ол ең алдымен Құранды жаттады, сосын араб тілін, хадисті, сахабалар мен табиундардың риуаяттарын, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірін және оның таңдаулы сахабаларының өмірлерін үйренді.

Ол хижри 179 жылы, яғни он бес жасында хадис ғылымын оқи бастады. 186 жылға дейін жеті жыл Бағдадта хадис үйреніп, 186 жылы Басраға аттанып, алғашқы ғылым үйрену жолындағы саяхатын бастады. Одан кейін ілімін толықтыруы үшін Куфаға, Мәдинаға, Дамасқа және Хижазға саяхат жасаған. Бұлардан ең ұзыны және ең қиыны Абдураззақ бин Хаммадтан ілім алуға шыққан сапарында қаражаты таусылып керуендердің түйесін баққаны болды. Бес рет жасаған

қажылық сапарының екеуін жаяу орындаған. Бұл сапардағы мақсаты Хижаздағы ғалымдармен кездесіп олардан ілім алу еді.

40 жасына дейін шәкірттік ғұмырын өткізіп кейін хадис оқытуды бастады. Көптеген шәкірттер одан хадис тыңдауға жиналатын еді. Бірқатары хадисті жазып жатса, басқалары оның ахлағынан, әдебінен пайдалануға тырысатын.

Ахмед бин Ханбал 31 тамыз 855 жылы Бағдад қаласында қайтыс болды.

Ахмед бин Ханбалдың фикһы

Ахмед бин Ханбал фикһты хадистен кейін үйренген. Сондықтан оның фикһы хадиске өте жақын. Имам Ахмед бір мәселе жайында Құран мен хадистен мәтін (насс) болса, сонымен пәтуа беретін, басқа нәрселерге жүгінбейтін. Сондықтан ол нассты сахабалардың пәтуаларынан жоғары қоятын. Ахмед бин Ханбал мурсал хадисті де дәлел ретінде қабылдайды.

Ахмед бин Ханбал қиясты да қабылдайды. Бірақ оған тек өте зәру кезде ғана жүгінеді.

Ханбали мәзһабының дамуы және жайылуы

Ахмед бин Ханбалдың көзқарастарынан құралған Ханбали мәзһабы, Ханафи, Малики және Шафий мәзһабынан кейін пайда болған сүнни мәзһабы.

Ханбали мәзһабының фикһшылары өте күшті бола тұрып, бұл мәзһабқа кіргендер аз. Ешбір Ислам өлкесінде көпшілікті құрай алмаған. Кейін Сауд отбасы Хижаз өлкесіне әкім болғаннан кейін Арабия түбегінде Ханбали мәзһабы күшейе түсті. Бұл мәзһабтың аз жайылуына бірнеше себептер болды.

Қорыта айтқанда Имам Ахмед бин Ханбал Ислам әлемінде өте тақуа, әрі жомарт, үлкен мухаддис және фақиһ ретінде танылды. Артында мүжтаһид дәрежесіне жеткен шәкірттер қалдырды. Өміріндегі көрген қиындықтар мен азаптарға мойымай, ғылым жолында еңбек етті. Нәтижеде үлкен төрт мәһабтың бірі болған Ханбали мәһабы Ислам үмметіне қызмет етті.

II БӨЛІМ.

**МӘЗҺАБТЫ ҚАТЕ ТҮСІНУ
ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
СЕБЕПТЕРІ**

1. СЕБЕП: САХАБАЛАР ЗАМАНЫНДА МӘЗҒАБ БОЛМАУЫ

Сахабалар кезінде неге мәзһаб болмады?

Мәзһабтардың қалыптасуынан хабарсыз кейбір адамдарды «Бұл үмметтің ең абзал жандары сахабалардың кезінде мәзһаб жоқ еді ғой. Енді біз олардың істемеген ісін қалай істейміз? Бұл бидғат емес пе?» деген сұрақ көп мазалайды. Бұл сұрақтың жауабы өз ішінде жатыр. Яғни олардың ең абзал жандар ретінде бағалануы оларды арнайы құрылған жолға мұқтаж қылмады. Әрине олардың абзалдығы өздеріне тән сипаттарға байланысты еді. Оларды мәзһабқа мұқтаж етпеген сипаттарды төменде баяндайтын боламыз. Жоғарыдағы сұрақты қою – соқыр адамның қасындағы көзі көретін адамға еріп, маған да таяқ қажеті жоқ дегені секілді нәрсе ғана. Ал, «пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінде неге мәзһаб болмады?» – деп сұрау – уахидың мәні мен мағынасын білместіктен ғана шығатын сөз.

Иә, сахабалар кезінде неге мәзһаб болмады...? Себебі, сахабалардың бойынан ғана табылып, одан кейінгі ғасырларда бірте-бірте жоғала бастаған екі ерекше сипат болды. Олардан кейінгі келген мұсылмандар бұл екі сипатқа ие бола алмады. Сахабалар осы екі қасиеттің арқасында сенім негіздеріне немесе ғибадат мәселелеріне байланысты Құран мен Сүннеттен үкімдер шығаруда сүйенетін арнайы ғылыми әдістемелік ережелерге мұқтаж болмады.

Бұл екі қасиет мыналар еді:

1. Өзге тілдердің әсерінен ада, таза араб тілін меңгеруі;

2. Қалтқысыз бойсұнуға итермелейтін таза ислами болмысқа ие болу.

Құран мен сүннеттен үкім шығаруда ғылыми қағидаға сүйенуге деген қажеттілік – иә, араб тілі мен әдебиетіндегі әлсіздіктен, иә болмаса тараптар арасында бой көрсететін түсінік пен көзқарас айырмашылығынан туындайтындығы білгілі. Сахабалардың заманында әсіресе, алғашқы буынында бұл екі мәселе толығымен жоқ еді. Бұған сол кездегі діни мәселелердің шектеулі, аз болып Құран мен сүннеттегі айқын тақырыптардың тысына шықпағандығын қоссақ, алғашқы буын сахабалардың қандай да бір ереже–қағидат жинақтарына мұқтаж болмағандықтарын анық көреміз. Олар өз араларында дау-жанжалға түспегендіктен, жүгінетін арнайы жол да іздеген жоқ. Тіл меңгеруде және арабша түсінуде ешқандай қиындықтарға жолықпағандықтан, тілдік ереже – құралдарға да зәрулік жоқ еді. Қияс және басқа пікірлерді қолданатындай жаңа мәселелер көбейген емес еді. Жалпы айтар болсақ, сахаба дәуірінде мәһабтың бүгінгі үлгіде құрылуына алғышарттар болмаған еді. Сонымен қатар сахабалардың бұл ұстанымдары ұзаққа созылмады. Исламның жайылуынан туындаған өзгерістер оларды жаңа шешімдер қабылдауға итермеледі.

Сахабаларды өзгеріс жасауға итермелеген себептер мен мәзһабтардың құрылуының алғы шарттары

Жоғарыдағы сахабалардың алғашқы кезеңіндегі жағдайлар соларға тән шарттарға сай екендігін айтып өттік. Алайда олардың бұл халі жалғасын таппады. Керісінше жаңа жағдайлар мен себептердің аясында тоқтап қалды. Сөйтіп олар ғылыми-теориялық тұрғыда және тәрбиелік жолдарында жаңа кезеңге аяқ басты. Енді сол жаңа кезеңге өтуге әсер еткен себептерге қысқаша тоқталайық.

Бірінші себеп: Исламның жайылу шеңберінің кеңеюі

Өзге елдермен етене араласу өзара ынтымақтастық пен қолдауға құрылған мәдениеттің бой көтеруіне негіз болды. Халықтар арасында білім саласы мәдени-ғылыми тұрғыдан басты рөл ойнады. Аралас өмірдің нәтижесінде әлеуметтік және экономикалық салаларда әдет-ғұрып пен тәжірибелердің, яғни өмір сүру салтының жаңа тәрізі пайда болуы сөзсіз еді. Бір жағынан ғылыми тұрғыдан ғылым мәжілістерінде әр түрлі діни және әдеби тақырыптарда бір-біріне қайшы мәселелер бой көрсетті. Құрандағы муташабих және мағынасы ашық емес аяттар мен ғайыпқа байланысты мәселелердің қозғалуы, ғалымдардың бұл мәселелер төңірегінде ізденуін және арнайы әдебиеттерде еңбектерін жинақтауына алып келді.

Риуаят бойынша әзіреті Омар (р.ғ.) бір күні өз-өзіне былай сұрақ қояды: “Пайғамбары бір болған Мұхаммед (с.а.у.) үмметі қалайша түсініспеушілікке барады?” Осы сұрақтың жауабын сұрау үшін Абдуллаһ бин Аббасқа хабар жолдап құзырына шақыртады да оған: “Бұл

үмметтің Пайғамбары бір, құбыласы бір, кітабы бір бола тұра қалайша таласады?” – деп сұрайды. Абдуллаһ бин Аббас та былай деп жауап береді: “Әй мүминдердің әміршісі! Құран біздің кезімізде түсті. Біз оны оқыдық және түсіндік. Бірақ бізден кейін бір қауым келеді, олар Құран оқиды, бірақ не үшін түскендігін білмейтін болады. Осылайша түсініспеушілікке барады.”

***Екінші себеп: Өзге дін өкілдерінің көптеп
Исламға кіруі***

Яһудилер, Христиандар, Зәрдуштер, Брахмандар және тағы да басқалар бар еді. Бұлардың арасында бұрынғы діндерінде ғалым болғандары да жетерлік. Енді олар Исламға бұрылып, оның тағылымдары мен үкімдерін үйренуде өздерінің бұрынғы діндерімен салыстыра отырып ой елегінен өткізді. Бұл табиғи қажеттілік еді. Осы нәрсе сахабалар мен олардың арасында пікірталастардың пайда болуына итермеледі. Әрине, олардың арасында әлі де бұрынғы діндерінің шырмауынан шыға алмағандар да бар болатын. Олар реті келгенде өз пікірлерін Ислам бояуымен бояп ұсынуға тырысты. Осы қате пікірлер мен сенімдерден сақтандыру үшін олардың түсінетін, қолданатын әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жауап қайтару қажеттілігі туындады. Сахабалар бұлардың барлығынан бас тартып аталмыш топтардың теріс пікірлерін емін-еркін жаюына жол бере алмады. Бұрынғы шексіз тәсілім мен иман ләззатының рахатынан туындаған теориялық саладағы үнсіздіктен шығып, ғылыми қағидалар мен тіл қағидаларына және сана-түйсікті ақиқатқа жетелейтін логикалық дәлелдердің билігіне жүгінуге мәжбүр түрде көшті.

***Үшінші себеп: Көрші мемлекеттердің
тұрғындарының топ-тобымен дінге кіруі болды***

Бұл көптеген сахабалардың сол елдерге дін тағылымдарын үйретуі үшін таралуын қажет етті. Олар танымайтын қоғамда жат әдет-ғұрыптардың ішінде бұрын-соңды білмеген проблемалармен бетпе-бет келгенде әуелде қолданылмай келген және жабық тұрған ижтихад есігін ашып қолдануға мәжбүр болды.

Олар Пайғамбарымыздан (с.а.у.) көріп, естігендерін барған жерлерінде түсіндіре бастады. Бұл сахабалардың Расулуллаһтың (с.а.у.) әрбір айтқандарын естуі немесе істеген істерінің барлығын көруі мүмкін емес еді. Олар барған жерлерінде дәлел көзіне айналды. Яғни жаңадан мұсылман болған немесе Ислам жайында айтарлықтай мағлұматы болмағандар олардан түрлі мәселелерде діннің үкімін сұрады. Сахабалар сұралған сұрақтардың жауабын әуелі Құраннан, сосын сүннеттен іздеді. Олардан таба алмағандарына өз ижтихадтарымен (Құран мен сүннетке қарап түйген ойларымен) үкім берді. Бұл сахабалар мұнымен қатар көптеген шәкірттер оқытты. Оларға табииндер деп атады. Сахабалар дәуірінен кейін табиин ғалымдары да мұсылмандарға пәтуа беріп, әрі олар да шәкірттер жетілдіре бастады. Олардың шәкірттеріне этбау-т табиин деп атады. Этбау-т табииндер де табииндердің жолын қуды.

Сахабалардың, табиғиндердің және этбау-т табиғиндердің берген пәтуаларының арасында бір-бірінен өзгеше үкімдер пайда болды. Мұсылмандар тек өздері тұрған аймақтарындағы өмір сүрген имамдардың пәтуасын біліп, сонымен амал жасайтын еді. Міне, осының салдарынан да фикһ мәзһабтары туындады.

Әр түрлі елдерге таралып осы жолдың жайылуына себепші болған әйгілі сахабалар мыналар: әділетті төрт халифа және Абдуллаһ ибн Омар мен Айша анамыз (Аллаһ тағала олардан разы болсын) Мәдинада қалды. Абдуллаһ ибн Аббас Меккеде, Абдуллаһ ибн Масғуд Куфада, Әнас ибн Малик пен Әбу Муса әл-Әшғари Басрада, Убада ибн әс-Самит және Мұғаз ибн Жабал Шамда, Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (Аллаһ тағала олардан разы болсын) Мысырда болды.

Төртінші себеп: Дін бұзарлардың жайылуы мен мұсылмандардың арасында сенім негіздеріне байланысты күмән тудыру үшін әр түрлі талас мәселелер мен күмәнді ойлар таратушылардың шығуы болды

Бұл оқиғалар сахабалардың кезінде шектеулі болғанымен Ислам территориясы кеңеюімен бірге кең тарай бастады.

Бұл тұрғыда да сахабалар мен ғұламалар тиісті жауабын беріп отырды. Айтыс пен пікірталастан шығар жол жоқ екенін көрді. Бүлікшілердің өздері қолданатын диалектикалық және логикалық әдістерді өздеріне қарсы қолданды. Бұл мәселе жайында хазіреті Әлидің (Аллаһ одан разы болсын) мынадай сөзі бар «Адамдардың білетін нәрселері арқылы сөйлесіндер. Олардың қабылдай алмайтын нәрселерін қолданбаңдар. Әлде (оларға дұрыс түсіндірмей) Аллаһты және оның Пайғамбарын (с.а.у.) жалғанға шығаруын қалайсындар ма?!».

Сахабалар мен табиғиндар тарихын зерттеген әрбір адам олардың діннің өркендету жолындағы осы секілді еңбектерін көптеп көре алады. Сондықтан бүгінгі діни ғылымдардың барлығының, соның ішінде фикһи

мәзһабтардың негізі сахабалар кезінде қалыптаса бастаған деп толық айта аламыз. Өйткені жаңа шыққан проблемалар жаңа шешім қабылдауды талап етеді. Олардан кейін аз ғана уақыт өткенде осыншалық дәрежеде тәсілдерін өзгертуге мәжбүр болса, ғасырлар өткеннен кейін, «сахабалардың кезінде неге мәзһаб болмады?» деп, сахабалар өмірінің сыртқы көрінісін аңсау ағаттық қана болар еді. Мәзһабтардың құрылымы жайлы тақырыпта мәзһабтың құрушыларының барлығы сахабалармен сабақтастықты үзбегендігін көреміз. Яғни мәзһаб – сахабалар кезінде басталған шариғи үкімдерді жүйелеу процесінің толыққан формасы ғана.

2. СЕБЕП: ШАРИҒАТ ҒЫЛЫМЫНА ЖЕҢІЛ ҚАРАУ, ИЖТИХАД-ТАҚЛИД МӘСЕЛЕСІН ЕСКЕРМЕУ

Құран мен хадистер алдымызда дайын. Олай болса, неге ең дұрыс үкімді өзіміз таңдап алмаймыз?

Мәһаб имамдары мен біздің арамызда не айырмашылық бар?

Бұл сұрақтар да бүгінгі дінге бет бұрған адамдардың көп жолығатын сұрақтары. Әттең, шын мәнінде Құран мен хадисті шарттарына сай түсініп, өмірге ұштастыра алатын азаматтар шығып, бүгінгі күннің проблемаларын шешіп беріп жатса, қандай тамаша?! Әлі де арамыздан ғұламалар шығады деп үміттенеміз. Бірақ дін кім көрінгеннің ойынына айналмас үшін (бүгінгі болып тұрғанындай), ижтихад және оның шарттарын еске сала кеткенді жөн көрдік. Себебі бұл шарттарға сай болмаған адамның шариғат үкімдеріне бас сұғу екі дүниеде де обалы бар іс. Бұл дүниеде өзінді де, өзгені де адастырады. Ал, ақыретте мұның есебі оңай болмасы анық. Сондықтан ижтихад шарттарына сай бола алмағандар «Егер білмесендер білім иелерінен сұрандар!» – деген Аллаһ Тағаланың әмірі бойынша білімділерге еруге шақырамыз.

Ал, Сіз қай топтасыз? Білім иелері – мүжтаһидсіз бе, әлде оларға еруші – муқаллидсіз бе? Мұны бірге қарастыратын боламыз.

Ижтихад⁶¹

Шариғатта ижтихадты «Дәлелден үкім шығару (истинбат) жолы арқылы жекелеген дәлелден шариғи амали үкімді табу үшін бүкіл күшін жұмсау» деп анықтама беріледі. Кімде-кім осы қабілетке ие болса мүжтаһид делінеді. Енді осы анықтаманы біраз тарқата түссек:

«Дәлелдерден үкім шығару жолы арқылы» – өзгелердің соңынан еру немесе еліктеу жолымен үкім шығару және шариғи емес дәлел көздерінен үкім шығару жолы да ижтихид ұғымына кірмейді. Фикһ негіздерінде (усулул-фикһ) бекітілген ережелер арқылы болуы тиіс.

«Жекелеген дәлелдер» – ізденушінің үкімді негізгі шариғи дәлел көздерінен шығаруы. Бұл дәлел кейде бірнеше мағынаны қамтитын Құран мен хадис мәтіні болуы мүмкін. Кейде қияс, кейде истислах, ал кейде истисхаб болуы мүмкін. Осы дәлел көздерінен басқа ғалымдардың сөзі немесе басқа да мәтіндерді ең соңғы күшіне дейін зерттеу арқылы шариғи-амали үкім шығаруды да ижтихад қатарына жатқызбайды.

«Шариғи амали» – сөзі арқылы сенім жүйесіне және мінез-құлыққа қатысты үкімдер мен шариғаттан тыс басқа зерттеулер үшін күш жұмсаушылар мүжтаһид ұғымынан шығады. Мәселен, қандайда бір қиын математика есебін шешу, Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екенін дәлелдеу немесе шыншылдықтың мұсылманға парыз екеніне үкім беру сияқты. Есеп шариғи болудан шықса, Аллаһтың бір екендігін дәлелдеу сенімге

⁶¹ Ижтихад және тақлид тақырыптары Ибраһим әс-Салқинидің «әл-Муйәссәр Фи Усул-ул Фикһ» кітабы бойынша дайындалды

қатысты (итикади) болады да, ал шыншылдық мінез-құлыққа (ахлақи) қатысты болып «амали» болудан шығып қалады.

«Бүкіл күшін жұмсау» – ізденуші ізденіс кезінде барлық күшін салуы керек. Нәтижеде бұдан әрі бұған қосар еш нәрсе қалмағанына және қарастырылған мәселенің ешбір тұсын көзден таса етпегеніне сенімді болуы керек. Сонымен қатар Құран мен хадис мәтініндегі мағынасы нақты, айқын үкімді түсінген адамды мүжтаһид қатарына жатқызбайды. Себебі ол күш жұмсаған жоқ. Мысалы: «Ниса» сүресі, 11-аяттағы: «Аллаһ сендерге балаларың жайында; бір еркекке екі әйелдің мирасындай үлес бұйырады...», – деген аяттан алынған ер баланың мирастағы үлесі қыз баланың үлесінің екі есесі болатынын білуі сияқты. Сол сияқты шариғи үкім жайлы немесе үкімінің дәлелі мен үкім шығару жолы жайлы өзгелерден сұрайтын адам да ижтихад жасаушы мүжтаһид қатарына жатпайды. Сондай-ақ, кімде-кім барлық күшін жұмсамай аз ғана күш жұмсаса ол да мүжтаһид саналмайды.

Ижтихад нысаны

Құран Кәрім мен хадис шәріптің мағынасы айқын, нақты мәтінінен үкім шығару ісі ижтихадқа саналмайды. Себебі бұл жерде соншалықты күш жұмсамастан мәтінінің меңзеген үкіміне қол жеткізуге болады. Сондықтан «Ижтихадтың нысанына» шариғи үкімі жайында мағынасы нақты аят пен хадис жоқ әрбір мәселе кіреді.

Бұл мәселелер екі түрлі болады:

Біріншісі – оған қатысты аят пен хадистің бірнеше мағына қамтуы.

Екіншісі – ол жайында ешбір шариғи мәтін кездеспеген мәселе.

Бірнеше мағына қамтитын Құран мен хадис мәтініне мысал ретінде «Бақара» сүресі, 228-аятын алайық. «Талақ болған әйелдер үш (қуру) етеккір мерзімі күтеді...» Бұл жерде «мүштарак» яғни омоним сөз бар, әрі оның қай мағынасы мақсат етілгендігіне ишара жоқ. Ол – аяттағы «қуру» сөзі. Бұл араб тілінде әйелдің етеккірі уақытына және екі етеккір арасындағы таза уақытқа да қолданылады. Осының нәтижесінде талақ етілген әйелдің күту мерзімі жайында мүжтаһид ғалымдар арасында көзқарас әркелкілігі туындады. Қанша күтеді? Үш етеккір уақыты ма, әлде үш тазалық уақыты ма? Имам Малик пен Шафий «тазалық уақыты» деді. Имам Ағзам етеккір уақыты деген тоқтамға барды. Әрбір мүжтаһид ғалымды белгілі бір таңдау жасауға итермелеген өзіндік дәлелдері бар. Ал екінші топтағы Құран мен хадистен басқа дәлелдерге келетін болсақ, олар қияс, истислах, истихсан, истисхаб және ғұрып сияқтылар. Бұлар бар болмыстарымен ижтихад нысанына кіреді. Себебі бұлардың дәлел ретінде қабылдануы мүжтаһидтер арасында әртүрлі бағаланады. Бұларды қолдануда әр мүжтаһид бір-бірінен бөлек жолдар ұстанады. Тағы бір себеп, мүжтаһидтердің өмір сүрген ортасының әртүрлі болуы. Осыдан барып олардың бір істің игілігін анықтауы, әдет-ғұрыптар мен зәру қажеттіліктерді белгілеуі бір-бірінен өзгеше нәтижеге алып барады. Осылардың барлығынан ижтихад нысанының ауқымдылығы және күрделілігі айқындалады. Сондықтан ижтихадпен айналысатын мүжтаһидтің қабілеттілігі мен жарамдылығын белгілейтін шарттары бар.

Ижтихад шарттары мен қабілеттілік нормалары

Имам Шафий (р.ғ.) айтады:

«Мына сипаттарға ие болған адамнан басқа біреудің Аллаһтың дінінде пәтуа беруіне рұқсат жоқ. Яғни Аллаһ кітабы Құрандағы аяттардың насих-мансухын, мухкам-муташибихін, аяттардың түсу себебін, Мәкки-Мәдәни екендігін білу; бұдан кейін хадистердің де дәл осы мәселелерін білу; одан кейін араб тілі мен араб шайырларының жазбаларынан Құран мен хадисті түсінуге қажетті мөлшерде білуі керек. Бұған қоса бұларды ынсапты түрде әділдікпен қолдана алуы, халықтың даулы мәселелеріне басшылық ете алуы және бойында тумысынан біткен дарындылық болуы керек. Егер осылай болса онда оған харам-халал жайында сөйлеуі және пәтуа беруіне болады. Әйтпесе, оның пәтуа беруге құқығы жоқ».

Имам Шафийдің бұл сөзі мүжтаһидте болуы керек шарттарды қысқаша қамтуда. Бұған төменде кеңірек тоқталамыз.

Бірінші шарт: Құрандағы амали үкімдерді егжей-тегжейлі толығымен білу. Себебі Аллаһ Тағала Құранды насихат және сенім негіздері болуымен қатар адамдарға заң шығарушы дереккөзі ретінде түсірді. Адамдар оны Аллаһ Тағаламен қарым-қатынас жасауда, өз араларында қоғамдық және халықаралық қатынастарда да басшылыққа алады. Сондықтан ақида, дағуат және кисса аяттарынан басқа бес жүз шамасындағы аят шариғат заңдылықтарының негізін қалап, жалпы принциптерін белгілейді. Кейбір тақырыпта жалпылама біртұтас қарастырса, ал кейбір тақырыпта егжей-тегжейлі қарастырып нақты үкімдерін қояды. Осы бес

жүзге жуық үкім аяттарын кейбір фикһшы тәпсіршілер тәпсірлеуге ден қойды. Олардан бірі тәпсірлеуде Құрандағы реттік жүйеге қарай тәпсірлесе, бірі тақырыптақырып етіп қарастырды. Әрбірі өз мәзһаб имамының көзқарасына сай түрде зерттегеніне қарамастан өте бай фикһи қазына қалдырып кетті. Мүжтаһид болатын кісі бұларды назардан тыс қалдыра алмайды.

Сонымен қатар Құрандағы үкім аяттары бір сүреде немесе аз ғана сүреде реттеліп жинақталған емес. Әрбірі өзіне қатысты оқиға себебімен әр түрлі уақытта түсті. Одан кейін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) уахи басшылығындағы нұсқауымен сүрелерге реттеліп қойылды. Ізденуші бір тақырыпқа байланысты аяттарды бір орында жинақталған күйде таба алмайды. Түсу мезгіліне байланысты тәртіппен табуы да оңайға соқпайды.

Әрбір ижтихадпен пәтуа беруге бел байлаған адам үшін осы аяттарды және олардың фикһи мағынасын білуі керек. Бұл іс әуелі аяттарды түгел теріп топ-топқа бөлуді қажет етеді, содан кейін үкім шығара алуы үшін тәпсірлеу керек. Одан кейін де ол аяттардың түсу себебін, аяттағы мағынаның айтылу себебін, аят пен осы аяттың тәпсірі жайында айтылған хадистердің арасын байланыстыруды меңгермейінше тәпсір жасау оңай болмайды. Бұған қоса мұхкам мен муташабиһ, насих пен мансух, захир мен хафи, мутлақ пен муқайяд сияқты Құранның әдеби саласына қатысты ғылымдарды меңгеруі тиіс.

Екінші шарт: Сүннеттегі амали үкімдерді біртұтас қамтып, оның егжей-тегжейлі мәселелерін толық білу. Сүннетке Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сөзі, іс-әрекеті және өзгелердің ісін қолдауынан туындаған

шешімінің барлығы кіреді. Себебі сүннет – Ислам құқық негіздерінің Құраннан кейінгі екінші дереккөзі болып саналады. Мүжтаһид хадис фикһының барлығын үйренуі тиіс. Пәтуа ісіне кіріспестен бұрын хадистегі ғибадатқа, құқықтық нормаларға және әр түрлі жағдайларға қатысты бөлімдерді меңгеруі қажет.

Хадистер бізге жету тұрғысынан барлығы бірдей нақтылыққа ие бола бермейді. Хадис шежіресіндегі (хадисті пайғамбарымыздан (с.а.у.) бері қарай жеткізушілердің тізімі) мәселелерге байланысты сахих (дұрыс), зағиф (әлсіз) сияқты сипаттамалар алады. Сондықтан бұл саладағы ғалымдар хадистің осы тұсына орасан зор көңіл бөлді. Хадис шежіресіндегі әрбір кісіні егжей-тегжейлі зерттеді. Хадистерді арнайы қойылған шарттар аясында топ-топқа бөлді. Олар хадисті риуаят еткен кезде оның дәрежесін, қай топқа жататынын ба-яндап, мутауатыр немесе мәшһүр немесе ахад хабар деп айтып кетті. Сондықтан ізденуші бұл тұрғыда соншалықты қиындыққа жолықпайды. Тақырыптарға бөліну жағынан да айтарлықтай қиыншылық көрмейді. Хадис кітаптарының көбісі фикһи тәртіппен реттелген және фикһ тақырыптарын арнайы баптарда қарастырған. Енді ізденуші осы хадистердің фикһтағы мағыналарын арнайы жазылған түсіндірме кітаптары арқылы үйренуі керек. Бұған қоса мүжтаһид үшін хадистегі сөздердің мазмұнындағы жалпылық пен жалқылықты, шектеулі мен шектеусізді қайсысының үкімін жойғанын және қайсысының оның орнына қойылғанын білу шарт.

Үшінші шарт: Өзіне дейінгі бүкіл ғасырдағы мұсылман ғұламаларының ижмасымен қойылған шариғи амали үкімдерді білуі. Себебі осындай ижмамен (бүкіл мұсылман ғұламасының қолдауымен) шариғи

үкім белгіленгеннен кейін бұл мәселеде жаңа ізденіспен өзгеріс жасауға орын жоқ. Бір фикһшы ғалымға ижмамен бекітілген мәселеде пәтуа сұралса, бекітілген ижмадан хабарсыз болғандықтан бұл үкімге қайшы пәтуа беруі мүмкін. Шариғатта бұған рұқсат етілмейді.

Төртінші шарт: Ислам шариғатының көздеген мақсат-мұраты мен басты принциптерін толық білу. Себебі егер осылардың біреуінен хабарсыз болса, ізденіс жасауда кейбір мәтіндердің сырт мағынасына қарап, қатеге түсу ықтималдылығы басым болып, нәтижеде бұл принциптерге қайшы пәтуа беруі мүмкін. Бұған шариғатта рұқсат етілмейді.

Бесінші шарт: Халықтың әдет-ғұрыпын, хал-ахуалын және олардың игілігі мен зиянына алып баратын нәрселерді толық білуі. Себебі бұларды білмейінше дұрыс пәтуа беру мүмкін емес.

Алтыншы шарт: Араб тілін толық меңгеру. Морфология (сарф), синтаксис (наһу) және араб әдебиеті арқылы сөздің мағыналық құрылысын (баян) біледі. Осы арқылы ижтихадта сөздің мазмұнына қатысты нақты шешім қабылдай алады.

Жетінші шарт: Дінінде және мінез-құлығында тұрашыл болу. Яғни жаман іс-әрекеттен аулақ болуы. Бұл шарт ғылыми тұрғыдан емес, бірақ пәтуасының қабыл етілуі тұрғысынан рөл атқарады.

Сегізінші шарт: Ақылының кәмілділігі. Дұрыс қорытындыға қол жеткізу өте қиын болғандықтан, парасаттылық пен даналыққа жетпеген адам мүжтаһид бола алмайды.

Ижтихад жасау үкімі

Ислам шариғаты өмірдің барлық саласында, барлық уақытта жүретіндігі, оған қоса өмірдің жаңарып, дамып отыратындығы, осыған сай жаңа шешімдерге қажеттілік туындауы ижтихадтың исламдағы маңызын ұлғайта түседі. Ижтихад жасаудың үкімі мүжтаһидтік дәрежеге жеткен адам мен жетпеген адам арасында өзгеріп отырады.

а) Мүжтаһид дәрежесіне жеткен ғалымдар үшін кей жағдайда парыз айн, кей жағдайда парыз кифая, ал кей жағдайда мұстахаб болады.

Яғни шариғи үкімі білінуі керек болған бір оқиғамен бетпе-бет келсе, онда ол басқа ешкімнің ижтихадына ермей өзі ижтихад жасауы мүжтаһидтікке лайық кісіге парыз айн болады.

Сондай-ақ кез келген бір мұсылман немесе мұсылман жамағаты шариғи үкімі анықталуы керек бір оқиғаға тап болса, мүжтаһидтікке лайық кісі сол елге мүфти болып сайланса немесе одан басқа лайық кісі болмаса тағы да ижтихад жасау парыз айн болады.

Егер осы жағдайларда бірнеше мүжтаһидтікке лайық кісілер болса, онда оларға парыз кифая болады. Іштерінен бірі пәтуа берсе, өзгелердің мойнынан міндет түседі.

Ал егер әлі кездеспеген, болашақта орын алуы мүмкін оқиға жайында «осылай бола қалса» деп сұрақ қойылса, онда пәтуа беруі жақсы (мұстахаб) болады, қаласа жауап бермейді. Бұл пәтуаға зәрулік болмағаны үшін оған күнә жоқ.

ә) Мүжтаһидтік шарттарға лайық болмаған ғалымдар мен өзге халық үшін ижтихад жасау (өз бетінше Құран мен хадистен үкім шығару) харам. Себебі

бұл адамдар шариғи дәлелдерді зерттеуге, ол жердегі Аллаһтың үкімін түсінуге қабілетті емес. Олардың ізденістері Аллаһтың үкіміне жеткізе алмайтындығымен қоса, адасушылыққа итермелейді. Сондықтан Аллаһ Тағаланың «Егер білмесендер білім иелерінен сұрандар»⁶² деген әміріне құлақ түріп, бұл адамдар өзге білетіндерден сұрауы тиіс. Сондай-ақ Аллаһ Тағала пендесінің шамасы жетпейтін нәрсені жүктемейді. Құранда: «Аллаһ адамға шамасы келетін міндетті ғана жүктейді»⁶³ – дейді

Тақлид және муқаллид

Тақлид дегеніміз – дәлелін білместен өзге бір адамның сөзін айғақ ретінде ұстану. Мәселен, Әбу Ханифаның сөзі бойынша дәретте бастың төрттен біріне мәсіх тарту парыз деу секілді. Мұндай адамды муқаллид дейміз.

Тақлидтің үкімі:

Жоғарыда мүжтаһид дәрежесіне жеткен адам үшін туындаған мәселеге өзі ізденіп үкім шығару керектігі, өзгенің сөзін ұстануға болмайтындығы айтылды. Енді мүжтаһидтік дәрежеге жетпеген адам (мейлі ол адам халықтан бірі болсын, мейлі ғылымда белгілі деңгейге жеткен ғалым болсын) шариғи-амали үкімдерде өзгенің пікірін ұстануы дұрыс па?

Бұл мәселеде әр түрлі көзқарастар бар. Бірақ соның ішінде шариғи дәлелдерге сай болғаны төмендегі көзқарас:

«Мүжтаһид дәрежесіне жетпеген әрбір адам мүжтаһид имамдардың бірінің жолын ұстануы шарт.

⁶² «Нахл» сүресі, 43-аят

⁶³ «Бақара» сүресі, 286-аят

Жолыққан мәселелерін ғалымдардан сұрауы керек». Себебі:

1) Құраннан дәлел: Құранда: «*Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар*»⁶⁴ – дейді. Аллаһ Тағала білмейтін адамның білетін адамнан сұрауын әмір етуде. Бұл аят адамдардың ішінде білмейтіндер және білетін ғалымдар болып екіге бөлінетіндігіне дәлел. Білмейтін адам бір мәселеге жолыққанда өзі хабарсыз болған үкімін ғалымнан сұрап оған еруін міндеттейді. Егер оның сөзін қабылдасыз сұрауды міндеттеудің еш мәні қалмаған болар еді. Тақлидті, яғни ғалымдарға еруді тыйып, ижтихадты әрбір адамға міндеттеу жоғарыдағы аяттың мазмұнына қайшы келуде.

2) Ижмадан дәлел: Сахабалар мен табиғиндардың ішіндегі мүжтаһид болмағандары бастарына бір іс түскенде өз араларындағы мүжтаһидтеріне жолығып, сол істің үкімін сұрайтын. Мүжтаһид сахаба мен табиғиндар осы іс жайындағы Аллаһтың қойған үкімін айтып беретін. Ешбірін сұрақтан тыймайтын. Ешбір дерек көзінде сұрақ қоюшыларға «өздерің іздеп тауып, үкімін біліп алыңдар» деп, әмір еткен оқиға кездестірмейміз. Шамасы жетпейтін адам ижтихадпен міндеттелмейтіндігі және ижтихадқа шамасы келетін адамнан сұрауы сахаба мен табиғиндардың түгелдей қолдауымен (ижмамен) бекітілген іс. Ендеше бүкіл адамды өз бетінше ижтихадпен міндеттеу ижмаға қайшы іс.

3) Адам табиғатынан дәлел: Ижтихад әрбір адамның қолынан келе беретін іс емес. Себебі шариғи дәлелдерді түсініп үкім шығару ерекше дарындылықты талап етеді. Бұл мүмкіншілікті Аллаһ Тағала құлдарының барлығына бермей, олардың ішінде аз ғана топқа тән

⁶⁴ «Нахл» сүресі, 43-аят

қылады. Енді мүмкіншілік берілмеген адамнан сол істі талап ету шамасы жетпейтін істі міндеттеу болмақ. Ал бұл болса, Аллаһ Тағала: *«Аллаһ адамға шамасы келетін міндетті ғана жүктейді»*⁶⁵ – дегені үшін шарифи тұрғыдан дұрыс емес.

4) Өмір заңдылығынан дәлел: Ижтихадта шарифи және тіл ғылымына қатысты білімдерді меңгеру үшін ұзақ уақыт қажет. Барлық адамның осы жолмен айналысуы өмірдегі басқа зәру қажеттіліктердің тоқтап қалуына алып барады. Тіршілік көздерінің меңгеруіне кедергі болады. Бұл – өнеркәсіп, сауда-саттық, егін шаруашылығы сияқты қоғамдық жүйені сақтап тұратын өзге игіліктердің бұзылуы деген сөз. Бұлай істеу шарифаттың негізгі принциптеріне сай келмейді.

Адамдардың барлығы мәзһабсыздыққа бет алса не болмақ?⁶⁶

...Жоғарыдағы (мәзһабтардың қажеттілігіне) дәлелдерді ұсынып, түсіндіргеннен кейін мынадай сұрақ қоямыз: «Бұл дәлелдердің барлығын ысырып тастап, адамдарды мәзһаб ұстанудан босатып, «ижтихад кеңістігінде» еркін шарлауға шақырсақ не болады?»

Бұған жауап ретінде былай деймін:

«Егер адамдарды құрылыс-сәулет саласында сәулетшінің сөзін тыңдамауға, оның кеңесін алмауға шақырсақ; денсаулық саласындағы проблемалар мен оларды шешуде дәрігерлермен кеңеспеуге, сөздерін тыңдамауға шақырсақ; өнеркәсіп саласында осы саланың мамандарының тәжірибесінен, кеңесінен,

⁶⁵ «Бақара» сүресі, 286-аят

⁶⁶ Бұл тақырып М.С. Рамазан әл-бутидің «әллә мәзһабия» кітабынан алынды

мағлұматтарынан пайдаланбауға шақырсақ не болар еді? Сондай-ақ барлық саладағы мамандарға бағынбауға шақырып, оның орнына осы саланың барлығында әркім өз бетінше ізденіп, осы ізденісінің нәтижесінде жеткен жеке шешіміне сүйенуге шақырсақ және адамдардың осы ісін мақұлдап, олар осыны іске асырса не болар еді?

Күмәнсіз бұл істің ақыры – өркениет пен тіршілікті құлдыратып, жоюға алып баратын бассыздық қана. Адамдар «көркейтеміз» деп ғимараттардың қирауына, «айықтырамыз» деп науқастардың бақилыққа аттануына, «кәсіп етеміз» деп кедейлік пен жоқшылыққа жол ашады. Себебі олар ізденісті (ижтихадты) орынсыз жерде, шарттарын ескермей іске асырды. Қоғамдағы әрбір топтағы адамдардың арасын байланыстырып тұратын бірін-бірі қолдау, жәрдемдесу, білім алу, басшыға бағыну сияқты Аллаһ Тағаланың жалпы жаратылысқа қойған заңдылығын есепке алмады. Бұл заңдылық жас балаға дейінгі барлық адам, тіпті мәзһабсыздықты уағыздаушылар да білетін ақиқат нәрсе. Бірақ діни біліктілік пен халал – харам үкімдері саласында да дәл осы заңдылық болатындығын бұл адамдар неге түсінбейді екен. Мұны біле алмадық!

Дүнияуи біліктілікте барлық адамды өз бетінше ізденіспен шешім қабылдауға итермелеуден туындайтын нәтиже қандай болса, шарифат ғылымдары мен халал-харам үкімдерінде барлық адамды өз бетінше ізденіспен шешім қабылдауға итермелеуден туындайтын нәтиже де дәл сондай.

Бүгін біздің қолымызда мүжтаһид ғалымдар мен олардың ғұлама ізбасарларының жинақтап, дайындап кеткен фикһ еңбектерінде адамның жеке өмірі мен

әлеуметтік хал-ахуалына қатысты мәселелер толық қамтылған. Оны қажетімізге қарай қолдануға ешбір кедергі жоқ. Осы фикһи бай мұраны «мұсылмандарды жаппай ижтихадқа шақыру» деген ұранның табанының астына тастар болсақ, онда бұл фикһтың халі мүшкіл болмақ. Одан кейін мызғымас ұстанымдарға құрылған асқақ фикһ ғимаратының орынынан зілзаладан кейінгі қираған қоқыс үйіндісін ғана табамыз. Осылай болатындығы талассыз ақиқат. Бүгінгі күні әрбір мұсылман үшін жеке өміріне қатысты намаз, ораза, зекет сияқты діни мәселелердің үкімдерін білудің оңай жолы бар. Шариғи үкімдердің жиынтығын қамтитын төрт мәзһабтың бірінің кішкене кітабын оқу арқылы бұған қол жеткізе алады. Әйгілі сахабалар мен табиғиндардан пәтуа сұраушылардың халі қалай болса, бүгінгі адамдардың да егер өзі мүжтаһид болмаса, дәлелдерді түсініп, меңгеруі шарт емес. Егер сен халал мен харам үкімдерін төрт имамның біріне ілесіп әлгі кітаптардан жаттап алуына кедергі болып ижтихад пен зерттеуді мойнына міндеттер болсаң, онда сенің ашықтан-ашық: «Туындаған мәселеге қатысты әркімнің жеке пікірі – Аллаһтың үкімін білдіреді» дегенмен бірдейсің. Бұдан кейін тек Ислам шариғатын жеке-жеке, бөлек-бөлек жүйесіз мәселелер күйінде көру ғана қалады. Себебі әркім өз бетінше үкім шығарса, бұдан ары жинақ халіне келтіру кімге қажет.

Ал егер біреуді осы имамдар мен кітаптардан ұзақтатқаннан кейін, оны өзге адамдардың ижтихадымен жазылған кітаптарға итермелеп, олардың артынан еруге, жолын ұстануға шақыратын болсаң, онда сен Әбу Ханифаның, Шафийдің, Маликтің және Имам Ахмедтің ізіне еруден алыстатып, соңғы уақытта

шыққан «пәленше түгеншенің» ізіне еруге ауыстырудан басқа еш нәрсе істемегенің. Бұл әрекет төрт имамға деген қызғаныш пен өшпенділіктен басқа еш нәрсе емес. Сондай-ақ, әлгі «пәленше-түгеншелердің» соңынан соқыр сеніммен еріп, пікірлерін жаю ғана.

Бірде жанымда намаз оқып, «ташаххуд» отырысында саусағын үздіксіз қимылдатқан студентке:

– Неге саусағыңды бұлай қимылдатасың? – дедім. Ол Пайғамбарымыздың сүннеті екендігін айтты. Мен:

– Бұл жайында қандай хадис бар? Оның сахихтік дәрежесі қандай? Хадистегі қай сөз осылай үздіксіз қимылдату керектігін көрсетеді? – деп сұрадым. Әлгі студент:

– Білмедім. Бірақ «бір кісіден» сұрап аламын, – деді.

Әттең ол (өзінің дәлелден хабарсыз екенін білген соң) «Бұл мәселеде Имам Малик мәзһабын ұстанамын» дегенде ғой. Өзін де, өзгені де әуреге салмас еді. Сонымен қатар мойнындағы міндетін орындаған болар еді. Демек бұл жігітті өзге біреуге тәуелді қылып қою үшін ғана, төрт мәзһаб имамының біріне ілесуден тыйған. Ол әлгі «бір адамның» соңына өмір бойы ерсе де, оған осы жолды үйреткендер төрт имамның мәзһабын ұстанушыларға «бір мәзһабпен шектелу харам» деп айтатыны сияқты, оған «саған бір адамның артынан еруің харам» демейді. Бұл оқиғадан фанатизмнің ең сұмдық сипатын, ең зиянды көрінісін көруге болады.

Мүжтаһид дәрежесіне жетпейінше төрт имамның біріне ілесудің қажеттілігі жайлы әкелген дәлелдерімізді ешбір ынсапты адам жоққа шығара қоймас. Егер оны түсінсе, адамдардың барлығын ижтихад жасауға; өзінен бұрын миллиондаған мұсылмандардың ергеніне

қарамастан, мүжтаһид имамдардың соңынан еруді тәрк етуге; (әр түрлі негізсіз пікірлер Аллаһтың шариғатын бүлдіретіндігіне қарамастан) әрбір адамды өз түсінгені мен түйгеніне қарай өз бетінше Құран мен хадистен халал-харам үкімдерін шығаруға шақырмас болар. Адамдарды қарама-қайшылыққа алып баратын осындай есіктің айқара ашылуы Ислам мен Ислам шариғатын аяқтан шалушыларға «ижтихад сылтауымен» Исламға іріткі салуға мүмкіндік беретіндігі баршаға аян.

...Сендер (мәзһабсыздар), ғасырлар бойы шариғи тұрғыдан дұрыс екендігі талассыз мойындалған имамдардың артынан ерген мұсылмандарды жайына қалдырындар! Егер ижтихадты қаласаңдар, мүжтаһид имамдардың кезінде пайда болмаған бүгінгі күнгі жаңа мәселелердің үкімдерін шығару үшін ижтихад жасаңдар! Сонда біз сендерге табыс пен зеректілік тілеп дұға етеміз.

Бірақ сендер, «өмірді сақтандыру», «анонимдік және акционерлік компаниялардың түрлері», «әлеуметтік қамсыздандыру түрлері және әртүрлі келісім шарттардағы өтемақылар» сияқты бүгінгі күні ижтихад жасалып үкімі айқындалуы тиіс болған, бұрынғы имамдар қозғамаған нәрселерден қашасындар.

Бұл мәселелерде зерттеу жасаудан қашасындар да, төрт имамның ижтихадтарын келеке қылып, адамдарды оларға еруден, оларды басшылыққа алудан сақтандырасындар.

Құдай ақы, бұл мәзһабсыздардың ішінен бірде-бірінің осы бүгінгі шығып отырған, халықтың күнде үкімін сұрап жүрген жаңа мәселелерді зерттегенін көрмедім. Қайта орнығып бекітілген нәрсені жығуға бар күшін салады.

Әй, мәзһабты мойындамайтындар! Сендер мұсылмандардың таңдаулы имамдары жинақтап, олардан кейін мұсылмандар арасында ұрпақтан-ұрпақ қабылдап келе жатқан орнықты бекітілген үкімдерді жайына қалдырындар! Сендер мүжтаһид имамдардың ешбірінің зерттеуі мен көзқарасында айтылмаған, бүгінгі шығып отырған, мұсылман жұртшылығы шариғи үкімін біле алмағандығы үшін мазасызданып жүрген жаңа мәселелерге көмектесіңдер! Егер ижтихадтарыңнан нәтиже шығарып, оны Құран мен хадистегі дәлелдеріне ұштастыра алсаңдар әрі өздеріңе тән үкім шығару жолдарыңды сомдап көрсете алсаңдар, онда төрт имамды бірдей алдарыңа тізе бүктіріп береміз. Сонымен қатар, олардың ижтихадтарын сендердің ижтихадтарыңмен мансұқ етуге жол ашып, барлық адамдарды сендердің соңдарыңнан еруге шақырамыз».

3. СЕБЕП: ИХТИЛАФ – МӘЗҒАБТАР АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Неге мәзһабтар арасында айырмашылық бар?

Бұл дінде бөлінушілікке түсу емес пе?

*Төрт мәзһабты біріктіріп ең дұрысын алсақ
болмай ма?*

Мәзһабтарды теріс түсіну мен түсіндірудің бір себебі мәзһабтар арасы айырмашылықтардың болуы. Бұл айырмашылықтардың қаншалықты жөн, қаншалықты теріс екенін төменде қарастыратын боламыз. Бірақ одан бұрын осы қате түсінікке себеп болған нәрсеге тоқталу керек сияқты. Мәзһабтар арасы айырмашылықты, дінде бөлінушілікке теңестіру түсінігі Құран мен хадисте кездесетін «ихтилаф» сөзінен туындауда. «Ихтилаф» сөзі – «әртүрлі болу, әрқелкі болу, келіспеу, қайшы пікірде болу, айтысып-тартысу, қайшылық, таласқа түсу» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан «ихтилаф» сөзін барлық жерде шарифатқа қайшы істі білдіреді деу дұрыс емес. Құран мен хадисте де орнына қарай бірде тыйым салынса, бірде қошталып отырады. Мәзһабтар арасындағы айырмашылық та осындай қошталған «ихтилафтардың» қатарына жатады. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Үмметімнің (кейбір мәселеде) әртүрлі көзқараста болуы – рақымдылық», – деген. Хадистегі «әртүрлі көзқарас» арабшадағы ихтилаф сөзінің аудармасы. Ал мұсылман қауымының арасын бұзатын айтыс-тартыс «ихтилафы» нағыз шарифат тыйым салған ихтилаф. Құранда бұлар жайлы: «Аллаһтың құзырында

шынайы дін – ислам. Сондай кітап берілгендер өздеріне мәлімет келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті. Кім Аллаһтың аяттарына қарсы келсе, күдіксіз Аллаһ тез есеп көруші»⁶⁷. Аяттағы «талас-тартыс» сөзі арабшадағы «ихтилаф» сөзі. Бұл жердегі ихтилаф мұсылмандардың сақтануы тиіс «ихтилафтардың» қатарына жатады.

Ихтилаф жайында дұрыс түсінік қалыптастыру үшін оның себептерін, сипаттарын білу қажет. Онсыз қайсысының тыйым салынған, қайсысының рұқсат етілген ихтилаф екенін білу қиын.

Қайшылыққа түсудің себептері⁶⁸

Қайшылыққа түсудің себептері әр түрлі. Дегенмен оларды негізгі екі топқа бөлуге болады.

Біріншісі – мінез-құлықтан туындайтын; екіншісі – пікір әркелкілігінен туындайтын қайшылықтар.

Қайшылықтың туындауына себеп болатын мінез-құлықтарға төмендегілерді жатқызуға болады.

1. Менмендікпен өз пікірін жоғары санау.
2. Өзгелер жайлы жаман ой мен дәлел-айғақсыз кінәлауға құмарлық.
3. Өзімшілдік пен нәпсіқұмарлық. Осының нәтижесінде атақ пен мансапқа құмарлық пайда болады. Бұл өзгелерді мойындамауға алып барады.
4. Жеке тұлғалардың немесе топтардың фанаты (жанкүйері) болу.

⁶⁷ «Әли-Имран» сүресі, 19-аят

⁶⁸ Ихтилаф тақырыбындағы материалдар Юсуф әл-Қардауидің «әс-Сахуат-ул Исламия байна-л ихтилаф-ил машруғ уат-тафарруқ-ул мәзмум» кітабы бойынша дайындалды

Ислами тәрбие саласындағы ғалымдардың пікірінше бұлардың барлығы адамдарды рухани қатерге ұшырататын ең нашар мінез-құлықтар. Ислам уағызшысын былай қойғанда жәй бір мұсылманның өзі бұл мінездерден құтылуы үшін күрес жүргізуі қажет. Мұндайда шайтанның құрығынан құтылып, олардың орнын жақсы мінез-құлықтармен толтыруы үшін нәпсі тәрбиесі қажет-ақ. Ал осы нашар да қатерлі мінездерден бастау алатын қайшылықтар – бөлінушілік пен жамандыққа алып баратын қайшылықтар. Мұның ешбір пайдалы тұсы жоқ.

Пікірден туындаған қайшылықтар

Пікірден туындайтын қайшылықтарға келетін болсақ, бір істе бірнеше көзқарастың пайда болуынан шығады. Бұл іс шариғаттың фикһи тармақтарында және иман негіздеріне әсер етпейтін кейбір итиқади мәселелердегі қайшылықтар сияқты ғылыми теориялық болуы да немесе саяси ахуалға байланысты шешім қабылдауда болатын қайшылықтар сияқты іс-тәжірибелік болуы да мүмкін. Екі жақтың тәжірибе, білім, көрегенділік, зеректілік сияқты ерекшеліктерінің нәтижесі ретінде туындаған қайшылықтар. Мұнда адамның өскен ортасы мен заманының да әсері болады. Мұндай қайшылықтарға жалпы өмірден көптеген мысалдар бере аламыз. Мәселен бір істің алға жылжып оң нәтиже беруі үшін әр түрлі көзқарастар айтылады. Бірі пайдалы жағын көрсе, бірі зиянды жағын байқайды. Сондай-ақ тарихи оқиғаларға баға беруде де әрқилы пікірлер айтылып жатады. Ойшылдар мен ғылым адамдарын бағалауда да сондай. Бірі жетістігін тізбектесе, бірі кемістігін санауы мүмкін. Осылардың

ішіндегі ең кең тараған қайшылықтар фикһтың тармақ мәселелерінде кездеседі. Шарифаттың фикһ саласындағы көзқарас қайшылықтырының себебі мыналар: Құран мен хадис мәтінін түсінуде көптеген мектептердің қалыптасқандығы; Құран мен сүннеттен анық үкім таппағанда сол екеуіне сүйене отырып, өз ізденісімен үкім шығаруда әр түрлі қағидаларға жүгінуі; Бірінің кеңшілік жағын, бірінің рұқсат шеңберін тар ұстауы сияқты ғылыми-әдістемелік жолдар мен бірінің табиғаты қатты, ал бірінің табиғаты жұмсақ болуы сияқты толып жатқан себептері бар. Мәһабтар арасы айырмашылықтың барлығы осыған мысал бола алады. Яғни ғылыми әдістемелік жолдың нәтижесі ретінде пайда болған.

Фикһи айырмашылықтарда назар аударатын жәйттер

Шарифат тармақтарының кейбірінде әркелкілік болуы табиғи нәрсе, әрі үммет үшін мейірім мен кеңшілік. Соған қарамастан дін саласының ғибадат және құқықтық үкімдерінде адамдардың барлығын бір пікірге біріктіргісі келетіндер бұл істерінің мүмкін еместігін білуі тиіс. Олардың қайшылықтарды жоюға күш салулары қайшылық ауқымының кеңеюінен басқа еш нәрсеге алып бармайды. Өйткені, шарифаттың ұстанымы саналмаған үкімдерді түсінуде әркелкілік болуы табиғи қажеттілік екенін айттық. Біз қаламасақта, бұл әркелкілікті қажет ететін себептер бар. Олар – дін болмысы, тіл құрылымы, адам табиғаты және жалпы жаратылыс пен өмір заңдылығы. Шарифат осылардың барлығымен қатысты болғандықтан олар-

мен өзара үйлесімділік сақтайды. Әйтпесе, өміршеңдігін жоғалтқан өзге діндерден айырмашылығы болмас еді.

Дін болмысы

Аллаһ Тағала шарифаттың өзгермес заңдарынан басқа дін үкімдерінің кейбірінде әртүрлілік болуын қалады. Сондықтан шарифатамалдарының ішінде арнайы үкім жіберілгені және ешбір үкім айтылмағаны кездеседі. Құран мен хадистегі арнайы аталған үкімдердің өзінің ішінде мағына тұрғысынан нақты болғаны, астарлы болғаны, тура мағыналысы, ауыспалы мағыналысы бар. Бұлар адам ақылын ізденіс (ижтихад) пен үкім шығару (истинбат) жолын белгілеуге итермелейді. Сахабалар кезіндегі даму мен өзгеріске жол ашқан діннің осы ерекшелігі еді. Ал кейбір ғайыпқа иман келтіру сияқты мәселелер шынайы бой ұсыну мен талқысыз қабылдауды қажет етеді. Бұларда ижтихад жасаудың орнына қалтқысыз мойындау сынағы бар. Осының нәтижесінде адам жаратылысының басты мақсаты саналатын сынақ іске асады. Құранда *«Шын мәнінде біз адам баласын біріккен тамшыдан жараттық. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық»*⁶⁹ – дейді. Демек, діннің нақты жағы мен болжамды жағын ажырата білу қажет. Себебі, біржақтылық та, екеуінің орнын ауыстыру да дұрыс емес. Мәселен, шарифаттың тармақ мәселелерін өзгерместей етіп көрсету сияқты, нақты заңдарында өзгеріс енгізуге тырысу үлкен қателік болар еді.

Егер Аллаһ қаласа, дінді ешбір ізденіске қажеттілік тудырмайтын, ешқандай әртүрлілікті қабыл етпейтін бір тарапты, бір қалыпты етіп жаратар еді. Бірақ олай жа-

⁶⁹ «Инсан» сүресі, 2-аят

самады. Себебі дін болмысын тіл мен адам табиғатына сай болуын қалады және құлдарына кеңшілік жасады. Біз Құранның мағынасы мен тәпсіріне бармай-ақ тек оқылу үлгісінің өзін жеті немесе он қырағатта оқылатынын көреміз. Бұл қырағаттар бүкіл үммет бойынша қабыл етіліп, ешбір мұсылман ғұламасы мұны теріске шығармаған. Себебі Пайғамбарымыздан (с.а.у.) солай жетті. Бұхари Ибн Мәсғудтан риуаят етеді:

«Бір кісінің бір аят оқығанын естідім. Дәл сол аятты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзгеше оқығанын естіген болатынмын. Мұны Пайғамбарымызға (с.а.у.) жеткіздім. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл таласты жақтырмай «екеуіндікі де дұрыс, таласқа түспеңдер. Сендерден бұрынғылар таласқа түскендіктен апатқа ұшырады» – деді»⁷⁰.

Осы тақырыпқа байланысты ғұлама Ибн әл-Уәзир былай дейді: «Хадистегі апатқа ұшырататындығы үшін тыйым салынған талас – бұл дұшпандыққа бару. Ал дұшпандықсыз қайшылыққа түсу, әркімді көзқарас білдіру болса мұны Пайғамбарымыз (с.а.у.) қолдады. Көрмейсің бе, екеуінің қайшылығын айтқан кезде Ибн Мәсғудқа «екеуіндікі де дұрыс» дегенін? Одан кейін барып сақтануы керек қайшылықты ескертті...»

Тіл құрылымы

Діннің бастау алар қайнары – Құран мен сүннет екеуі де тіл қағидаларына сүйенетін мәтіндер. Бұлардың ішінде тіл тұрғысынан мағынасы айқыны және бүркемелісі бар. Бір ғана дәрет алуды парыз еткен «Мәида» сүресінің 6-аятын алсақ, тілдік ережелердің

⁷⁰ Бұхари

әсерінен бір-бірінен бөлек қаншама үкімдер шығаруға болады.

«Ей, иман еткендер! Намазға тұрарда жүздеріңді және қолдарыңды шынтаққа дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартып, аяқтарыңды екі тобыққа дейін жуыңдар»⁷¹ – дейді. Бұлайтта басқа мәсіх тартудың көлемі нақты белгіленгендіктен, Шафиғиларда бастың кішкентай бөлігіне мәсіх ету, тіпті су себу жеткілікті. Ал Ханафиларда, кем дегенде, бастың төрттен біріне мәсіх ету парыз болса, Малики және Ханбалиларда басты түгел мәсіх ету парыз. Әр мәзһаб өзінің ұстанған көзқарасын қолдап, шариғи дәлел келтіргендіктен, бәрі дұрыс. Себебі барлығы берген пәтуаларын аятта қолданылған «бастарыңды» деген мағынаны білдіретін «руусикум» сөзінің алдына қосылып жазылған «б» әрпінен шығаруда. Араб тілінде «б» әрпі әртүрлі мағынада келеді.

- Ешқандай мағынасы жоқ, тек өзінен кейінгі сөзді әдемілеу үшін келеді.
- «Кейбір» мағынасын білдіреді.
- «Тигізу, жанастыру, бітістіру» мағыналарында келеді.

Міне, сондықтан Имам Ахмед пен Имам Малик: «Бастың барлық жерін мәсіх ету керек. Себебі бұл жердегі «б» әрпі тек қана сөзді әдемілеу үшін келген, мағынасы жоқ артық әріп», – дейді.

Ал Әбу Ханифа болса, «бұл жердегі «б» әрпі «кейбір» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, бастың кейбір жерін мәсіх етсе жетіп жатыр» дейді.

Ал Имам Шафий болса, бұл жерде «б» әрпі «тидіру, біріктіру, жабыстыру, жанастыру» мағынасында келген-

⁷¹ «Мәида» сүресі, 6-аят

діктен, тек қана қолдың басқа жанасуы, бірнеше шашқа тиюі мәсіх ету болып саналады деп пәтуа берген.

Олай болса, Құран мен сүннетті оны түсінудің басты құралы саналатын тілдің ерекшелігінен бөлектеп, біржақтылық талап ете алмаймыз.

Адам табиғаты

Адамдардың табиғатын Аллаһ Тағала әр түрлі етіп жаратқан. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қабілеті, сырт пішіні т.б. көптеген қасиеттері бар. Осының бәрін бір шетке ысырып қойып, адамдарды барлық мәселеде бір ғана қалыпқа түсіру нағыз ерсілік болар еді. Бұл мүмкін де емес. Себебі Аллаһ Тағаланың адамды жаратудағы заңдылығына қайшы. Адамдардың бір-бірінен өзгеше болуы қайшылық емес, әртүрлілік қана. Ал, әртүрлілік әдемілік пен байлықтың бастауы. Аллаһ Тағала мұны өзіне дәлел болатын белгілерінің қатарына жатқызып: *«Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің, түстеріңнің әртүрлі болуы да оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар»*⁷² – дейді.

Адамдардың бірі жұмсақтықты, бірі болса қатаңдықты қалайды. Енді бірі сөздің сыртқы мағынасын алса, бірі ішкі мағынасына үңіледі. Осы ерекшеліктердің нәтижесінде көзқарас айырмашылығы туындайды. Бұған ең ашық мысал ретінде екі ұлық сахаба Абдуллаһ ибн Омар мен Абдуллаһ ибн Аббастың іс-әрекетін көрсетуге болады. Абдуллаһ ибн Омар жас баланың сілекейінің таза болып-болмағандығынан күмәнданғаны үшін сақтықпен балалардың сілекейі өзіне жұқпасын деп, оларды өзінен алыс ұстайтын. Ал Абдуллаһ ибн Аббас балаларды құшақтап: «Бұлар

⁷² «Рум» сүресі, 22-аят

біздің иіскейтін райхан гүліміз» дейтін. Абдуллаһ ибн Омар «әйелдің денесіне қол тисе дәрет бұзылады» десе, Ибн Аббас «бұзылмайды» дейтін. Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омардың жағдайлары да осындай. Бірі тұтқындарға кеңшілік жасауды ұсынса, бірі жазалауды жөн көрген болатын.

Әлем және өмір әркелкілігі

Құранда: «Аллаһтың көктен жаңбыр жаудырғанын көрмейсің бе? Сонда онымен түрлі-түсті жемістер шығарды. Сондай-ақ таулардан да ақ, қызыл әрі қап-қара түрлі-түсті жолақтарды көрмейсің бе? Адамдардың, құрт-құмырсқа және ірі жәндіктердің түстері әр түрлі болғандары да осы секілді. Шын мәнінде Аллаһтан оның ғалым құлдары ғана қорқады. Расында Аллаһ өте үстем, аса жарылқаушы»⁷³.

Демек, бұл бір-біріне теріс түсу мағынасында емес. Бұл түрі мен түсі әр түрлі бола тұрып бір-біріне үйлесімділік сақтаған әркелкілік. Адам өмірінің де мезгіл мен мекен әсеріне қарай өңін өзгертіп отыратыны анық. Ендеше осы әлемнің бір бөлігі саналатын адамдардың да әртүрлі түсінікте болуы кемшілік немесе кереғарлық емес.

Ихтилаф – Аллаһтың мейірімі

Шариғатта кейбір мәселелердің болжамға сүйенгендіктен әркелкілік қабыл ететіндігі табиғи қажеттілік екендігін байқадық. Алайда кейбір адамдар «(Мұхаммед) егер Раббың қаласа адамдарды жалғыз үммет қылар еді. Олар үнемі қайшылықта тұруда, бірақ Раббыңның мейіріміне бөленгендер басқа. Оларды

⁷³ «Фатыр» сүресі, 27,28-аяттар

сол үшін жаратты. Раббыңның: «әрине тозақты бүкіл жандар мен адамдарға толтырамын» деген сөзі тура шықты» деген «Һуд» сүресінің, 118,119-аятта-рын мәһабтар арасы айырмашылыққа қатысты етіп көрсетеді. Бұл аяттағы қайшылықтың мәһабтар арасы айырмашылыққа қаншалықты қатысы бар екеніне алда тоқталатын боламыз.

Имам Шатибидің «Иғтисам» атты кітабында ихтилаф жайында пайдалы зерттеулері және ихтилафты шарифаттан тыс көрушілерге дәлелді жауабы бар. Имам Шатиби өткен үмметтердің қайшылыққа түсуі мен хақ жолдағылардың бірлігін баяндағаннан кейін былай дейді: «Осы бірлікте болғандардың өзі кейде дұшпандық мақсатымен емес, тек ізденіс нәтижесінде бір-біріне қайшы пікірге жолығады. Аллаһ Тағала өзінің даналығымен бұл үмметтің ұсақ мәселелерінің көптеген пікірлерді қабылдайтын болжамдар нысаны болуын қалады. Әрбір көзі қырағы кісі үшін болжам жүрген жерде келісімді шешімнің болмайтыны анық. Әрине бұлардың бәрі негізгі ұстанымдарда емес, тек ұсақ мәселелерде ғана болады. Сондықтан мұндай әркелкіліктің зияны жоқ. Тәпсір ғалымдары Хасаннан жоғарыдағы аят жайлы былай дегенін жеткізеді: «Мейірімге бөленген қауымға келер болсақ, олар зиянды таласқа түспейді. Себебі олардың таласы арнайы мәтін жоқ ізденісті қажет ететін мәселелерде ғана болады. Қайта олар үшін рұқсат пен үлкен кешірімділік бар. Сонымен қатар шарифат иесі Аллаһ қайшылықтың бұл түрін білгендіктен, жүгінетін билік орнын да көрсетіп: «Әй мүміндер! Аллаһқа бой ұсынып Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Егер бір нәрсе жайында таласқа түссеңдер, оны Аллаһқа,

Пайғамбарға ұсыныңдар. Егер сендер Аллаһқа, ақырет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы қайырлы да нәтижеде жақсы»⁷⁴ деді. Осы үлгідегі барлық қайшылықтарда бірінші Аллаһ Тағала, яғни Құранға, сосын Пайғамбарға (егер тірі болса өзіне, қайтыс болғаннан кейін сүннетіне) жүгініп, салыстыруды Аллаһ әмір етті. Ғұламалар солай істеді де. Демек «Һуд» сүресі, 118,119 – аятындағы «мейірімге бөленген» қауымның қайшылығы мен «қайшылықта қасарысып тұратындардың» қайшылығы екі бөлек нәрсе. Жоғарыдағы Хасаннан жеткен сөз аяттағы мейірімге бөленгендер жайлы еді. Ал тозақпен ескерту жасалғандардың қайшылығын «Шариғатта тыйым салынған ихтилаф қайсы?» деген тақырыпта қамтитын боламыз.

Ихтилаф – фикһтың бай қазынасы

Бір жағынан ижтихадтағы болжамдардың әркелкілігі арқылы фикһ байи түседі. Себебі әрбір пікір дәлелдерге, шариғи сенімді деректерге сүйенеді. Шариғи дәлел көздерінің барлығын үкім шығару жолын білетін, қияс пен истихсанды меңгерген, бір-неше дәлел қатар келгенде сараптай алатын мүжтаһид дәрежесіндегі кісілер реттеп кеткен.

Мүжтаһидтердің мектептері мен жолдарының әртүрлілігі шариғаттың фикһи қазынасын молайта түседі. Әрбір мектептің өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, бірі хадиске негізделген, ал бірі мәтіннің мазмұнын ашуға негізделген. Бірі сыртқы мағынаны ұстанатын, енді бірі осылардың барлығының жақсы жағын аламыз дейтін мектеп өкілдері. Нәтижеде осы әр түрлі мек-

⁷⁴ «Ниса» сүресі, 59-аят

тептер мен мәзһабтардың, олардың әрқелкі ізденіс-пікірлерінің арқасында шексіз қазына мен қадірін ғылым жолындағылар ғана біле алатын байлық пайда болды.

Һижри 1408 жылы (1987ж.) Ислам әлемінің біріккен фикһ құрылтайының оныншы кезекті отырысында мәзһабтар арасы ихтилафтар және кейбір мәзһаб тараптарлығы мәселесінде алған қарары да жоғарыдағы пікірді қуаттай түседі. Сондай-ақ, бұл құрылтай бүгінгі біз көтеріп отырған мәселелердің маңыздылығын айқындай береді. Мұнан бірнеше жылдар бұрын қарастырылған мәселе бүгін бізге де келіп жетті. Сондықтан бұл үндеумен біздің отандастарымыздың да таныс болғанын қалар едік.

Қабылданған қарардың мәтінін бірге оқиық:

«Әлһамду лилләһи уаһдаһ, уәссалату уәссаләму әлә мән лә нәбия баадаһ сайидина Мухаммадин уа әлә әлиһи уа сахбиһи уәссаллим. Әмма бағд»

Ислам фикһы құрылтайының мәжілісі Мәкка-Мукаррамада 1987 жыл, 17 қазан сенбі (һижри 1408, 24 сафар) мен 1987 жыл 21 қазан сәрсенбі (1408, 28 сафар) аралығында өткен оныншы кезекті отырысында: «Халықтың ұстанымындағы мәзһабтар арасы фикһи қайшылықтар» тақырыбын және «кейбір мәзһаб ұстанушыларды өзге мәзһаб иелерін даттауға алып барып, орта жолдан шығаратын фанатизм» мәселесін қарастырды. Мәжіліс бүгінгі жас ұрпақтың мәзһабтардың құрылымы мен мәнін білмегендіктен олардың арасында мәзһабтар арасы айырмашылық төңірегінде туындайтын проблемаларды көтерді. Себебі теріс жолға шақырушылар: «Ислам шарифаты жалғыз. Шарифат негіздері Құран мен сүннеттен

алынғандықтан ол да біреу-ақ. Ендеше мәзһабтар арасы айырмашылық неге қажет? Мұсылмандар бір мәзһабта, шарифат үкімдерінде бір түсінікте болу үшін неге мәзһабтарды біріктірмеске» – деп, оларды азғыруда. Сондай-ақ мәжіліс мәзһаб тараптарлығын және одан туындайтын проблемаларды да көтерді. Әсіресе қазіргі кезде пайда болған жаңа ағым мүшелерін талқылады. Бұл ағым мүшелері жаңа ижтихад жолына шақырып, ғасырлар бойы Ислам үмметі қабылдап келген белгілі мәзһабтарға тіл ұзатуда. Мәзһаб имамдарының кей-бірін адасушылықпен айыптап, халық арасында бүлік шығаруда.

Осы тақырыпты және оған қатысты оқиғаларды, іріткі салушылар мен теріс жолға шақырушылардың жеткен нәтижелерін кеңесе келе, теріс үгіт жүргізушілер мен фанатизмге шалдыққан екі топқа да ескерту және бағыт беру мақсатында төмендегі үндеуін жолдауға шешім қабылдады:

Біріншіден мәзһабтар арасы айырмашылық төңірегінде.

Ислам елдерінде мәзһабтар арасында болатын пікір айырмашылығы екі түрлі.

А) Итиқади мәзһабтардағы айырмашылық.

Ақидадағы айырмашылықтар – Ислам елдерінде көптеген қиындықтарға алып барушы күрделі жағдай. Мұсылмандардың саптарын бұзып, берекесін алады. Өкінішке орай бұл – болмауы тиіс нәрсе. Сондай-ақ «Сендер менің және менің әділетті халифаларымның жолын ұстанындар» деп Пайғамбарымыз (с.а.у.) білдіріп кеткен пайғамбар заманындағы және оның жалғасы болып саналатын әділетті халифалар заманындағы әһли

сүннет уәл-жамағат жолында мұсылмандардың бірігуі тиіс.

Ә) Фикһи мәһабтардағы айырмашылық.

Кейбір мәселелердегі мәһабтар арасы фикһи айырмашылықтар – Аллаһ Тағаланың ерекше даналығының нәтижесінде міндетті түрде болатын жәйт. Бұған көптеген ғылыми себептер бар. Мәселен, Аллаһтың құлдарына деген мейірімі, Құран мен хадистен үкім шығару нысанын кеңейту арқылы құлдарына кеңшілік жасау. Сонымен қатар бұл кеңшіліктің арқасында Аллаһтың игілігі мен фикһи байлыққа қол жеткіземіз. Ислам үмметі дін мен шарифат істерінде кеңшілікте болғандықтан бұл салада тығырыққа тіреліп шектеліп қалмайды. Керісінше егер мұсылмандар бір имамның мәһабында қандайда бір уақытта немесе бір істе қиындыққа түссе, басқа мәһабта жеңілдік, кеңшілік табылады. Шариғи дәлелдердің басшылығымен бұл ғибадатта да, әлеуметтік жағдайларда да, отбасылық немесе қазылық мәселелерде де болуы мүмкін. Осы екінші түр мәһабтар арасы фикһи айырмашылықтар дінімізде кемшілік немесе кереғарлық болып саналмайды. Бұлардың болмауы мүмкін емес. Себебі осы фикһи ижтихади айырмашылықтарсыз толық құқықтық жүйесі бар ешбір қауым жоқ. Себебі негізгі шариғи мәтіндерде (Құран мен хадистер) бірнеше мағынаны білдіретін сөздер көп. Сонымен қатар Құран мен хадис бүкіл оқиғаны қамтуы мүмкін емес. Сондықтан бұл екеуі шектеулі, ал оқиғалар шексіз құбылып отырады. Ғұламалардың бір тобы былай деген: «Қияспен үкімдердің себебін, шарифат иесінің мұраты мен шарифаттың көздейтін жалпы мақсаттарын зерттеу ісі, сондай-ақ солар арқылы жаңа мәселелерге үкім беру

міндетті түрде қажет». Жаңа мәселеге үкім тағайындау үшін тұжырым жасауда және екі ұшты мәселені сараптау кезінде ғұламалар әр түрлі қорытындыға барады. Содан барып барлығы ақиқатты көздеп, іздегенімен шығарған үкімдері әр түрлі болады. «Кімде-кім дұрыс тапса екі сауап, қателесе бір сауап алады». Міне осы қағиданың арқасында кеңшілік орнап, қиыншылық кетеді. Мәзһабтар арасындағы осы айырмашылықтардың болуы атап өткеніміздей игіліктер мен кеңшіліктерді қамтуымен қатар ең үлкен шариғи қазына болып саналады. Сондай-ақ бұл – Ислам үмметі мақтануға лайықты ерекшелік. Бірақ теріс үгіттеушілер мұсылман жастарының ислами сауатының аздығын пайдаланып, осы мәзһабтар арасы фикһи айырмашылықты итиқади қайшылық сияқты көрсетіп, «шариғаттың кереғарлығын көрсетеді» деп жалғандықпен орынсыз азғыруда.

Екіншіден мәзһабты тәрк етушілерге

Мәзһабтардан бас тартуға шақыратын, адамдардың барлығына жаңа ижтихад жолын жүктегісі келетін, бүгінгі мәзһабтар мен олардың имамдарына тіл тигізетін келесі топқа келсек, жоғарыдағы мәзһабтардың ерекшеліктері мен имамдары жайлы жасалған баяндама оларға да қатысты. Сол арқылы оларды ұстанған мына жағымсыз жолдарынан қайтуға шақырамыз. Бүгін біз бөлінушілікке алып баратын мұндай жолдың орнына Ислам дұшпандарының қатерлі шабуылдарына қарсы бірлікке мұқтаж болып отырмыз. Сондай кезеңде олардың адамдарды адастыруын, іріткі салып саптарын бұзуын тоқтатуға шақырамыз.

«Уа саллаһу алә сайидина Мухаммадин уа алә әлиһи уасаллама таслиман касиран. Уәлхамду лилләһи раббил әләмин.»

Шариғатта тыйым салынған ихтилаф қайсысы?

Жоғарыдағы тақырыптардан кейін әлдекімнің былай сұрақ қоюы ықтимал: «Егер кейбір басты мәселелер мен ұсақ мәселелерде айырмашылық болуы табиғи қажеттілік, кеңшілік, қазына болса, онда Құран мен хадистегі қайшылыққа түсуден тыюдың не мағынасы бар?»

Жауабы: Тыйым салынған қайшылықтың біріншісі – қастандық пен құмарлықтан туындаған талас. Кітап иелерінен яһудилер мен христиандар сол үшін сөгіске ұшырады. Олар дәлелдің болғанына, аяттағы мақсаттың айқындығына қарамастан, дүниеқұмарлық пен менмендіктің кесірінен таласқа түсті.

Аллаһ Тағала Құранда бұл жайлы былай дейді: *«Адам баласы жалғыз ғана ұммет еді. Сонда Аллаһ қуандырушы, қорқытушы пайғамбарлар жіберді. Адамдардың араларындағы талас нәрселерге үкім ету үшін олармен бірге хақ Кітап жіберді. Сол кітап берілгендер ашық дәлел келгеннен кейін араларындағы кекшілдіктен ғана қайшылыққа түсті. Сонда Аллаһ иман келтіргендерді олар тартысқан шындыққа өз ұйғаруымен жеткізді. Аллаһ қалағанын тура жолға салады»*⁷⁵.

*«Аллаһтың құзырында шынайы дін – Ислам. Сондай кітап берілгендер өздеріне мәлімет келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті. Кім Аллаһтың аяттарына қарсы келсе, күдіксіз Аллаһ тез есеп көруші»*⁷⁶.

⁷⁵ «Бақара» сүресі, 213-аят

⁷⁶ «Әли-Имран» сүресі, 19-аят

«Расында Исрайл ұрпақтарына кітап, патшалық, пайғамбарлық және өздеріне таза ризық беріп, сондай-ақ бүкіл әлемге үстем қылған едік. Сонымен қатар дін істерінде де оларға ашық түсініктер бердік. Дегенмен өздеріне мәлімет келгеннен кейін өзара күншілдік қылып, мүлде талас-тартысқа түсті. Шын мәнінде Раббың қиямет күні араларындағы қайшылыққа түскен нәрселері жайында үкім береді»⁷⁷.

Көріп отырғанымыздай сөгіс жариялануының себебі араларындағы қастандық пен күншілдік қана. Ал фикһтағы талас мәселелерде өзара түсіністік пен жәрдем болатындығын айтып өткенбіз.

Тыйым салынған қайшылықтың екіншісі – үмметтің ауызбіршілігін бұзып, өзара дұшпандыққа алып баратын, ерегіс тудыратын және топ-топқа бөліп бір-біріне зиян келтіруге себеп болатын талас. Құран мен хадистің барынша қатты сақтандыратын таласы да осы талас. Құран Аллаһтан шынайы қорқу мен өлгенге дейін Исламға берік болуды әмір еткеннен кейін былай дейді:

«Барлығың бірдей Аллаһтың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер. Сондай-ақ өздеріңе Аллаһтың берген нығыметін еске алыңдар. Өйткені бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді»⁷⁸. Осы аяттың жалғасында бізден бұрынғылардың бөлінгеніндей бөлінбеуімізді әмір етеді:

⁷⁷ «Жасия» сүресі, 16,17-аяттар

⁷⁸ «Әли-Имран» сүресі, 103-аят

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне соларға зор азап бар»⁷⁹.

Басқа бір аятта былай айтылады:

«Аллаһқа әрі елшісіне бойұсыныңдар, өзара жанжалдаспаңдар. Әйтпесе үрейленесіңдер де құттарың қашады. Сабырлы болыңдар, расында Аллаһ сабырлылармен бірге»⁸⁰.

Кітап иелерінен бүлікшілер мен мүшриктердің діндерін бөлшектеп топ-топқа айналғаны үшін былайша сөгеді:

«Күдіксіз діндерінде бөлініп, топтарға айырылғандармен ешбір байланысың жоқ. Сөзсіз олардың ісі Аллаһқа тән. Кейін оларға істеген істерін түсіндіреді»⁸¹.

Тағы бір аятта Аллаһ былай баяндайды:

«(Мұхаммед с.а.у.) Бәрінен бет бұрып жүзіңді Ислам дініне жөнелт. Аллаһ жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Аллаһтың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы тұп-тура дін. Бірақ, адамдардың көбі түсінбейді. Аллаһқа бой ұсынған түрде одан қорқа отырып намаз оқыңдар әрі ортақ қосушылардан болмаңдар. Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларына мәз болғандар»⁸².

Ал фикһ мәзһабтары арасында бөліну түсінігі болған емес. Керісінше дін тұтастығын сақтап келді. Мәзһаб иелері бір-бірін құрметтеп, қуаттап отырды. Бұған бүгінгі фикһ әдебиеттері мен әр түрлі мәзһаб

⁷⁹ «Әли-Имран» сүресі, 105-аят

⁸⁰ «Әнфал» сүресі, 46-аят

⁸¹ Әнғам сүресі 159

⁸² «Рум» сүресі, 30,32-аяттар

ұстанатын мұсылман елдеріндегі мұсылмандар дәлел бола алады.

Бірлік – діни парыз

Ислам уағызшысының және дін қамын ойлаған адамның басты мақсаты бірлік, ынтымақ, сүйіспеншілік пен өзара татулықты орнату болуы керек. Бөлінушілік пен кикілжіңге, жамағат арасын бұзатын, ауызбіршілікке нұқсан келтіретін, сыртқы дұшпандық пен ішкі араздыққа алып баратын істердің алдын алуы қажет. Өзара ынтымақ пен татулыққа, сүйіспеншілік пен қолғабыс көрсетуге шақырып, бөлінушілік пен дұшпандықтан сақтандыратын Ислам сияқты дін жоқ. Құран мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистері мұның айқын дәлелі. Сондықтан төрт мәзһабтың арасындағы айырмашылықтарды қолданып араздық туындату дұрыс емес. Олардың төртеуінің де әһлі сүннә уал-жамағаттың ұстанған ғылыми әдістемелік жолына сүйенетіндігін білеміз. Сондықтан жергілікті халық арнайы бір мәзһабты ұстанып келген болса, онда ол жерге басқа мәзһаб көзқарасын тарату арқылы бұқара халықты дүдәмалдыққа салуға болмайды. Ал, егер ғасырлар бойы бірнеше мәзһаб қатар келе жатса, барлығын бір мәзһабқа мәжбүрлеуге де болмайды. Бұл мәселеде негізгі таразылаушы нәрсе мұсылмандардың бірлігі болуы тиіс. Себебі мәзһабтар арасы айырмашылыққа себеп болған мәселелер діннің негізгі ұстанымдары емес, екінші дәрежелі мәселелер екенін білеміз. Осындай мәселелер үшін діннің басты ұстанымы бірлікті жоғалтпау керек.

Құран үндеуінен:

«Ей, мүміндер! Кітап берілгендердің бір бөлігіне бой ұсынсаңдар, онда олар сендерді иман келтіргеннен кейін күпірлікке қайтарады. Сендерге Аллаһтың аяттары оқылуда, әрі іштеріңде Аллаһтың елшісі бола тұра қалайша күпірлік етесіңдер. Сонымен қатар кімде-кім Аллаһқа байланса әрине ол тура жолға түсіріледі. Ей, мүміндер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да мұсылман болған күйде ғана өліңдер. Түп-түгел Аллаһтың жібіне жабысыңдар да, бөлінбеңдер. Сондай-ақ өздеріңе Аллаһтың берген нығыметін еске алыңдар. Өйткені бір-біріңе дұшпан едіңдер. Ол жүректеріңнің арасын жарастырды. Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді. Сендердің іштеріңде жақсылыққа шақыратын және дұрыс істі бұйырып, бұрыс істен тыятын бір топ болсын. Міне, олар құтылушылар. Өздеріне ашық дәлел келгеннен кейін бөлініп қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар. Қиямет күні кейбір жүздер азарып кей жүздер қараяды. Сонда жүздері қарайғандарға: «иман келтіргеннен кейін қарсы келдіңдер ме? Ендеше қарсы келулерің себепті азапты татыңдар» (делінеді). Ал енді ақ жүзділер Аллаһтың рақымында болады да, олар онда мәңгі қалады»⁸³.

«Шын мәнінде мүміндер (бір-біріне) бауыр. Сондықтан екі бауырларыңның арасын жарастырың-

⁸³ «Әли-Имран» сүресі, 100,107-аяттар

дар және Аллаһтан қорқыңдар. Сонда игілікке бөленерсіңдер»⁸⁴.

Осы аяттың артынан ынтымақ пен бауырластықты қалай сақтау керектігі баяндалады.

«Ей, мүміндер! Бір ел бір елді келеке қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді мінемеңдер, жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін жағымсыз ат (тағу) нендей жаман. Ал кім тәубе етпесе, міне солар залымдар. Ей, мүміндер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермеңдер, біреуді біреу гайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине оны жек көресіңдер. Расында Аллаһ тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді»⁸⁵.

«Күдіксіз діндерінде бөлініп топтарға айырылғандармен ешбір байланысың жоқ. Сөзсіз олардың ісі Аллаһқа тән. Кейін оларға істеген істерін түсіндіреді»⁸⁶.

Хадистен насихаттар

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистері Құран аяттарын қуаттап, әрі тарқата отырып бірлікке шақырып, бөлінушіліктен қайтарады. Тирмизи риуаят еткен хадисте Абдуллаһ ибн Омар (р.ғ.) былай дейді:

«Омар (р.ғ.) Жәбия деген жерде біздерге насихат жасап Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына сөзін айтты: «... Жамағатпен бірге болыңдар. Бөлінуден сақтаныңдар. Себебі шайтан жалғызбен бірге. Екі адам біріксе шайтан

⁸⁴ «Хужрат» сүресі, 10-аят

⁸⁵ «Хужрат» сүресі, 11,12-аяттар

⁸⁶ «Әнғам» сүресі, 159 аят

аулақ болады. Сондай-ақ кімде-кім жәннат рақатын қаласа жамағаттан ажырамасын».

«Аллаһтың құдірет қолы жамағатпен бірге»⁸⁷

Ибн Омар (р.ғ.) тағы да Пайғамбарымыздан (с.а.у.) мына хадисті риуаят етеді: «Аллаһ Тағала үмметімді адасушылықта біріктірмейді. Аллаһтың құдірет қолы жамағатпен бірге. Кімде-кім бөлінсе, тозаққа (үшін) бөлінгені»⁸⁸.

Сонымен қатар төмендегі мына хадистерге де мұқият назар аударайық. «Кімде-кім жамағаттан бір қарыс ажырап өлсе, надандықпен өлгені»⁸⁹.

«Мұсылман мұсылманның бауыры. Кімде-кім бауырының мұң-мұқтажына жәрдем етсе, Аллаһ та оның мұң-мұқтажына жәрдем етеді»⁹⁰.

«Өзіне жақсы көрген нәрсені бауырына да қаламайынша, сендердің ешбірің кәміл мүмін болмайды».

«Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етемін! Иман келтірмейінше жәннатқа кірмейсіңдер, ал бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше толық иман келтірген болмайсыңдар. Сендерді бір-бірлеріңді жақсы көруге алып баратын іске бастайын ба?! Онда араларыңда сәлем беруді жайыңдар»⁹¹.

⁸⁷ Тирмизи 2167

⁸⁸ Тирмизи 2168

⁸⁹ Бұхари; Муслим

⁹⁰ Бұхари; Муслим

⁹¹ Муслим

4. СЕБЕП: МӘЗҒАБ ЖАЙЛЫ САУАТСЫЗДЫҚ

Мәзһабпен жүресің бе, әлде сүннетпен бе?

Бұл сұрақ та кейбір бауырларымыз тарапынан қойылып жатады? Екі жауаптың қайсыбірін таңдасаңыз да ерсі естіледі. «Мәзһаб» десең сүннеттен тайғандай боласың, «сүннет» десең мәзһабты сүннеттен бөлек нәрсе еткендей боласың. Алайда негізгі проблема сұрақтың жөнсіз қойылуында ғана жатыр. Бұл жоғарғы оқу орнының құрлымынан хабарсыз адамның, шалашарпы білгенімен «университетте оқисың ба, әлде факультетте оқисың ба?» деген сұрағы сияқты. Қалай жауап берер едіңіз? Бір ғана жауабы бар: «университеттің пәлен факультетінде оқимын». Екеуін екі бөлек көрсету әсте мүмкін емес. Мысырлық Мұхаммад Ғазали (1917-1996 ж.ж) өзінің мақалаларының бірінде былай дейді: «Менен адамдардың бірі «Пайғамбарымызға ересің бе, әлде Әбу Ханифаға ересің бе?» деп сұраған кезде, оның сұрағына еріксіз күліп былай деуші едім:

«Пайғамбарымыздың сөзіне Әбу Ханифаның түсіндіргені бойынша еремін. Әбу Ханифаның қадірлі болуы өзінің жеке басынан туындаған нәрсе емес. Тек оның айналысқан діни ғылымына және пайғамбар (с.а.у.) қалдырған жолмен жүруіне ғана байланысты. Бүгінге дейінгі барлық мүжтаһид имамдар да дәл осылай»⁹².

⁹² Уайс. А. «Шәйх Мухаммад әл-Ғазали», 196.

Яғни мәзһаб имамдары мен олардың еңбектері жайлы хабарсыз болудан туындаған қате түсінік екенін көреміз. Осы орайда Ибраһим Салқини өзінің «Усулу-л-Фикһ әл-Ислами» атты еңбегінде былай дейді:

«Фикһ негіздеріне көз жүгіртіп, зерделеген адам Ислам фикһындағы мол мұралардың жазылуында кәміл ғылыми жол ұсталғандығына және оны жазғандар әрдайым сенімді де күрделі қағидаттардың шеңберінде ізденіс-зерттеулерін жүргізгеніне куә болады. Зерттеп қараған кісі олардың жеке қалауын қанағаттандыру үшін әуестікпен немесе дүниелік мақсат-мүддесіне қол жеткізу үшін сыртқы күштің итермелеуімен жазбағандығына кәміл сенеді. Әрі олардың терең түсініктері мен ұстанған жолдарынан өнеге тұтарлық мысалдар алады. Сонымен қатар имамдар мен мәзһабтары арасындағы қайшылықтардың негізгі себебі жеке көзқарастары емес, керісінше ғылыми қағидалар екеніне көзі жетеді. Егер біз мәзһабтар арасындағы айырмашылықтардың ғылыми қағидаттардан туындағанын түсінсек, онда мұндай айырмашылықтың болуы Құран мен Сүннеттен үкім шығаруда және сол жолда ізденіс жасауда жеңілдік әрі мүмкіншілік екенін түсінеміз. Әйтпесе, мұны Құран мен сүннеттің негізі мен мазмұнынан ауытқу деп түсіну дұрыс емес. Шариғаттың негізгі принциптерінің аясында әрбір мүжтаһид ғалымның арнайы қағидалармен жеткен көзқарасы жарамды саналады. Сондықтан осы ғылыми жолдың нәтижесінде пайда болған айырмашылықтар мен қайшылықтар тыйым салынған қайшылықтарға жатпайды»⁹³.

Ал Шейх Юсуф Набахани өзінің «әс-Сихамус-Саиба» атты еңбегінде былай деді: «Кімде-кім Имам

⁹³ әс-Салқини. И., «әл-Муйәссәр Фи Усул- ул Фикһ». 24 б.

Зәйлағидің «Хидая» кітабындағы хадистердің сілтемелеріне қараса Имам Әбу Ханифаның мәзһабының да басқа мәзһабтар сияқты хадис білгірінің мәзһабы екеніне көзі жетеді. Себебі барлық имамдардың кез-келген мәселеде сүйенер басты дәлелдері бірінші – Құран; одан дәлел таппаса, Пайғамбар сүннеті (хадистер); сүннетте табылмаса ғұламалар ижмасы; онда табылмаса, осы үшеуінде үкімі белгілі болған мәселелердің ең жақыны мен ұқсасына салыстыру тәсілі «қияс» болып табылады»⁹⁴.

Шейх Әбдус-Салам Ират:

«Мәзһабсыздардың айтып жүрген «мүжтаһид имамдар сахих хадиске қайшы амал жасады немесе оларға және ізінен ергендерге сахих хадистер жетпей қалды» деген сөздерін зерттеуге тырыстым. Нәтижеде бұл хадистердің барлығы оларға және ізінен ерушілерге толық жеткенін көрдім. Бірақ олар бұл хадистерден мәзһабсыздардың түсінгенінен өзге нәрсе түсінген. Құран мен сүннеттің жалпы ұғымына қайшы келген хадистерді алмаған. Ал мәзһабсыздарда ғылыми-әдістеме және сараптау қағидалары болмағандықтан мұны қате түсінуде. Фикһ және оның негіздері жайында жазылған кітаптар, мәзһаб ғұламаларының өз мәзһабтарын әбден тексеріп зерттеуден өткізгендігіне, әрі басқа да мәзһабтардың дәлелдерінен хабардар болып, соның ішінде Құран мен сүннетке ең жақын дегенін алғандығына үлкен дәлел»⁹⁵.

⁹⁴ Мухаммад Ю.Х., «әл-Маусуғат-ул юсуфия» 523 б.

⁹⁵ Мухаммад Ю.Х., «әл-Маусуғат-ул юсуфия». 524 б.

Мәзһабсыздардың кейбір пікірлері

1. Мәзһаб ұстану қате және бидғат (дінге кейіннен енгізілген іс). Себебі, мәзһаб ұстанбау – нағыз түпнұсқа әрі оңай жол. Аллаһ Тағаланың мақсат еткен нәрсесін дұрыс түсінуге ең жақыны да осы жол. Өйткені Аллаһ Тағала білімсізге «білім иесінен сұра» деп әмір бергенде белгілі біреумен шектемеді. Керісінше жалпылама меңзеді. Оны шектейтін келесі бір шектеу болмайынша жалпылама айтылған нәрсе жалпы күйінде қалады.

Жауап: Ия, жеке имамның мәзһабын ұстану шарт болмағаны сияқты, бірден көп имамның көзқарасын ұстану керек деген де мағына шықпайды. Айтылған сөз орынсыз қолданылғаны көрініп тұр. Бұл жайында ғалым Мухаммад Саид Рамазан әл-Бути Ибнул-Имадтың мына сөзін өз кітабында ұсынады: «Белгілі мәзһаб ұстану сол мәзһаб имамына ғана еру дегенді білдірмейді. Бұл дегеніміз – сол мәзһабпен жүріп өткен, қаншама еңбектер қалдырып халыққа дін үйреткен көпшілік ғұламаларға еру деген сөз. Біз олардың адамдар арасындағы бірегейі, осы үммет ғұламаларының ұлықтары екенін біле тұра оларды адасушылықпен айыптауға, істерінің терістігін және олардың жолына ерудің харам, бидғат екендігін айтуға қалай ғана ауызымыз барады.»

Айта кетер тағы бір жәйт, «Аллаһ Тағаланың шарифатын дұрыс түсінуге ең оңай әрі ең жақын жол мәзһаб ұстанбау» деген сөздің өмір шындығына қайшы келетіндігі. Себебі бір адам өзінің айналасындағы адамдарды шарифат үкімдерін орындауда бір мәзһабта, бір қалыпта көруі, «ана имамның, мына имамның көзқарасы» деген қайшылықтарды білмеуі – оның діни міндеттерін тез әрі оңай үйренуіне кепіл. Өзінің таңдауға шамасы жетпейтін әртүрлі көзқарас пікірлердің ара-

сында басын ауыртудан әлдеқайда абзал. Өзгелерді де өзі жүрген жолда көрген адам, өзгелерден ерекшеленіп жүрген адамнан әлдеқайда көңілі жайлы болады»⁹⁶.

2. Қателіктен пәк пайғамбар мен қателікке түсу ықтималы басым біреуге ерудің арасын ажырату үшін арнайы мәзһаб ұстанбау қажет. Себебі мәзһаб ұстанушы адам пайғамбар мен жәй фикһшы ғалымды тең көрген болып саналады.

Жауап: Жоғарыда да айтылғанындай пайғамбарға еру білім иелеріне ерумен, мәзһаб ұстану – көпшілік ғұлама қауымына ерумен болатыны белгілі. Ендеше қалай ғана пайғамбарға еру мен мәзһабқа еруді екі бөлек етіп көрсетуге болады. Мұны айтқан кісінің қатеден пәк пайғамбарға тікелей ерерліктей, шарифат негіздерін зерттеп саралауға осы ғұламалардан артық шамасы жетер ме екен? Оған шамасы қайдан жетпек. Бұл өмір шындығына қайшы ғой. Ол үшін бұл жолда өзінен әлдеқайда лайығырақ адамдар бар. Олар – мәзһабындағы ғалымдар қауымы. Сондықтан оларға ереді. Олардың еңбектерін жоққа шығару – оларға жала жабу, орынсыз табалау болып табылады. Яғни ғұламалардың ізінен еру – қатеден пәк пайғамбарға еру деген сөз. Білімсіз, сауатсыз, өз бетінше еруден құтылып хақиқи үлгіде еру осылай болмақ.

Ғалым Мухаммад Саид әл-Бути «Әллә Мазһабия» кітабында: *«Егер бүкіл адам мағсум (қатеден пәк) Пайғамбарымызға ерудің ақиқатын және Аллаһ Тағаланың сөзін түсінудің жолдарын білсе, онда мұқаллид (еліктеуші) және мүжтаһид болып екіге бөлінбес еді. Аллаһ Тағала бірінші топтағыларға «Егер*

⁹⁶ Мухаммад Ю.Х., «әл-Маусуғат-ул юсуфия». 5534-535 б.

білмейтін болсаңдар білім иелерінен сұраңдар»⁹⁷ деген кезде білім иелері қатеден пәк болмаса да оларға еруін әмір етті. Құран мен хадис қателіктен ада болғанына қарамастан осы екеуінен тікелей іздеулерін әмір еткен жоқ»⁹⁸.

МӘЗҒАБ ЖАЙЫНДАҒЫ СҰХБАТ

Ғалым Мұхаммад Сағид Рамазан әл-Бути «Мәзһабсыздық» атты еңбегінде мәзһабты теріс көрушілермен болған пікірталастың қысқаша қорытындысын бере отырып былай дейді:

«...Бұл бөлім осы кітаптың басқа бөлімдеріне қарағанда маңыздылық тұрғысынан жоғары тұрса керек. Әрине мұның себебі, сіздің бұл жерде ғылыми қағидалар мен құралдар табатындығыңызда жатқан жоқ. Бірақ сіз мұнда ешбір адамнан көре алмайтын фанаттықты көре аласыз. Соған қарамастан олар да бізді фанаттықпен айыптайды. Себебі біздер мың бір дәлелге сүйенген ақиқаттан (яғни, мәзһаб ғалымдарының әбден зерттеген жолынан) ауытқымаймыз. Алайда осы тақырып арқылы олардың өз әрекеттері өздерін ақылға сыймайтын дәрежеде фанатизм торына шырмайтындығын көресің.

Бұл бөлімде біреуді айыптап жала жабудан аулақпын. Ойымнан бірде-бір сөз қоспадым. Осы тақырып бойынша айтысуға келген бауырыма:

⁹⁷ «Нахл» сүресі, 43-аят

⁹⁸ Мухаммад Ю.Х, «әл-Маусуғат-ул юсуфия». 536 б.

– Осы айтқан сөздерінді жақында жариялаймын, – деген болатынмын. (Аллаға аян, бұл сөзді оның ойла-нып сөйлеуі үшін ескерту ретінде ғана айттым). Ол:

– Қалағаныңды жарияла! Мен қорықпаймын, – деді.

Бұл адамды әшкерелеп, есімін атаудан да бас тартамын. Оның мәзһабсыздықты енді үйреніп жүрген адам емес, қайта үйретіп жүрген адам екендігін білуің сен үшін жеткілікті болар.

Оның жанында ақиқатты іздеуші басқа да жастар келген екен. Әңгімені мен бастап, былай дедім:

– Аллаһтың үкімдерін түсінуде қандай жол ұстанасың? Аллаһтың кітабы Құран Кәрім мен сүннеттен тікелей аласың ба, әлде мүжтаһид имамдардан ба?

ОЛ: Мүжтаһид ғалымдардың сөздеріне қарап шығып, Құран мен хадиске ең жақынына сүйенемін.

МЕН: Сенде бес мың Сирия лирасы бар еді. Сенің жаныңда сақтаулы халде алты ай уақыт өтті делік. Кейін оған тауар сатып алдың да, айналымға салдың. Енді қашан зекет өтейсің? Қалған алты ай өткен соң ба әлде, толық бір жыл өткен соң ба?

ОЛ: Сенің бұл сауалыңнан сауда малынан зекет беру уәжіп деген мағына шығады ма? деді сәл ойла-нып.

МЕН: Мен сұрақ қойып отырмын. Сен өзіңе тән жолыңмен жауап беруің керек. Міне мынау алдыңда кітапхана. Ішінде тәпсір, хадис және мүжтаһид ғалымдардың кітабы жеткілікті.

Ол тағы да ойланып барып былай деді:

Бұл – дін ғой. Дайындықсыз жауап бере салатын оңай шаруа емес. Мұның барлығын оқып-тоқып ой

елегінен өткізу керек. Уақыт керек. Біз бұл жерге басқа тақырып талқылауға келген едік қой.

МЕН: Жарайды. Имамдардың дәлелдерін зерттеп шығып, Құран мен сүннетке ең жақынын алу әрбір мұсылманға парыз ба?

ОЛ: Иә.

МЕН: Демек, барлық адам мәһаб имамдарының меңгерген ижтихад мүмкіндігіне ие бола алады дейсің ғой. Тіпті бұл адамдар ең жоғары кәміл дәрежеге жеткен болуы керек онда. Себебі мүжтаһид имамдардың пікіріне Құран мен сүннет заңдылықтары аясында дұрыс немесе бұрыс деп үкім айту – күмәнсіз, олардың барлығынан білімді деген сөз.

ОЛ: Ақиқатында адамдар үш сатыға бөлінеді: мүжтаһид, муттабиғ, муқаллид болып. Мәһабтар арасында салыстырмалы түрде қарай алатын және оның ішінен Құран мен сүннетке ең жақынын таңдай алатын адамды «муттабиғ» дейміз. Бұл мүжтаһид пен муқаллид арасындағы орта дәреже.

МЕН: Муқаллидтің міндеті не?

ОЛ: Мүжтаһидтердің ішінен лайық көргеніне ереді.

МЕН: Егер муштаһидтерден біріне ғана ерсе, одан ажырамаса оған бір күнә бар ма?

ОЛ: Иә. Бұл харам болады.

МЕН: Мұның харам екендігіне дәлелің не?

ОЛ: Аллаһтың өзіне жүктемеген нәрсесін өзіне міндеттеп алғандығы үшін.

МЕН: Құранды жеті қырағаттың (пайғамбарымыздан бері сенімді түрде жеткен, араларында мағына бұзылмайтындай дәрежеде кейбір өзгешелік бар жеті түрлі Құранның оқылу үлгісі) қайсысымен оқисың?

ОЛ: Хафыс қырағатымен.

МЕН: Әрдайым оқисың ба, әлде әр күні әртүрлі қырағатпен оқисың ба?

ОЛ: Әрдайым сол қырағатпен оқимын.

МЕН: Не үшін ол қырағатты ұстанасың? Аллаһ Тағала оны ғана міндеттемей, пайғамбарымыздан сенімді түрде жеткен барлық қырағатпен оқуға рұқсат берді ғой.

ОЛ: Себебі мен басқа қырағаттарды оқыған жоқпын. Менің шамам осы қырағатқа қана жетеді.

МЕН: Егер, шафий мәзһабы бойынша фикх оқыған, басқа мәзһабтарды оқымаған, Аллаһтың дінінде сол имамның жолынан басқаға шамасы келмеген адамды барлық имамдардың дәлелін алу үшін солардың дәлелін оқуға міндеттейтін болсаң, онда саған да барлық қырағаттарды оқып, үйренуің міндет болады. Ал өзінді бұл істен шамаң келмеушілікпен ақтасаң, онда белгілі бір имамға еруші адамға солай қарауың керек. Бұған қоса саған кім айтты, муқаллид бір мәзһабтан екіншісіне ауысып отыруы шарт деп. Шарифат бір мәзһабты жалғасты түрде ұстауды міндеттемегені сияқты, әрдайым бірінен біріне ауысып отыруды да міндеттеген жоқ.

ОЛ: Бұл жерде харам болған нәрсе –оның мәзһаб ұстануды Аллаһ әмір етті деген сеніммен ұстануы.

МЕН: Бұл бөлек нәрсе. Мұның дұрыс емес екендігінде еш күмән, талас жоқ. Бірақ бір адам Аллаһтың өзіне жүктемегенін біле отырып, белгілі мүжтаһидке ерсе, қандай да бір күнә бар ма?

ОЛ: Ешбір күнә жоқ.

МЕН: Алайда мына сенің қолыңдағы дәріс беріп жүрген кітабың мұның терісін айтады. Харам дейді.

Тіпті, кейбір жерінде белгілі бір имамға ауытқымастан еруді күпірге шығаратын жері де бар.

ОЛ: Қайда.....? – деп кітабына үңіліп тақырыптарын оқи бастады. Кітап авторының «кімде-кім барлық мәселеде бір имамға ерсе, ол қателесуші, фанат, соқыр сеніммен еліктеуші. Ол діндерін быт-шыт қылып бөлушілерден» деген сөзіне үңіліп қарай бастады. Сосын:

– Бұл жерде «еру» сөзімен «шариғат бойынша парыз» деп сенуді айтып отыр. Мәтінде кемшілік бар... деді.

МЕН: Автордың осындай мағынаны мақсат еткеніне қандай дәлелің бар? Не үшін кітаптың авторы қателесті демейсің?

Жігіт сөйлемнің дұрыстығын жақтап тұрып алды. «Бұл жазылмай қалған жасырын мағынаға байланысты, әйтпесе автор қандай да бір қатеден аулақ» деп дес бермеді.

МЕН: Не болғанда да, бұл сөз ешбір мұсылманға қатысты емес. Оның ешбір мәні де жоқ. Өйткені кез-келген мұсылман төрт мәһаб имамына ерудің қырық парыз секілді парыз емес екендігін біледі. Әрі кез-келген мұсылман мәһаб ұстанғанда өз ерік-қалауымен ұстанады.

ОЛ: Қалайша...?! Мен көптеген адамдардан, тіпті кейбір ғалымдардан «белгілі мәһабты ұстану шариғи тұрғыдан уәжіп және одан басқаға өтуге рұқсат жоқ» деп естідім.

МЕН: Саған осы сөзді айтқан халықтан немесе ғалымдардан бір адамның есімін айтшы.

Біраз үнсіз қалды. Бірақ менің сөзімнің рас болатындығына таңданып отырды. Адамдардың көбі

бір мәзһабтан екінші мәзһабқа өтуді харам деп санайды деген ойынан арыла алмады. Содан кейін мен:

– Сен муқаллид пен муттабиғ арасындағы айырмашылықты қайдан шығардың? Бұл айырмашылық сөздік мағынада ма, әлде терминдік қолданыста ма? – деп сұрадым.

ОЛ: Екеуінің арасында сөздік ерекшелік бар.

Мен тілге қатысты әдебиеттерді алдына қойдым. Екі сөз арасында ешбір айырмашылық таба алмады. Оған әзіреті Әбу Бәкірдің сөзінде қолданылған «тәбәғун» сөзі (муттабиғ сөзінің түбірі)» ешбір талассыз, талқысыз келісу» деген мағынаға келетіндігін айттым.

ОЛ: Терминдік ерекшелік болсын делік... Менің ешбір нәрсеге терминдік ұғым қалыптастыруға құқығым жоқ па?!

МЕН: Бар. Бірақ сенің терминің ешбір ақиқатты өзгерте алмайды. Сенің «муттабиғ» деп атағаның егер дәлелдерден және олардан үкім шығарудан хабардар болса, онда мужтаһид саналады. Егер дәлелдерді білмесе, иә дәлелдерді білгенімен үкім шығаруға шамасы жетпесе «муқаллид» саналады. Ал, кейбір мәселеде шамасы жетіп, кейбір мәселеде шамасы жетпесе, онда кейбірінде мүжтаһид, кейбірінде муқаллид деп аталады. Қалай болғанда да екі-ақ топқа бөлінеді. Екеуі де түсінікті.

ОЛ: Муттабиғ дегеніміз – мәзһаб имамдарының сөзі мен дәлелдерін сараптап, ішінен тәуірін таңдап алады. Бұл муқаллидтің құр ере беруінен өзгеше іс.

МЕН: Егер сен имамдардың сөзін сараптау деп, дәлелі қуаттысы мен әлсізін ажыратуды айтып тұрған болсаң, бұл ижтихадта ең жоғары дәреже. Сен жеке басың мұны істеуге шамаң келе ме?

ОЛ: Мен шама-шарқымша істеймін мұны.

МЕН: Мен сенің бір мәжілісте отырғаныңда «бір сөзбен айтылған «үш талақ» бір ғана талаққа жүретіндігі жайлы пәтуа бергендігіңді білемін. Сен осы пәтуаннан бұрын ғалымдардың сөздері мен дәлелдерін қарап шығып, кейін сараптап, соған қарай пәтуа бердің бе? Уаймир ибн Ажланидің пайғамбарымыздың (с.а.у.) мәжілісінде әйеліне «үш талақ» бергені жайлы хадис бар. Енді сол хадис және оның аталмыш мәселеде алатын орны көпшілік имамдардың көзқарасына дәлел болады ма, әлде Ибн Таймияның көзқарасына ма? Бұл жайлы не білесің? (Ибн Таймия «үш талақ» мәселесінде төрт мәзһаб имамына қайшы пәтуа берген. Бұл жігіт сол Ибн Таймияның пәтуасын ұстануда)

ОЛ: Бұл хадиске қарамадым.

МЕН: Дәлелдерінің қуаттылығы мен әлсіздігіне қарамастан қалайша төрт мәзһаб имамының келіскен мәселесіне қайшы пәтуа бересің. Міне, сен өзің ұстанатын және бізді де соған шақыратын принципінді тәрк еттің. Ол – дәлелдер мен үкімдерді сараптап қуаттысын алатын, өзің термин ретінде қалыптастырмақшы болған «муттабиғ» принципі...! Олардың ешбір дәлеліне қарамай тұрып, сені мұсылман ғалымдарының көпшілігіне қайшы пәтуа беруге асықтырған нәрсе не екен?

ОЛ: Мен не істеймін? Сұрақ қойылды... Жанымда да шектеулі ғана әдебиет бар еді.

МЕН: Ғұламалар мен имамдарымыз істеген нәрсені саған да істеуге болатын еді. Ол сенің «Мен білмеймін» деуің немесе ешбірімен пәтуа берместен төрт мәзһабтың көзқарасы мен қарсыластарының айтқанын

білдіруің. Сенің бұған шамаң жететін. Әрі солай істеуің саған міндет...

Ал енді (өзің мойындап тұрғандай) дәлелдерге көз жүгіртпестен төрт имамның біріккен пәтуасына қайшы пәтуа беруің, оларға қарсы пікірдегілердің дәлеліне көңіліңнің бұруымен шектелуің – міне бұл бізді кінәлап жүрген «фанатизмнің» нағыз шегі.

ОЛ: «Шауканидегі», «Субулус-Саламдағы» және Сайд Сабиқтың «Фикхус-суннасындағы» төрт имамның дәлелін қарап шыққан болатынмын.

МЕН: Бұл кітаптардың барлығы бұл мәселеде төрт имамның қарсыластарынікі. Барлығы бір тараптан сөз қозғайды. Өз тараптарын қуаттайтын дәлелдер көрсетеді. Сен екі дауласушының бірінің ғана сөзін, куәсін, жақындарын тыңдап төрелік етуді жөн санайсың ба?

ОЛ: Мен өзімнің бұл әрекетімде сын тағылатын ешнәрсе көрмедім. Сұраушыға пәтуа беруім керек болды. Ал, менің түсінігіммен жеткен жерім сол болды.

МЕН: Сен өзінді муттабиғпін дедің. Әрі бәріміздің солай болуымызды парыз дедің. Муттабиғ болуды «мәзһабтардың көзқарасының барлығын қарап шығу, дәлелдерін оқу, сөйтіп сахих дәләлге ең жақынына сүйену» деп түсіндірген болатынсың. Енді әлгі әрекетінде сен өз ұстанымыңды ысырып тастадың. Сен төрт мәзһаб имамдарының көзқарасы бойынша үш талақ берілсе, үш талаққа жүретінін білесің. Олардың бұл мәселе де дәлелдері барын да білесің. Әрі ол дәлелдерге қарамадың да. Бұған қоса олардың келіскен пікірінен өз нәпсің қалаған пікірге ауып кеттің. Әлде

одан бұрын мүжтаһид имамдардың дәлелдері теріс екендігін анық білген бе едің?

ОЛ: Жоқ. Мен іздестіріп те қарамадым. Себебі жанымда жеткілікті әдебиет болған жоқ.

МЕН: Неге күтпедің? Аллаһ Тағала қайтсең де пәтуа бер деп жүктемесе де неге асықтың? Сенің имамдардың дәлелінен хабарсыз болуың, Ибн Таймияның дәлелінің қуатты болуына дәлел бола алады ма? Әлде, сендердің бізді айыптап жүрген «фанатизмдерің» бұдан басқа нәрсе ме?

ОЛ: Менің жанымда табылған кітаптағы дәлелдер мені қанағаттандырды. Аллаһ Тағала маған бұдан артығын жүктемейді де.

МЕН: Егер бір мұсылман өзі қарастырған кітаптан бір нәрсені дәлел етіп алуы, түсінігіне қайшы көрінген басқа мәзһабтардың дәлелдерімен таныспай-ақ, оларды ысырып тастауына шарт ретінде жеткілікті ме?

ОЛ: Оған сол жеткілікті болады.

МЕН: Дінге жаңадан бет бұрған, Ислам мәдениетінен ешбір хабары жоқ жас жігіт Аллаһ Тағаланың Құрандағы: «Шығыс, батыс әр тарап Аллаға тән. Қай жаққа бет қаратсаңдар да, Алланың жүзі (разылығы) сол жақта»⁹⁹ – деген сөзін оқыды делік. Сөйтіп, сыртқы мағынасы көрсеткендей, мұсылманға намазда қалай қараса да болады деп түсінеді. Сонымен қатар төрт имамның «намазда қағба тарапына қарау шарт» деген пәтуаға бірауыздан келіскенін де естиді. Олардың дәлелі бар екенін біле тұра таныспайды да. Енді бұл адам намазға тұрғанда не істейді? Өзінің қолындағы бар дәлелден пайда болған тұжырымына ере ме, әлде

⁹⁹ «Бақара» сүресі, 115-аят

оның түсінігіне қайшы имамдардың бірауыздан келіскен пікіріне ере ме?

ОЛ: Әрине ол өз тұжырымына ереді!

МЕН: Мәселен, шығысқа қарап оқыса намазы дұрыс бола ма?

ОЛ: Иә. Себебі, ол өз тұжырымына еруге міндетті.

МЕН: Егер өзінің жеке тұжырымы оған көршісінің жарымен зина жасауға, арақ ішуге немесе өзгенің малын орынсыз тартып алуға шақырса, сонда Аллаһ Тағала оның «өзіндік жеке тұжырымының» арқасында осының бәрін ол үшін халал етіп қояды ма?

Жігіт біраз ойланып отырып:

– Қалай дегенмен, бұл айтқан оқиға ойдан құрастырылған ғой, хақиқи өмірде кездеспейді, – деді.

МЕН: Бұл ешқандай да қиял емес. Керісінше өмірде көптеп көрініс табатын оқиға. Бұдан да сорақысы кездеседі... Жарайды, (қиял десең де, ақиқат десең де) сен кез келген жағдайда «жеке тұжырымға» шешуші рөл бердің. Бұл сенің «муқаллидтер, муттабиғтер және мүжтаһидтер» деп үш топқа бөлуіне қайшы емес пе?

ОЛ: Негізінде оған ізденуі керек. Ол басқа аят немесе хадис оқымады ма сонда?

МЕН: Дәл сен пәтуа берерде таппағаныңдай, оның да жанында әдебиеттер табылмады. Құбыланың әмір етілуі мен бағыты жайлы басқа аят оқуға мүмкіндігі болмады. Сонда да сен әлі сол жеке тұжырымына сүйеніп, имамдардың ижмасын (пәтуа) тастайды деген пікірдесің бе?

ОЛ: Иә. Егер зерттеу мен ізденіске шамасы келмесе, онда оны кешірімді санаймын. Ізденісі мен білімі неге бағыттаған болса, оған сол нәрсе жеткілікті болады.

МЕН: Сенің атыңнан мына сөздерінді жариялаймын... Бұл сөздерің өте қауіпті, әрі таңқаларлық сөз болды.

ОЛ: Қалағаныңды жарияла. Мен қорықпаймын.

МЕН: Егер Аллаһтан қорықпасаң, менен қалай қорықпақсың? Сен әлгі сөздеріңмен Аллаһ Тағаланың «Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұрандар» деген сөзіне қарсы шығып отырсың.

ОЛ: Бауырым, ол мүжтаһид имамдардың қателеспейтіндігіне кепілдік жоқ. Ал менің сүйенген аятым – қатеден пәк Аллаһ Тағаланың сөзі. Қалай ғана пәк Аллаһ Тағаланың сөзін тастап, қателесуі мүмкін біреудің сөзін ұстанамын.

МЕН: Онда бері қараңыз! Қатеден пәк болған нәрсе – Аллаһ Тағаланың сөзіндегі хақиқи мағына, «Шығыс та, батыс та Аллаһтікі» дегендегідей. Құран мен Ислам мәдениетінен ұзақ әлгі жас жігіттің түсінген мағынасы емес. Ал енді мен екі түсінік арасын салыстырудамын. Әлгі дінге жаңа кірген жас жігіт пен мүжтаһид ғалымның түсінігі. Екеуі де қателіктен ада емес. Бірі – білімсіздік пен үстірт ойлау дәрежесінде, екіншісі – ғылым мен ізденістің шыңында.

ОЛ: Аллаһ Тағала оған өз ізденісінен артық ештеңе жүктемейді.

МЕН: Онда сен менің мына сұрағыма жауап берші. Бір адамның суыққа шалдыққан науқас баласы бар. Оны сол елдегі барлық дәрігерлер тексеріп, арнайы бір дәрі беруге келісті. Балаға пенцилин салуға болмайтындығын әкесіне ескертіп, баланың өміріне қауіп төнетіндігін мәлімдейді. Алайда баланың әкесі денсаулық басылымдарының бірінен пенцилиннің суыққа қарсы пайдалы екенін оқығаны бар болатын.

Дәрігерлердің неге сүйеніп айтқанын білмегендіктен, өзінің жеке біліміне сүйеніп, олардың сөзіне қарсы шықты. Өзінің жеке тұжырымын іске асырып, баласына пенциллин салдырды. Нәтижеде баласы бақи дүниеге аттанып кетті... Енді осы адам істеген ісі үшін күнә алып, сұраққа тартылады ма, жоқ па?

Жігіт біраз ойланып, кейін былай деді:

– Екеуі екі бөлек нәрсе.

МЕН: Жоқ, дәл бірдей жағдай. Қалай ғалымдардың келісімді пәтуасын тыңдағаны сияқты, дәрігерлердің де келісімді нұсқауын естіді. Бірақ оған құлақ түрмей, өзі оқыған Құран аятына сүйенгендей, әлгі әке де дәрігерлерге құлақ аспай өзі оқыған басылымға сүйенді. Екеуі де өздерінің жеке тұжырымдарын қолданды.

ОЛ: Бауырым, Құран нұр ғой, нұр...

МЕН: Құран нұры кез келген оқып, көз жүгірткен адамның ақылына сәуле бере салады да, Аллаһтың мақсат еткен мағынасын түсіне қояды дейсің бе? Егер барлығы бірдей бұл нұрдан керегін алып тұрса, онда «әһлі-зікір» (білім иелері) мен өзгелердің арасында не айырмашылық бар?! Жоғарыдағы екі мысал бірдей, араларында айырмашылық жоқ. Енді сен маған жауап беруге тиіссің: «Жәй ізденуші осы жағдайларда өзінің жеке тұжырымына ілесе ме, жоқ әлде арнайы маманға ілесіп, оның сөзін қабыл етеді ме?»

ОЛ: Әрине жеке тұжырымына. Өйткені ол – негіз болып саналады.

МЕН: Бір адам өз жеке тұжырымына сүйеніп, нәтижесінде ұлының қазасына себеп болды. Оған шариғи немесе құқықтық тұрғыдан қандай да бір жауапкершілік жүктеледі ме?

Ол сенімді түрде:

«Жоқ, ешбір жауапкершілік жүктелмейді» – деді.

МЕН: Жә, сенің мына айтқан сөзіңнен кейін біз әңгімемізді тоқтатсақ жөн болар. Бұл сөзіңмен екеуіміздің арамыздағы ортақ пікірге жетуіміз мүмкін болатын барлық жолдар жабылды. Сенің Ислам үмметінің келісімді пәтуасынан (білім иелерінен сұрау жайындағы) шығуыңа әлгі сөзің жеткілікті. Егер сен сияқты фанаттар болмаса, «жиіркенішті фанатизмнің» жер бетінде мән-мағынасы қалмас еді».

Иә, білімсіз мұсылман Құраннан оқыған нәрсесімен пәтуа берсе... Бүкіл мұсылмандарға қайшы, құбыладан өзге тарапқа қарап намаз оқыса, онысы дұрыс саналса... Жәй бір адам өз тұжырымына сүйеніп, өз бетінше емдесе... Науқасты өз қолымен о дүниеге аттандырып «Аллаһ деніңе саулық берсін» десе...

Олай болса неге олар да бізді өз жайымызға қалдырмайды екен, біле алмадым. Біз де «өз жеке тұжырымымызға» сүйеніп, «діни үкімдер мен шариғи дәлелдерді меңгермеген адам құран мен хадисті өзінен гөрі жақсырақ түсінген мүжтаһид имамдардан бір имамның мәзһабын ұстануы тиіс» – дейміз.

Олар үшін біздің бұл пікіріміз қаншалықты қате болса да, «жеке тұжырым» деген қорғаушы бар емес пе?! Құбылаға теріс қараса да, намазы дұрыс болған адам мен баласын өлтіріп мұны ізденіс пен емшілікке балаған кісінің пікірін дұрысқа шығарған нәрсе біздің де пікірімізді дұрысқа шығаруда басшылыққа алынсын!

ІІІ БӨЛІМ
СӘЛӘФИЯ ХАҚ ЖОЛ МА?

СӘЛӘФИЯ ХАҚ ЖОЛ МА?¹⁰⁰

Сәләф сөзі және оның діни әдебиеттегі мағынасы. Сәләфия сөзін қалай түсініп жүрміз? Өзін «сәләфимін» деп арнайы жамағатқа кіру қаншалықты дұрыс?

Шынымен сәләфия жамағаты ғана тура жолда ма?

Тура жолда болуды анықтаудың қандай таразысы бар?

Мәзһаб ұстанушылар сәләфус-салихиннен бөлек жолда ма?

Егер «сәләф» сөзінің сөздік мағынасына келер болсақ «алдыңғы, бұрынғы» деген мағынаны білдіреді. Уақыт ағымына қарай әрбір өткен шақ кейінгілер үшін «сәләф» деп аталады. Алайда бұл сөз Ислам дінінде тұрақты, әрі арнайы ұғымға айналып, басқа мағынада қолданылмайтын сипатқа ие болды. Діни әдебиетте Ислам дәуірінің ішіндегі ең абзал кезеңді білдіреді. Ол кезең Ислам үмметінің Пайғамбарымыздан (с.а.у.) кейінгі алғашқы үш буынының дәуірі еді. Себебі Бухари мен Муслимде Абдуллах ибн Мәсғудтан риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Адамдардың ең абзалы менің заманымдағылар. Одан кейінгі абзалдары – олардан кейін келгендер. Олардан кейінгі абзалдары – олардан кейін келгендер. Бұлардан кейін куәлігінен бұрын анты, антынан бұрын куәлігі

¹⁰⁰ Сәләфия тақырыбына қатысты мәтіндер м.С.Р. Әл-бутидің «әс-сәләфия» атты кітабынан алынды

жүретін қауымдар келеді» – деген. Осы үш буынның абзалырақ болуының себебіне үңілетін болсақ, олардың пайғамбарлық бұлағынан тікелей сусындап, пайғамбар (с.а.у.) тағылымына ең жақын болғандықтарын көреміз. Сахабалар Исламның сенім негіздерін және діни ұстанымдарды Пайғамбарымыздан (с.а.у.) тікелей үйренді. Ал табиғиндар (сахабаларды көрген мұсылмандар) пайғамбарлық нұрына сахабаларға еру, олардың насихаттарын естіп, тәлім-тәрбиелерін көру арқылы жетті. Өтбағут-табиғиндер (табиғиндерді көрген мұсылмандар) болса, осы саф пікір мен Ислами табиғаттың бұзылмай сақталуының соңғы кезеңінде еді. Осы кезеңнен бастап әр түрлі дінге жат әрекеттер (бидғат) жайыла бастады. Дегенмен осы үш буынның қайырлы болып көрсетілуі бізге бұдан басқа нені меңзейді? Осы сұрақ төңірегінде ой өрбітсек.

Бұл – бізге солардың ізімен жүруімізді, солардың ұстаным-қағидаларын үйреніп, сол қағидалар мен принциптерді ұстануымызды меңзейді. Арасын ажыратып түсіну керек бір жәйт бар. Алғашқы үш буынға (сәләфус-салихинге) еру – олардың ауызынан шыққан әрбір сөзді дәлме-дәл орындау немесе олар істеген әрбір істі айнақатесіз қайталау арқылы болмайды. Себебі олардың өзі бұлай істеген жоқ. Жекелеген әрекеттерді ешқашан өзгермес заңдылық деп қабылдамады. Оларға еру – олардың Құран мен хадисті түсіндіріп талдаудағы және шариғи үкімдер мен негіздерде белгілеген қағидаларын ұстану арқылы болады. Бұл қағидаларды ұстану олардан кейінгі ғасырларда келетін барлық мұсылмандар үшін парыз. Бұл қағидалар уақыт айырмашылығына қарамай бүкіл мұсылман үмметінің арасын біріктіріп тұратын ортақ ғылыми әдістемелік жол.

Олай болса, сәләф сөзіне сүйеніп Ислам шарифаты мен түсінігіне жат, жаңа ұғым қалыптастыру үлкен қателік. Бүгінгі күні «сәләфия» ұғымы мұсылмандардың арасында арнайы ерекшеліктерге ие ағымның атауы болды. Олар өздеріне осы атаудан белгілі ұғым жасап алды. Сол арқылы өзіндік пәлсапаға сүйенеді. Өкінішке орай, онсыз да аз болмай тұрған Ислам жамағаттарының тізіміне «сәләфия» атымен жаңа бір жамағат қосылды. Олар өздерінің өзгеше болмыстарымен, психологиялық ерекшеліктерімен мұсылмандардың арасында ерекшеленуде. Бұл жаңа ұғымның бүгінгі сипатта пайда болуы дінге жаңадан енген бидғат екендігін айтудың ақиқатқа еш қайшылығы бола қоймас. Сонымен қатар, «сәләфия» сөзінің де Ислам тарихына жат екендігінде күмән жоқ. Себебі сол алғашқы буын «сәләфтардың» өзі де, олардың жолын ұстаған кейінгі ұрпақ та бұл ұғымды білген жоқ. Алғашқы буын өкілдері «сәләфия» сөзін өздерінің жеке бастарын ерекшелеу үшін қолданған емес. Оларға тән идеология немесе әлеуметтік ерекшеліктерді де білдірмеді. Бұл сөз – өздері мен өздерінен кейін келетін буын арасын айыратын кедергі ретінде де рөл ойнамады. Керісінше, олардың ұстанған қағидаларының аясында өздері мен кейінгі келген қауым арасында соншалықты үйлесімділік, мұрагерлік алыс-берісі толық орнағанын көреміз. Мынау сәләфтің жолы, мынау халафтың жолы деп, кейінірек әлдебір мұсылман жамағаты олардың арасын бөлетіндігін, араларына тосқауыл қоятындығын олардың ешбірі ойламаған болар. Шындығына келгенде, олар үшін «сәләф-хәләф» сөзі уақыт өлшемінде қолданылатын «бұрынғы-кейінгі» дегеннен басқа ештеңе білдірген емес.

Енді бүгінгі сәләфилік жайына тоқталайық. Олар өздерін сәләфус-салихиннің жолын жеке-дара өздері ғана ұстанушы етіп көрсетуде. Оларға ерсең ақиқатты табасың, ермесең адасқаның дейді. Енді мұның қаншалықты жөн сөз екенін қалай ажыратамыз? Ол үшін бірінші бұл жолдың ұстанымын анықтауымыз керек болады. Сондықтан олардың сәләфус-салихинге қатыстылығы, сәйкестігі қаншалықты екендігін білу үшін мына сұрақты қоямыз «Біз осы «сәләфия» деген жамағатқа кіріп, оған мүше болғымыз келеді. Біз соның жолымен жүріп, мүшелігіне енуіміз үшін қандай шарттар бар?»

Мұның екі түрлі ғана жауабы бар, үшінші жауап болудың еш қисыны жоқ. Егер осы екеуінен басқа жауап берілсе, еш қиындықсыз олардың сәләфус-салихинге қатысы жоқ екендігін біле аламыз. Ал, біздер үшін талқылауға тұрарлық екі жауапты төменде бірге қарастыратын боламыз.

Бірінші жауап: «Мұның шарты – еш өзгеріссіз, кемшіліксіз, қоспасыз сол сәләф қауымының сөздерін, іс-әрекеттерін, әдет-ғұрыптарын ұстану».

Бірақ біз бұл жауапты қостай алмаймыз. Себебі бұрынғы сәләф қауымы өздерінен тараған сөзді, іс-әрекетті соншалықты өзгермейтін заңдылық деп қарамайтын.

Сонымен қатар, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және сахабалардың әдет-ғұрып пен өмір жағдайларының өзгеруіне байланысты күнделікті іс-әрекеттерін өзгерткендігіне мысалдар көптеп кездеседі. Мәселен, Меккеде мұсылмандардың әдет-ғұрпы Мәдинадағыдан өзгеше еді. Киім, баспана және басқа да қажеттіліктерде ешқандай қиындықсыз өзгерістер

жасады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзі «патшалар мөрсіз хатты оқымайды» деген сөз айтылғанға дейін мөр қолданбады. Бір әйел келіп баласының ұста екендігін, егер қаласа жұмада уағыз айтатын мінбер жасап беретінін айтқанға дейін құрма ағашының түбіртегіне сүйеніп құтпа оқыды. Яғни бұлар уақыт пен ортаның шарттарына қарай өзгеретін істер қатарына жатады.

Сахабалардың кезінде де өзгерістер болып отырды. Табиғиндардың фикһшыларының өзі сахабалардың кезінде болмаған жаңа шариғи жаза үкімдерін шығарды. Бұхтари айтады: «Шурайхқа (хазіреті Омардың кезінен бастап ұзақ жыл қазылық атқарған атақты табиғин) барып оған:

– Мына шығарған жаңалығың не? – дедім.

– Адамдар жаңа мәселелер шығаруда, мен де жаңаша шешім қабылдадым, – деді.

...Олай болса сұраққа берілген бірінші жауаптың бос, сәләф дәуіріндегі өмір шындығына сай ешбір мағынасы, тарапы жоқ екендігі анықталады. Себебі олардың өздері жеке сөздерінде дәлме-дәл қатып қалған жоқ. Іс-әрекеттері мен әдет-ғұрыптарында да сыртқы көрініске жабысып, одан тайқымауға шақырған жоқ. Керісінше, олардың өмірінде мұның терісін көреміз. Ендеше, олардың өзі істемеген істі қалай үлгі тұтамыз? Сондықтан, біреу бірінші жауаптағы айтылғандай «еш өзгеріссіз, кемшіліксіз, қоспасыз сол сәләф қауымының сөздерін, іс-әрекеттерін, әдет-ғұрыптарын ұстанса», оның қателікке түсетіндігі белгілі болды.

Екінші жауап:

Бізге былай деуі: «Бұл жамағаттың құрамына кіріп, оларға ұқсаудың шарты – сәләфус-салихиннің Құран мен сүннет мәтіндерін талдау және одан үкім шығару

және ижтихад жасау қағидаларын бекіту үшін жинақтап, реттеп кеткен ғылыми әдістемелік жолдарын анықтау. Одан кейін Құран мен хадисті түсіну барысында және шариғи үкімдердің тұрақтысы мен дамып отыратынын ажырату кезінде осы жолды мықтап ұстану. (Яғни жеке іс-әрекеттерін емес, шариғатты түсіну жолдарын үйреніп, ұстану)».

Бұған біздің айтарымыз: «Алайда сәләф болсын, басқа болсын мұсылман жамағаттарының ішінде ешбір жамағатта мұндай ғылыми-әдістемелік жолдың жамағатқа кірудің шарты ретінде немесе ол жамағатты өзгелерден ерекшелейтін белгі ретінде рөл атқарғанын көрмейміз. (Себебі бүгінгі төрт мәһабтың барлығы осы ғылыми-әдістемелік жолға негізделіп құрылған)».

Бір жағынан, сәләф дәуірінің алғашқы кезеңінде мұндай әдістемелік жолдың болғандығы айтылмайды. Терминдердің қалыптасуын зерттеу саласында да, шариғи ғылымдардың жүйеленуін қарастыратын салада да ондай мәлімет кездеспейді. Мұндай ғылыми-әдістемелік жолдың орнына оларда Құран мен сүннетті түсініп, талқылауға жарамды таза табиғи арабшаны меңгеру қасиеті ғана болды. Шариғи үкімдер мен қағидаларды белгілеуде жалғыз сүйеніш сол болды.

Ал табиғиндер дәуірі «хадис мектебі» мен «рәй мектебінің» басшылары арасындағы ижтихади пікірталас майданына куә болды. Егер ол кезде аталмыш ғылыми-әдістемелік жол болғанда сондай түсініспеушілік туындамас еді. Бір қызығы, жоғарыдағы екі мектеп те бүгінгі (өзге мұсылмандардан ғылыми, фикһи және идеологиялық тұрғыдан ерекшеленетін) сәләфия ағымының құрылымында басты рөл атқаратын сәләф дәуірінің нақ өзегін қамтиды. Сол дәуірдің өзінде

осындай көзқарас айырмашылықтары болып жатса, онда барлық мұсылманды менің айтқаныммен жүр деп бір пікірге ғана мәжбүрлейтін бүгінгі сәләфияның қай жолды ұстанғаны? Мұндай ғылыми-әдістемелік жол қашан пайда болды? Енді соған келейік.

Имам Шафий бастаған сол заманның мұстаһид имамдары Құран мен сүннет мәтіндерін тәпсірлеу ережесін және ижтихад негіздерін бекіту ісін бастады. Бұл жолда олар жәһилия дәуірі мен Исламның бас кезіндегі арабтар қолданған таза арабша түсінігін үлгі етіп алды. Осы кезде ғана барлық мұсылмандар үшін ижтиһади пікірлерді таразылайтын Құран мен сүннетке тәуелді араб тілі ережелері дайын халге келді. Ал бұл уақыт сәләфус-салихиннің соңғы кезеңі еді. Осы ереже – ижтихад талаптарына сай жасалған тұжырымдар мен дүниелік мақсат үшін Құран мен хадисті бұрмалау арқылы туындаған шарифатқа қайшы пікірлердің арасын ажыратып тұрады.

Бұл ережелер сол заманнан бастап барлық мұсылмандар үшін барлық жерде ортақ жол ретінде қабылданды. Хәләфтан бөлек сәләфқа немесе жекелеген топқа тән емес. (Осы орайда, фикһ мәзһабтары осы ережелер аясында құрылғандықтан жоғары құндылыққа ие екендігін айта кеткен жөн. Сондықтан уақыттың өтуі мен ортаның өзгеруіне қатысты туындайтын қиыншылықтарда осы ережелер аясында өміршеңдігін жалғастыра береді.)

Яғни шариғи ғылымдарда зерттеу жасайтын адам осы ережелерден біреуіне бағынбаса, дінге жеңіл қарап, ойынға айналдырған болып саналады. Тіпті бұл оның Исламнан шыққанын көрсетеді. Дәл осыған керісінше, кімде-кім шариғи ізденісін осы ережелер-

ге негіздесе, сол нағыз Құран мен Сүннетті ұстанушы, пайғамбарымыз өсиет еткен қауымға еруші деген сөз. Қай заманда өмір сүрсе де бәрібір. Өздерін «сәләфия» деп атайтын жамағат оны дұрыс деп қабылдаса да, қабылдамай жолдан таюшы деп қараса да ешнәрсе өзгермейді.

Осы ережелердің шегінен шықпай ижтихад жасаушы адам өзі тоқтаған пікірін дұрыс деп есептеуге құқылы. Бірақ сол мәселедегі басқа пікірлерді қабыл етушілерді адасушы, хақ жолдан таюшы деп тануға хақысы жоқ.

Қорыта айтар болсақ, бүгінгі «сәләфия» жолының ешбір ғылыми мазмұны да, мұсылман жамағатына сәйкесетін тұсы да жоқ. Бұл сөзіміздің тағы бір айғағы – олардың өздері «сәләфия» сөзін Аллаға және пайғамбарына иман келтірген, Исламның қайнар көзі Құран мен сүннетті шынай түрде ұстанған мұсылмандардан өздерін ажыратып тұратын белгі, ерекше сипат ретінде қолдануда.

* * *

Біз бұл тақырыпта анықтаған мәселелерімізге шолу жасар болсақ:

– бүгін «сәләфия» сөзі делінген сәләфус-салихин өздерінің үш ғасырлық дәуірінде сөздерінде немесе күнделікті істерінде қатып қалмағандығы анықталды;

– олардың Құран мен хадисті түсінуде ұстанған жолдары – бүгінгі «усулул-фикһ» және «тәпсір қағидалары» деп аталатын ғылым саласы екендігі анықталды; бұл – мұсылмандардың барлығының исламды іс жүзіне асырудағы ұстанатын жолы, төрт мәһаб осы қағидалар аясында кұрылған.

Сондай-ақ, ол қағидаларды қолдану мұсылмандардың ішінде белгілі бір жамағатқа кірудің белгісі бола алмайды. Бұл ережелер мен қағидаларды барлық мұсылман Құран мен хадисті түсіну үшін басшылыққа алуы парыз. Бұл мәселе нағыз тіл ережелеріне бағыну сияқты. Егер тіл ережелерін өзгелерден бөлек бір ғана жамағатқа тән ету мүмкін болған да, бұл ережелерді де бір ғана жамағатқа тән қылуға болар еді. Сондықтан хақ жолды өз жамағатына ғана тән етіп алушылардың қаншалықты хақ жолдан алыс екенін көреміз.

Енді былай деп айтуымыз ғана қалады: «Ислам үмметі тарихының алғашқы үш буыны өздерінен кейін келген ұрпақтан жалғыз нәрсемен ғана ерекшеленетін. Ол – тақырыптың басында айтып өткен белгілі себептерге байланысты оларды пайғамбарымыздың «абзалдықпен» атауы. Ал бұл себептердің осы үш буын өкілдеріне арнайы бір жамағат қалыбын кигізіп, бүгінгі бір-біріне алақөз ислами жамағаттардың қатарын көбейтетіндей әсері жоқ. Яғни сәләфус-салихиннің атын жамылып жамағат қалыптастырудың, оны өзгелерден бөлектенудің қаруы етудің ақиқатқа еш қатысы жоқ.

Тағы бір анықталған нәрсе – «сәләфия» сөзі тек қана тарихтағы «өткен уақыт бөлігін» білдіретіндігі. Бұған бар қоса алатынымыз пайғамбарымыздың (с.а.у.) ол кезеңді абзалдықпен сипаттағандығы. Алайда, пайғамбарымыз сәләф дәуірінен кейінгі келетін ғасырдың әрбірін өзінен кейінгі келетін ғасырдан абзалырақ деп сипаттаған болатын. Сондықтан бұл сипаттаудан бүгінгі мағыналарды шығаруға еш себеп жоқ.

Демек, «сәләфия» сөзімен өзіне тән белгілі жолы бар ислами жамағат мақсат етілсе, әрі оған кір-

гісі келген адамға белгілі шарттар қойылса, онда ол пайғамбарымыздан кейін пайда болған көп бидғаттың бірі болмақ.

Сәләфия ағымын ұстану мен сәләф қауымын үлгі тұтудың айырмашылығы

Құран мен хадисті түсінуде және оны өмірде қолдануда сәләфу-с салихиннің жолын үлгі ету Құран мен Пайғамбар (с.а.у.) сүннетін ұстанатын мұсылман болудан туындайтын міндет. Себебі, Аллаһ Тағала өзінің елшісіне бой ұсынуды әмір етіп: «Пайғамбар сендерге не берсе соны алыңдар, сендерді неден тыйса содан тыйылыңдар»¹⁰¹ деді. Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса, өзінің және тура жолдағы әділетті орынбасарларының, сондай-ақ сахабалар мен алғашқы үш буын өкілдерінің ішіндегі ізгілердің жолымен жүруді әмір етті. Бұл жайындағы хадис шәріптер:

«Дінге жаңадан енгізілген істерден сақтаныңдар. Ол – адасушылық. Кімде-кімнің өмірі осыған (дінге енгізілген жаңа істер етек алған уақытқа) жетсе, ол менің және менің тура жолдағы әділ халифаларымның жолын ұстанып, мықтап жабыссын»¹⁰².

«Адамдардың ең абзалы менің заманымдағылар. Одан кейін оларға ергендер, одан кейін оларға ергендер»¹⁰³.

Олай болса олардың ең абзал қауым ретінде баяндалуында, оларға еру мен оларды үлгі тұтудан басқа бір мағына жоқ. Ал «сәләфия» деп аталатын, құрамындағы мүшелерін көбейтуге негізделіп құрылған жаңа ағымды

¹⁰¹ «Хашыр» сүресі, 7-аят

¹⁰² Тирмизи, Ибн Мәжә және Әбу Дәудта

¹⁰³ Ахмад, Тирмизи және Бәйхақида

мәзһаб ретінде ұстанудың жоғарыдағы «үлгі тұту» ұғымына қатысы жоқ бөлек нәрсе екені белгілі. Себебі көптеген мәселеде екеуі екі бөлек ұғым екені айқын байқалады.

Енді осы сәләф деп аталған Исламның алғашқы дәуіріндегі үш буын өкіліне еріп, үлгі тұту мен бүгінгі «сәләфия» деген ағымды ұстанудың арасындағы айырмашылыққа тоқталайық. Бұл екеуінің арасындағы айырмашылықты «Мухаммадилер» мен «Мұсылмандар» деген сөздің арасындағы айырмашылыққа ұқсатуға болады. Мұсылмандарға «Мухаммадилер» сөзін қолдану мұсылман емес зерттеушілер мен ориенталистердің әдеттері екені баршаға мәлім. Тағы бір айқын нәрсе – бұлай атаудың ислами ережелер мен шынайы мұсылмандардың өмір шындығына сәйкеспейтін теріс іс екендігі. Себебі «мухаммадилер» сөзі мұсылмандарды Мұхаммедтің (с.а.у.) жеке басына тәуелді, оның жеке пікірлерінің тараптарлары етіп көрсетеді. Ал «мұсылмандар» сөзі болса, Аллаһ Тағаланың әмірі мен үкімдерін дін етіп ұстануды және Мұхаммедтің (с.а.у.) елшілігі арқылы келген барлық нәрсені қабылдау дегенді білдіреді. Шын мәнінде пайғамбарға (с.а.у.) бой ұсыну оны сүю – Аллаһқа бой ұсыну мен оның елшісі екендігін қабылдаудың нәтижесі. Міне осы «Мухаммадилер» мен «мұсылмандар» сөзінің арасындағы айырмашылық сәләф қауымына еру мен «сәләфия» жолын ұстанудағы айырмашылықтың нақ өзі. Сәләфилікті ұстану – сәләфус-салихиннің жеке тұлғалық қасиеттерін сомдайтын және олардың жеке жамағат болғандығын көрсететін арнайы мәзһабтары болды дегенді білдіреді. Бұл қате пікір. Ақиқатында, оларда Аллаһ пен пайғамбарына кәміл түрде бойсұнудан

басқа жеке бастарына тән ерекшеліктері болған жоқ. Бұған қоса бүгінгі сәләфия мәһабына кірушілер өзге мұсылмандардан ерекше, өздерін ғана шынайы Исламды алып жүрушілер, Исламды ең дұрыс үлгіде жандандырушылар етіп көрсетуде. Олардың осылай түсіндіруі мен суреттеулерінің нәтижесінде Ислам – осы ағымның және сол ағымдағылардың ізінен еру; олар қайда барса сонда бару; этика негіздерін олар неге негіздеп құрса соған негіздеп құру; олар неге қарсы күрессе, соның барлығымен күресу болып шыға келеді.

Ал сәләфтарға шын мәніндегі еру дегенге келетін болсақ, ол Пайғамбарымыз (с.а.у.) құрметтеуге әмір еткен, Аллаһтың дінінде шынайы болған үш буын өкілдерін құрметтеуді білдіреді. Сондай-ақ Құран мен хадисті түсіну мен олардан шариғи үкімдерді, діннің басты қағидаларын анықтауда солардың ұстанған жолын үлгі тұту болып табылады. Ислам – өзінен бұрынғылардан үйрену арқылы болатын жол. Яғни Пайғамбарымыздан (с.а.у.) бері қарай үзіліссіз жеткен болуы керек. Ешкім өзінің жеке ақылына, тәжірибесіне сүйеніп, дінге өзгеріс енгізе алмайды. Сондықтан шариғаттың негізі мен діңгегі – дұрыс түсінік пен таным қалыптастыратын өзгермес әдістемелік ережелер жиынтығы болып табылады. Ал, Пайғамбарымыздан (с.а.у.) қалған осы әдістемелік ережелерге қол жеткізуде Аллаһ Тағаланың дінінде шынайылықпен танылған сәләфус-салихин нағыз үлгі болады. Себебі сәләф дәуірінің өзінде осы діни нормалар мен ережелердің таразылауында қадірі артқанның қадірі артты, дәрежесі түскеннің дәрежесі түсті. Бұл нормаларды ұстанбағандар Исламның алғашқы дәуірінде өмір сүргеніне қарамастан салафус-салихин қатарынан шығып қалды.

Сәләфия деп аталатын ағымды ұстану мен Пайғамбарымыз өсиет еткен сәләфус-салихинге ерудің арасындағы айырмашылық осы. Яғни бірі – олардың жеке бастарының ерекшелігіне еліктеп, сол дәуірді аңсау. Бұл Аллаһ Тағала рұқсат етпеген және тарихта ешбір көрініс таппаған іспен айналысу ғана. Бүгінгі сәләфилік осыны көрсетеді. Ал екіншісі – діннің негіздерін үйренуде олардың ұстанған жолын үлгі тұту. Бұл – нағыз діннің өзегі, асылы және Пайғамбарымыз (с.а.у.) шақырған өзінің және оның әділетті, хидаяттағы халифаларының жолының негізі. Жоғарыда айтып өткеніміздей төрт мәзһаб осы ережелерді басшылыққа алады.

Исламның әуеліндегі қасиетті үш ғасырда Ислам үмметінің ішінде өзге мұсылмандардан ерекшеленіп тұратын құндылықтары мен негіздері бар, оның құрамына кіргендерді «ұлық дәрежеге» ие қылатын «сәләф мәзһабы» немесе «сәләфия» деген мәзһабты көре алмаймыз. Ол ғасырларда өзге ешбір сипат оның орнын басып, теңесе алмайтын бір ғана ерекше сипат болды. Ол сипат – дінде шынайылық таныту және дінді арнайы ережелерге сәйкес түсініп, іс жүзіне асыру. Ол ережелер бүгінгі «усулу-л фикһ» (фикһ негіздері) пәнінде реттеліп жинақталған. Кімде-кім осы сипатқа ие болса ол дүниеде де, ақыретте де биік мәртебеге лайық болады. Сондықтан оның Ислам қауымының мүшесі, бір бөлігі болуына мезгіл мен мекен кедергі ете алмайды. Егер кімде-кім осы сипатқа ие болмай Исламды түсінудегі жолдың негізінен шықса немесе жат бір нәрсе енгізсе, онда оның бұл жат әрекеті оны Ислам қауымының қатарынан шығарып тастайды. Жат әрекеті үшін оның қай уақытта, қай мекенде өмір сүргені ешбір мәнге ие

болмай қалады. (Автор сәләфус-салихиндердің дінді түсініп іске асыруда ұстанған жолына арнайы тарау бөліп кеңінен тоқталған. Бұл жолды қысқаша негізгі үш бөлікке бөлуге болады. 1- Жеткен хабардың дұрыс немесе бұрыстығын таразылауды үйрететін қағидалар мен деректер жиынтығы. Бұл хадис ғылымының риуаят саласы. 2- Араб тілінің құрылымына негізделген сөздің мағынасы мен мазмұнын түсіндіретін қағидалар жиынтығы. Бұл қағидалар мен деректердің нәтижесінде бүгінгі қолданыстағы араб сөздіктері, түсіндірме сөздіктер және мәтінтану негіздері қалыптасты. Кейіннен бұлардан мәтінді тәпсірлеудің және сөздің мағынасы мен мазмұнын анықтаудың ғылыми әдістемелігі құралды. 3- Күнделікті оқиғаларды қорытындылап баға берудегі логикаға негізделген мантиқ-қисын қағидаларының жиынтығы. Бұл қағидалар қорытынды үкім шығаруда басшылық жасайды.)

Сәләф кезеңінің өзінде де осы бекітілген жолдан ауытқыған әртүрлі топтар мен ағымдарды көреміз. Олардың сәләф дәуірінде өмір сүрулері оларға пайда бермеді.

Сәләфқа еру мен бүгінгі өзін «сәләфи» атаудың арасындағы айырмашылықты көрсеткеннен кейін былай деймін:

«Егер «сәләфия» мәзһабын құрып, өздерін соған тиесілі етіп, мұны өздерін өзге мұсылмандардан ерекшелетін белгі етіп алғандардың бұл ісі дұрыс болса, онда былай дер едім:

– Егер Исламның тарихының сәләфус-салихин өткен жалпы кезеңінен бір мәзһаб шығару дұрыс болатын болса, онда өзге біреулердің «Хуләфә-и Рашидин (әділетті халифалар)» кезеңіне тиесілі мәзһаб шығарып

«Рашидин (әділеттілер)» деп атауы дұрысырақ болар еді. Себебі хадисте «сәләфиин» сөзі емес «Рашидин» сөзі айтылады. «Сендер менің және әділетті (рашидин), тура жолдағы халифаларымның жолын ұстанындар» (хадис). Бәлкім үшінші біреу сахабалар кезеңінен бір мәзһаб шығарып, сөйтіп оған кірген әрбір кісіні «сахабиин» деп атауы дұрыс болар».

Сәләфу-ссалихин өзі де фикһи үкімдерде ижтихад жасап, ижтихади айырмашылықтарының нәтижесінде әр түрлі фикһи мәзһабқа бөлінді. Ең азы бүгінгі төрт мәзһабты айтуға болады. Бұл мәзһабтар мәзһаб иелерінің ізденісі мен зерттеулерінің нәтижесінде жеткен ғылыми тұжырымдар жиынтығы ғана. Олардың ижтихад жасаған мәселелері шариғатта орындалуы және үкімі белгіленуі керек істер еді. Ал осы мәзһаб иелерінің бір-бірімен қарым-қатынасына келер болсақ, олар жақсы қарым-қатынаста болды. Барлығы әхли суннә уәл-жамаға шеңберінде жүрді. Шариғи үкімдерді анықтауда, Құран мен сүннетті тәпсірлеуде барлығы сенімді жолдың басшылығынан шықпады. Ижтихад жасауда бір-біріне жәрдемші болды. Өздерінің ижтихадтары неге алып барса сонымен амал етуге міндетті екендігін олардың әрбірі жақсы білуші еді. Ал, итиқади және фикһи ізденісте өз көзқарастарынан өзінің жеке діни тұлғасын ерекшелеп тұратын белгі жасап алушы адамдарда осы бір өзара жәрдемдесу ісі қайда екен? Сондықтан олар ұлық имамдардың жолын түсіне алмайды. Аллаһтың дінінде өзара жәрдемдесу былай тұрсын, олар өздерінің ұстанған пікірлерінен қарулы қорған соғып алуда. Сәләфус-салихин мен оларға ерген ғұламалардың мақұлдап кеткен ижтихад қағидаларын ұстанғандарына қарамастан, бұл қорғанға өздерінің

пікірлеріне қайшы пікірмен кіргендерге соғыса кетпек. Сонда сәләфус-салихинді үлгі тұту қайда қалды?

Құран мен сүннетті ұстану барысында әр түрлі тұжырым жасауға алып баратын ижтихад мәселелер көп екендігінде талас жоқ. Бұл мәселелердің көпшілігінде сәләф қауымының өзі де әр түрлі топқа барды. Енді, бұл мәселелерге бүгін өздерін «Сәләфия» деп атайтын топ араласып, дұрыс тарапын «бір тұжырым, бір сөзбен» ғана шектеуге тырысуда. «Дұрыс тұжырымды» өздерінің қабылдаған пікірлері етіп қана көрсетеді. Одан кейін ол пікірлерін хақ діннің рәмізі етіп белгілеп, өздеріне қарсы болғандардың барлығының адасушылығы мен жөнсіздігіне осы рәмізді дәлел етіп береді. Олар осының барлығында әртүрлі пікір мен ижтихадтарды таразылайтын ешбір әдістемелік қағидаларды ескермейді. Сәләф қауымының өзі де бұл мәселелерде әр түрлі пікірді қабылдағанын есепке алмайды да.

Осылайша сәләфқа еру, оны үлгі тұту мен жаңадан шығып Ислам түсінігіне кейіннен енген, мұсылмандарды екі топқа бөлмесе тұра алмайтын сәләфия деген ағымды ұстанудың араларындағы айырмашылық айқындалады. Алайда сәләфияны арнайы жол ретінде ұстанудың ислами түсінікке жат, кейіннен енген нәрсе екендігіне, сондықтан «сәләфқа еру» деген ұғыммен үйлеспейтін бидғат іс болатындығына нақты дәлел не? Енді осыған тоқталамыз.

Сәләфияны арнайы жол ретінде ұстанудың бидғат екендігіне дәлел

Сәләфияны арнайы жол ретінде ұстану қашан пайда болды?

Сәләф дәуірінің мұсылман үмметіннен тыс кітап иелері және басқа да қауымдарды қамтығаны баршаға мәлім. Сонымен қатар өздерін Исламға жатқызатын көптеген топтар мен ағымдар да болды. Бірақ олар әр түрлі себептерге байланысты мұсылман үмметінің көпшілік ғұламалары мен имамдары тарапынан мақұлданған Құран мен сүннетті түсіну, тәпсірлеу жолынан ауытқыды. Бұл ауытқу оларды әр түрлі шырғалаң мен адасушылыққа итермелеп, одан әрі топ-топқа бөліп тастады. Бұлардан харижия, муржия, мұғтазилаларды атауға болады. Содан кейін бұлар өз іштерінде көптеген тармаққа айырылды. Олардың көбі бір-бірін күпірлікпен айыптайтын болды.

Осы әртүрлі топтарға қоса сәләф дәуірі басым көпшілік қалың топты (сәуәд ағзамды) да қамтыды. Олар (сәуәд ағзам) – ижтихадта, тәпсірлеуде Пайғамбарымыз (с.а.у.) бен оның сахабаларының мәтіндерді түсіну жолы мен ұстанымдарынан алынған қағидаларға бағынған мұсылмандар еді. Бұлар «әһли сүннә уал жамаға» деп аталды. Олардың барлығы бұл қағидаларды бір ауыздан қабыл етті. Бұрыс жолдағыларды тани білу үшін тура жолдағылардың ерекшеліктері мен сипаттарын білу қажет. Сондықтан біз басқаларды қоя тұрып осы «әһли сүннә уал жамаға» деп аталатын қалың қауым жайлы әңгімелейміз. «Олардың бұл атты иеленуінің себебі неде? Мағына тұрғысынан мутауатыр дәрежесіне жеткен көптеген хадистерде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мадақтап дәріптеген, олардың ізінен еруді әмір

еткен мұсылман жамағаты осылар болуының сыры неде?» - деген сұрақтар аясында оларды тануға тырысамыз. Олардың бұл атқа лайық болуларының басты себебі ақылдың басшылығы мен нақылдың (Құран және хадис) дәлелін өте шеберлікпен үйлестіру жолын ұстанғандығы болды. Одан кейінгі себеп – мәтінді тәпсірлеуде араб тілінің ережелерін басшылыққа алу еді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Құранды түсінуі мен сахабалардың тәпсірлеу ижтихадтарында мұның барлығына олар үшін тәжірибе жүзіндегі нақты үлгілер жеткілікті болды. Демек әһли сүннәт пен өзге адасушы топтардың арасын ажыратып тұратын, олардың жеке-дара тура жолда екенін паш ететін нәрсе ол – өзгелерден ерекшеленіп, өз жақтастарын жинауға арналған белгілі бір топтың жалаң ұраны емес еді. Бүгінгі көріп жүргеніміздей жалаң ұранмен жақтас жинау «сәләфия» ағымын мәһаб етіп ұстанудың нақ өзі. Нағыз сәләфус-салихиннің өміріне үңілсек, бұлай істеу олардың ойына да кіріп шықпағанын көреміз. Егер олар жамағаттық немесе ағымдық сипатпен ерекшеленгенде, сөз жоқ, Құран мен хадистен ауытқыған өзге топтар да олардың тобына кірген болар еді. Себебі олар да әһли сүннә уәл жамаға болып көрінуге қатты мұқтаж болатын. Егер соншалықты сыртқы көрініспен бітер оңай іс болғанда, олар да осы мәһабтың құрамына енсе де, енбесе де сол мәһабтың терісін жамылып, сол ұранмен ұрандатар еді.

Бірақ-та әһли сүннә уәл жамағаттың бірлігін көрсетуде немесе өзге адасушылардың қисық жолынан бөлінуде ешбір ұранның да жеке топ болудың да әсері жоқ екендігі әрбір ақылды жанға аян. Оларды өзге қисық жолдағылардан ерекшелеп тұрған нәрсе –

олардың жоғарыда айтылған ғылыми әдістемелік жолды ұстанулары еді. Яғни, бірінші – хабардың сахихтығын тану; екінші – Құран мен сүннет мәтінін түсіну; үшінші – ижтихад жасаудың қағидалары мен негіздерін қолдану. Осы жолды ұстанғандардың барлығы «әһли сүннә уәл жамаға» деп аталған топтың шеңберіне кіреді. Мейлі ол бұл дүниенің ең соңғы ғасырында өмір сүрсе де. Себебі бұл жол ешкімнің меншігі емес. Кім лайық болса, сол ғана иемдене алады. Ол жолды ұстанбағандардың барлығы Исламның алғашқы ғасырында өмір сүрсе де әһли сүннә шеңберінен шығып қалады. Кім лайық болмаса, оны ешқандай сыртқы көрініс немесе ұран құтқара алмайды.

Олай болса, бүгінде жоғарыдағы әһли сүннәнің таразылаушы жолының орнына ұсынылып жүрген «сәләфияны мәзһаб ретінде ұстану» деген нәрсе алғашқы үш ғасырдағы сәләфу-с салихинда болмағаны белгілі болды. Ондай бір ұранмен бұл жолға қосылу ісі олардың ойына да кіріп шықпады. Сосын олар өздеріне ұнамағандарға «сен әһли сүннәдан шықтың» демейтін. Одан кейінгі ғасырларда да осы аталмыш ғылыми жол жалғасын тапты. Барлық ғасырларда осы жолды ұстанып, әһли сүннә уәл жамаға жолындағыларға ергендер және бұл жолдан тайғандар болып бөлініп отырды. Бірінші топтағылар барлық ғасырларда мұсылмандардың ұлы көші болып саналатын әһли сүннә уәл жамаға құрамына енді. Екінші топтағылар аталмыш ғылыми жолдан ауытқу деңгейіне қарай әһли сүннә уәл жамағаттан ұзақтап отырды.

Осынау өткен ғасырлардың ешбірінде тура жолдағылар мен адасушылардың арасын ажыратып тұратын аталмыш ғылыми жолды «сәләфия» деген

мәзһабты ұстанумен айырбастаған ешкімді көрмедік. Яғни бұл мәзһабқа кіру тура жолға түсу, бұл мәзһабқа кірмеу адасушылық әрі бидғатшылық болып саналатындай.

Тарихқа ұзақ уақыт үңілдік, көптеген зерттеулер жасадық, бірақ исламның ешбір дәуірінде бұл мәзһаб жайлы дерек кездестермедік. Сондай-ақ ешбір ғасырда өзінің ағымына тән шектеулі пікірлері мен ахлақтарына адамдарды шақыру арқылы мұсылмандардың арасында қандайда бір «сәләфия» деп аталатын топ болғандығын ешкім айтқан емес. Осы топтың пікірі бойынша «бидағия», «далалия» (адасушы) немесе «халафия» (кейінгілер) деген топтың болғаны жайлы да дерек жоқ.

Біздің бар естігеніміз «сәләфу-с салихиннің» іс-әрекетінен алынып құрылған аталмыш ғылыми жолдың аясында адамдардың ақиқаттан тайып-таймағандықтарының анықталатындығы ғана. Сәләфқа еру – осы ғылыми-әдістемелік жолды дұрыс үлгіде қолдану жолында олардың іс-әрекеттері мен білімдерін басшылыққа алу арқылы ғана болады. Осы жолдың аясынан шықпайынша, сәләфус-салихиннің өз араларында әртүрлі пікірлерге баруы дұрыс болған болса, онда олардан кейінгі келгендер де аталмыш жолдың аясында әртүрлі тоқтамға барып жатса еш сәкеттігі жоқ. Сәләфус-салихиннің өз араларындағы пікір айырмашылықтары ислами бірлікті «тура жолдағы» және «одан таюшы» етіп екіге бөлмегені сияқты, олардан кейінгі келгендердің де бір-бірінен өзгеше пікірге баруы олардың бөлінуіне себеп болған жоқ. Яғни бірін сәләф, бірін бидғатшы деп екіге бөлмеді. Осылайша Ислам тарихы он төрт ғасыр өткізді. Ешбір ғасырдың

ғұлама-имамдарынан мұсылмандардың тура жолда екендігінің дәлелі «сәләфия» деген ағымға кірумен болатындығын да естімедік.

***Олай болса бүгінгі көзімізбен көріп жүрген
Ислам әлемінің көптеген жерінде дау-жанжал
мен айтысты өршітуші бұл ағым қашан пайда
болды? Қалай жайылды? Енді осы сұрақтар
төңірегінде сөз өрбітейік.***

Бұл «сәләфия» ұраны Мысырда Британдықтардың отарлауы кезеңінде Жамалуддин Афғани мен Мухаммад Абдух басқарып, туын желбіреткен діни-реформалық қозғалыстың шығуымен басталды. Өйткені осы қозғалыстың пайда болуы «сәләфия» ұранымен тікелей байланысты. Мұның себебі Мысырдың сол кездегі жағдайынан туындаған еді. Әл-Әзхар және оның ғұламалары мен Мысырдың әр түпкірінде ғылыми орталықтардың табылғандығына қарамастан, Мысырда әртүрлі діни негізсіз істер мен дінге қайшы түсініктер кең тарады. Бұлардың көбі суфизм атын жамылып көптеген дінде орны жоқ, сиқыршылық, сауықшылдық, харам мен халалға мән бермеушілік сияқты істерге барды. Әл-Әзхар да бұрынғы ғылыми белсенділігін жоғалтып, ресми қалыпқа түскендіктен бұған шара табар халде емес еді. Осындай діннің беделін түсіретін әрекеттер етек алған кезеңде халық екі топқа бөлінді. Бірі – бүкіл құндылықтардан, өзіндік қасиеттерден, тіпті Ислами түсініктен ажырап, батыс мәдениетінің көшіне ілесуді жөн көрді. Екіншісі – мұсылмандарды қате түсінік, бидғат пен негізсіз ырым-жырымдардан ада, таза Исламға қайтару; әзхарлық шейхтардың көпшілігі ұстанған қоғамнан оқшаулану түсінігінен ажырату арқылы мұсылмандардың ахуалын оңалту; қайта жан-

дандыру жолын таңдады. Шейх Мухаммад Абдух пен Жамалуддин Афғани екеуі де осы екінші топтың басында жүрді. Олар дінді жандандыру жолындағы күрестің туын шынайылықпен белсене көтерген еді.

Барлық реформалық қозғалыстар адамдарды тарту үшін өзінің мақсатын көрсете алатын белгілі ұранға мұқтаж болғанындай, бұл топтың да өз ұраны болды. Ол «сәләфия» ұраны еді. Бұл – бидғаттар, қате нанымдар, өмірден ұзақтап бір шетке ысырылу сияқты Исламның мөлдір тазалығын бұзатын барлық әрекеттерден тазартуға шақыру дегенді білдірді. Сонда ғана мұсылмандар сәләфу-с салихтардың заманындағы дін түсінігі мен ұстанымына оралып, солардың ізімен жүрген болар еді деген үміт болды. Олардың сәләф заманына оралуға табандап тұруларының мәнісі – Ислам әлемінің басым бөлігінде кең жайылған бидғаттарды, қате нанымдар мен түсініктерді жою еді. Себебі Исламды ұстану іс-әрекетті, еңбектенуді әрі күресуді қажет етеді. Ислам – қоршаған ортадан ұзақтау немесе оған көз жұмып қарау емес.

Алайда, осы сияқты Исламның ақиқатын меңзейтін мағыналарды «Сәләф немесе Сәләфиядан» өзге ұранмен байланыстыру мүмкін еді. Бұл мағыналарға ең лайық Исламнан басқа дұрыс сөз бар ма? Яғни ішкі-сыртқы барлық кері әсерден таза Исламды айтамын. Бірақ бұл қозғалыстың көсемдері олай істемеді. Олар Исламның және мұсылмандардың әуелгі ғасырындағы нұрлы күндері мен олардың бүгінгі қою түнектегі халдерін салыстырушы пікір арқылы мұсылмандардың Исламға деген құлшынысын, кері әсерлерге деген жиіркенішін оятуды жөн көрді. Сөйтіп, мұсылмандардың алғашқы буын өкілдерінің ерлігін мақтан тұтып, Исламның

ұлылығын жырлап жүрген адамдарға оң әсері болар деген үмітпен бұл қозғалыстың ілгерілеуіне «сәләф» немесе «сәләфия» ұраны таңдалды. Осы аталмыш себептерге байланысты сәләфия ұғымы туындап, ең алғаш рет діни қозғалыстың басындағы Мухаммад Абдух, Жамалуддин Афғани, Рашид Рыза, Абдурахман Кауакиби сияқтылар сол ұранды қолданды. Одан әрі үгіт-насихаттарын осы ұранның аясында жүргізді. Бірақ та, ол кезде бұл ұран бүгінгі көптеген адамдардың түсінгеніндей, Ислами ағым дегенді білдірмейтін. Тек қана қозғалыстың аты, жолдарының танымы ретінде сәләфу-с салихиннің жолынан ажырап, бидғат пен қате нанымға белшеден батқандарға қарсылықтарын білдіру ғана болатын.

Бірақ бұл қозғалыс бидғат пен ырымдардарға қарсы күресу тұрғысынан сәләф қауымына жақындауға тырысып, «сәләфия» ұранын өзінің аты ретінде иеленгеніне карамастан, басқа көптеген тұрғыда сәләф-салихиннің ұстанымдары мен әрекеттерін қабылдамай, олардан ұзақтай берді. Осылайша зиялылар қауымы мен жалпы халық арасында сәләф және сәләфия сөзінің кең тарауында осы қозғалыстың үлкен әсері болды. Бұған дейін тек қана ғылыми тақырыптарда ғана қолданылып, алғашқы буын өкілдерін дәріптеуге арналған мадақ сөзі еді. Өткен ғасырдың (яғни 20-ғасыр) бас жағында бұл сөздің өзінің ғылыми тар шеңберінен қалай шыққандығын көрудеміз. Осының бір көрінісі ретінде басылымдардың атауы ретінде қолданыла бастады. Мұнымен қатар Мысырдағы әйгілі «Сәләфия» баспаханасы мен кітапханасы сияқты орындарға атау ретінде берілуі кең етек алды. Осылайша бұл сөз әртүрлі орындарда көзге түсіп, құлаққа шалына бастады. Жоғарыдағы

белгілі басшылар арқылы жүзеге асқан діни қозғалысты дәріптеуге тікелей байланысты болды.

Осы кезеңде Мухаммад ибн Абдулауххабқа (1703-1792 жж.) тиесілі «Уаххабилік» ағымы белгілі себептерге байланысты Нәжд пен Араб түбегінің кейбір түкпірлеріне тараған болатын. Осы Уаххаби мәһабы мен Мысырдағы діни қозғалысты басқарушылардың ортақ бағыттары болды. Бұл – бидғат пен қате нанымдарға, әсіресе сопыларға қарсы күресуде өзін көрсететін. Осы ортақ пікірлер арқылы уаххабилік ағымының басшылары арасында сәләф және сәләфия сөзі жайылып кетті. Барлық мазмұны мен ерекшеліктері Мухаммад ибн Абдулауххабқа барып тіреледі дегенді білдіретін «Уаххабия» сөзінен мазасызданып жүрген уақытта «Сәләфия» сөзі олардың көңілінен шыға кетті. Бұл іс оларды «Уаххабия» сөзін «Сәләфия» сөзімен ауыстыруға итермеледі. Бұдан әрі өздерінің бұрынғы мәһабтарын осы атпен жаюға кірісті. Осы ат арқылы «Бұл мәһабтың пікірлері Мухаммед ибн Абдулауххабпен шектелмей, одан әрі сәләфқа ұласады. Біз осы мәһабқа кірумен Исламды түсініп жүзеге асыруда сәләф ақидасының, пікірлері мен ұстанған жолдарының сенімді өкілдері боламыз» деген пікір қалыптастырғысы келді.

Осылайша реформистік қозғалысқа және оны жаюға арналып қойылған атау бір ағымның атына айналып шыға келді. Бұл ағымдағылар өзге мұсылмандардан ерекшеленіп, өздерін ғана «ақиқат жолдамыз» деп санайды. «Біз Сәләф ақидасының сенімді өкіліміз және олардың Исламдағы жолын жалғастырушымыз» деп көрсетеді.

Сәләфия ағымын ұстану – бұрын болмаған бидғат

«Әһли сүннә уәл жамаға» немесе «ұлы көпшілік-сауад-ағзам» деген сипат Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисі мен сәләфус-салихин ұлықтарының ижмасымен бекітілген сөздерге сүйенеді. Сондықтан бүгін бір адам өзін «әһли сүннә уәл жамаға» деп танытса, ол Құран мен сүннет қолдамайтын жаңа сипат ойлап тапқан болмайды. Керісінше Пайғамбарымыз (с.а.у.) бекем ұстануды бұйырған жамағатқа өзін теліген болады. Бірақ құр сөзбен шектелмей Пайғамбарымыз (с.а.у.) бен сахабаларының және одан кейін оларға ерушілердің қалдырған жолын басшылыққа ала отырып Құран мен сүннетті ұстануы тиіс.

Ал кімде-кім бүгінгі «сәләфия» деп аталатын жамағатқа тән екендігімен өзін танытатын болса, сөз жоқ бұл бидғат болмақ. Бізді бұлай деуге итермелейтін себептер бар. Біріншіден, сәләфия сөзі әһли сүннә уәл жамаға сөзінің мазмұнына сай келген күннің өзінде, сәләф қауымы бір ауыздан мақұлдаған атауды басқа сөзбен өзгерткен болады. Тура жолдағыларға берілген «әһли сүннә уәл-жамаға» сөзін сәләфия сөзімен ауыстыруға қандай мұқтаждық бар? Бұған қоса, ешбір себепсіз ауысқан жаңа атаудың (сәләфия сөзінің) мұсылмандардың арасын ажыратып, келеңсіздіктер шығаруының өзі оның зиянын көрсетуге жеткілікті.

Екіншіден, егер әһли сүннә уәл-жамаға сөзінің мазмұнына сай келмесе (шындығы осы), онда жанадан шығарылған сөздің өзі бидғат, ал мазмұнында қателік болғаны. Мазмұнының қателігі – «әһли сүннә уәл жамаға» сөзі арқылы сәләфус-салихин бекітіп кеткен ақиқаттың орнын басып, дәріптелуінде жатыр. Жаңа

ұғымды білдіретін «сәләфия» сөзін қолданудың бидғат болуының себебіне келсек, оның әһли сүннә уәл жамаға жолын ұстанушы біртұтас Ислам жамағатынан бөлініп шыққан Ислами ағымға ат болып беріуінде жатыр. Бүгінгі «сәләфия» дегеніміз – белгілі ижтихади пікірлер тізбегін иемденіп, соны қорғаушы; мейлі итиқади, мейлі фикһи үкімдерде болсын осы пікірдің шеңберінен шығушыларды бидғатшылықпен айыптаушы адам. (Ихтилаф бөлімінде фикһи мәселелерде айырмашылықтар болатындығы жайлы егжей-тегжейлі түсіндірдік). Бірақ шарифат бізге мұның тұп-тура терісін көрсетеді. Шарифат бойынша, өзі таңдаған пікірмен ақиқатты шектеп, екінші пікірдегілерді бидғатшы немесе дінді бұрмалаушы ретінде санаған адам – нағыз бидғатшы. Ол Ислам қоғамын бөлуші, мұсылмандар арасында өшпенділік туындауына себепкердің нақ өзі. Ол мұсылман қауымының (ижмасынан) жолынан таюшы. Себебі ол әһли сүннә уәл жамағаттың ижтихади көзқарастар үшін бекіткен жолынан бас тартуда. Бұл жол «әһлу хадис» және «әһлу рәй» болып екіге бөлінген сәләфу-с салихиннің екі тобын біріктірген болатын. Осы жолдың арқасында олардың арасында айырмашылықтар ақиқат жолындағы ынтымақ пен өзара жәрдемдесудің көзіне айналды. Ал бүгін өздерін сәләфиміз дегендер сәләф қауымының бұл жолын қабылдамай, оның орнын өзіміз бірбеткейлік пен ағым тараптарлығы арқылы ауыстыруда. Сөйтіп өзіне пікірі қайшылардың барлығын бидғатшы, дінбұзар етіп сипаттауда. Олай болса, Аллаһтың дінінде олардың бұл ісінен асқан ашық бидғат бар ма екен?

Бірде араб елдерінің бірінде жамағатпен құптан намазын оқыдық. Арамызда бір топ ғылым адамдары

бар еді. Намаздан соң арамыздан бірі қол көтеріп дұға жасады. Қалғандар әмин деп қосылып отырдық. Бұл істі дінге қайшы санаған қатысушылардан бірі (сәләфи болатын) орнынан тұрып жамағаттан бөлініп кетті. Біздің бұл «күнәлі ісімізге» ортақ болғысы келмегені көрініп тұр. Мен оған бұл істің қай жері күнә деп сұрадым. Ол:

– Пайғамбарымыздың сүннетінде намаздан соң дұға жасау жоқ. Пайғамбарымыз намаз үстінде ғана дұға жасайтын, – деді.

Оның «дұға намаздың ішінде болады, намаздың соңынан емес» деген ижтихади пікірге көңілінің бұрғандығы үшін біз оған сын тақпақшы емеспіз. Себебі, Бұхари мен Тирмизидегі Сағд ибн Әбу Уаққастың хадисін әр түрлі түсіну нәтижесінде ғұлама имамдардың ішінде де осы пікіріге барғандар табылады. Бұл хадисте Сағд ибн Әбу Уаққас мұғалімнің балаларға әріп үйреткеніндей етіп, өз балаларына мына сөздерді үйретеді: *«Расулуллаһ мына сөздермен намаздың соңында сыйынатын: Уа, Аллаһым, сараңдықтан саған сыйынамын. Қорқақтықтан саған сыйынамын. Кәріліктің жаманишылығынан саған сыйынамын, әрі дүниенің сынағынан да саған сыйынамын»*. Олар хадистегі «намаздың соңында» деген сөзге «намаздың соңғы бөлігінде» деген мағына берді. Сөйтіп «Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл дұғасы намаздың соңғы жағында сәлем беруден бұрын еді» – деп тұжырым жасады. Ал, көпшілік ғұламалар «намаздың соңында» деген сөз «намаздан кейін, ізінше» дегенді білдіреді, – деп тәпсірледі. Бұған хадистегі «дубуру-с салах» деген сөздің сөздік мағынасын дәлел қылды. Сонымен қатар имам Ахмад пен Ибн Мажа риауят еткен

Умму Саламаның (р.а.) хадисін дәлелге алды. Ол хадисте: «Пайғамбарымыз таң намазында сәлем бергеннен кейін: *«Аллаһым мен Сенен пайдалы білім, адал ризық, қабыл етілген амал сұраймын»* – дейтін еді».

Енді мен айтар едім: «Әлгі адамның қателігі мен бидғат ісі осы ғұламалар тарпынан қабыл етілген екі пікірдің бірін ұстағандығы емес. Бұл жердегі нағыз бидғат іс: оның екі көзқарастан бірін таңдап, одан кейін өз таңдауын әрбір адам қабылдауы керек ақиқат етіп алуы;

Қарсы пікірдегілердің таңдауын олардың негізсіз қате жолда екендіктеріне дәлел ретінде көруі;

Солай түсінгеннен кейін жамағаттың ісін жақтырмай бөлініп, олардың ісіне ескерту жасаған болуы;

Адамдардың бұл «адасушылығы» оның ойындағы «ең дұрыс» Ислам жамағатына кірмегендіктен болуда деп ойлауы.

Сәләф ғалымдарынан қай ғалым осындай оғаш жол қалдырды? Қайсысы мұсылмандар бірлігін паршалап, осындай ретсіз менбілемдікпен өзгелердің ижтихади пікірлерін теріске шығарды? Ешқайсысы да!!!

Иә, әһли-сүннә уәл-жамағатдан көп мұсылмандар бидғатшы, діннен шығушы деп айыпталдық. Бар айыбымыз, біз сәләф ғұламаларының көпшілігінің жүрген жолымен жүрдік. Мәселен, көпшілік ғұламалардың айтуынша, егер бір кісі пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірі мен мешітін зиярат етуге ниеттеніп шықса мұның еш зияны жоқ. Бір ғажабы, Ханбалилер бастаған көпшілік ғұламалар құптаған бұл пікір кейбіреулер тарапынан дінге қайшы, қате пікір деп қабыл етілуде! Неге? Себебі сәләфи жамағатының көзқарасына қайшы. Ал, Пайғамбарымыздың қабірін зиярат етуді теріс-

ке шығаратын көзқарас, әрі сол көзқарасқа сүйенген Ибн Тәймияның ұстанымы қаншалықты әлсіз, тіпті шариғи және тілдік қағидалар тұрғысынан жарамсыз болғанына қарамастан, әлі күнге «ең дұрыс» пікір болып саналуда. Сондай-ақ оған қарсы пікір – қате пікір деп қабылданады.

Олардың бұлайша көпшіліктің дәлелді сөзіне құлақ аспауларының бір ғана себебі бар. Ол «сәләфия» өзінің «бас тартуға болмайтын шешімін» қабылдап қойғандығы. Яғни «пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірін зиярат ету үшін жолға шығу – бидғат» деген шешім.

Осындай талас мәселелердегі шешім біржақты қабыл етілгеннен кейін мұсылман жамағатының бірлігін екіге бөлетін қанжарға айналып отырады. Бірінші топ – Сәләфия. Хақиқатты бір өзі біліп, бір өзі ұстанады. Екінші топ – бидғатшылар. Хақиқаттан жырақ, адасушылық жолында сандалушылар.

Сәләф дәуірін мұқият зерттеп, «олардан кім осындай қанжар қолданып, мұсылмандардың арасын бөліп, берекесін алды» деп сұрақ қойсақ, олардан ешбірінің мұндай жолға барғанын көре алмаймыз.

Ендеше құрметті оқушы, «сәләфияны» дінге кейіннен енген «жаңа бидғат жол» деуден басқа амалымыз жоқ.

Шариғи (итиқади және фикһи) үкімдердің ішіндегі әрқелкілікке ие, болжамды (мухтәләфун алейһ) мәселелерден құрастырылған «сәләфияның» ерекшелуші құрылымымен де таныс болдық. Сәләфияның құрушылары бұл мәселелерді сәләфус-салихин ғалымдарының кейбірінің айтып кеткен болжамды пікірлерінен теріп, жинақтады. Сөйтіп, осы жинақтаған таласты мәселелерді нағыз хақ жол етіп алды. Кімде-

кім осыдан басқа болжам мен пікірлерге ауатын болса олар нағыз бидғатшы, жолдан таюшы деп, көрсетті.

Сәләф пен хәләфтың ешбірінің дәуірінде болмаған, Құран мен Сүннетте рұқсат етілмеген мұндай жаңа жол қалыптастыру дінге кірген бидғаттың ең сорақысы болса керек. Егер кейбіреулер үшін мұның барлығы бидғат саналмаса, онда бидғат сөзінің қандай мағынасы қалмақ? Бидғат ұғымы бұдан басқа қай мысалда, қай оқиғада толық көрініс таба алады?

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Әбу Зәхра Мухаммед. Исламда сияси ве Итикади ве Фыкхи Мезхеплер Тарихи. Стамбул: 1996 ж.
2. Баш Ердоған. Яхудилик Христианлык ве Ислам. Стамбул: 2004 ж.
3. Бути Мухаммед Сағид Рамазан. «Әс-Сәләфия». Дамаск. 2010 ж.
4. Бути Мухаммед Сағид Рамазан. «Әл-Лә Мәзхабия» Дамаск. 2005 ж.
5. Бұхари Әбу Абдиллаһ Мухаммед бин Исмаил. әл-Жамиус Сахих. Стамбул: 1992.
6. Ғауижи Уаһби Сулайман, «Әбу Ханифа ән-Нуғман» Дамаск. 2009 ж.
7. Ибн Мәжа Әбу Абдуллаһ. Сунан. Стамбул: 1992.
8. Караман Хайреддин. Анахатларыйла Ислам хукуку. Стамбул: 2000 ж.
9. Караман Хайреддин. Ислам Хукук тарихи. Стамбул: 2004 ж.
10. Қардауи Юсуф. «әс-Сахуат-ул Исламия байна-л их-тилаф-ил машруғ уат-тафарруқ-ул мәзмум». Каир 2006 ж.
11. Мүслим Әбу-л Хусейн бин Хажжаж әл-Қушейри. әл-Жәмиу-с Сахих. Стамбул: 1992.
12. Мухаммад Юсуф Хаттар, «әл-Маусуғат-ул юсуфия». Дамаск.
13. Салқини Ибрахим, «әл-Муйәссәр Фи Усул-ул Фикһ». Дамаск. 2008 ж.

14. Тирмизи Әбу Иса Мухаммед бин Иса. Сунан. Стамбул: 1992.
15. Уайс Абдулхалим «Шәйх Мухаммад әл-Ғазали». Дамаск, 2000 ж.
16. Уаддах әл Хатиб. «әл-Уажизу фи улумил-Қуран». Дамаск. 2009ж
17. Халифа Алтай. Құран Кәрім Қазақша Мағына және Түсінігі. Мадина Мунаууара.
18. Худари Шейх Мухаммед. Тариху-т Тәшрии-л Ислам. Каир.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	5

І БӨЛІМ

МӘЗҒАБ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТТАР

Мәзһабтың түрлері.....	11
Фикһ ғылымы туралы түсінік және оның маңызы.....	13
Фикһ ғылымының сүйенетін негізгі дәлелдері.....	19
А) Негізгі дәлелдер.....	19
1. <i>Кітап (Құран Кәрім)</i>	19
2. <i>Сүннет (Хадис)</i>	24
3. <i>Ижма</i>	26
4. <i>Қияс</i>	28
Ә) Фәрғи (негізгі емес, қосымша) дәлелдер.....	29
1. <i>Истихсан</i>	30
2. <i>Масалихи мурсәлә (ел игілігі үшін көзделген істер)</i>	31
3. <i>Әдет-ғұрып</i>	32
4. <i>Шәрғу мән қабләна (алдыңғы шарихаттар)</i>	34
5. <i>Сахаба сөзі</i>	36
6. <i>Истисхаб</i>	37
Басты фикһ мәзһабтары және олардың құрушылары.....	39
А) Ханафи мәзһабы.....	39
<i>Имам Ағзам Әбу Ханифаның ғылым жолы</i>	39
<i>Фикһ ғылымына бастауы</i>	41
<i>Хадис ғылымында</i>	43
<i>Фикһ пен хадисті үйлестіруі</i>	43
<i>Ұстаздары</i>	45
<i>Шәкірттері</i>	46
<i>Имам Ағзам Әбу Ханифаның фикһы</i>	47
<i>Ижтихад жолы</i>	49
<i>Ханафи мәзһабының жүйеленуі</i>	52
<i>Ханафи мәзһабының дамуы және жайылуы</i>	53

Ә) Малики мәзһабы.....	55
Ұстаздары	57
Шәкірттері.....	59
Имам Маликтің еңбектері	59
Имам Маликтің фиқһы және хадисі.....	60
Малики мәзһабының дамуы және жайылуы	61
Б) Шафий мәзһабы	62
Имам Шафийдің фиқһ жайындағы көзқарасы	64
Имам Шафийдің еңбектері	65
Шафий мәзһабының дамуы және жайылуы	66
В) Ханбали мәзһабы	68
Ахмед бин Ханбалдың фиқһы	69
Ханбали мәзһабының дамуы және жайылуы.....	69

II БӨЛІМ.

МӘЗҒАБТЫ ҚАТЕ ТҮСІНУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ СЕБЕПТЕРІ

1. Себеп: сахабалар заманында мәзһаб болмауы.....	73
Сахабалар кезінде неге мәзһаб болмады?.....	73
Сахабаларды өзгеріс жасауға итермелеген себептер мен мәзһабтардың құрылуының алғы шарттары.....	75
Бірінші себеп: Исламның жайылу шеңберінің кеңеюі	75
Екінші себеп: Өзге дін өкілдерінің көптеп Исламға кіруі... 76	
Үшінші себеп: Көріш мемлекеттердің тұрғындарының топ-тобымен дінге кіруі болды.....	77
Төртінші себеп: Дін бұзарлардың жайылуы мен мұсылмандардың арасында сенім негіздеріне байланысты күмән тудыру үшін әр түрлі талас мәселелер мен күмәнді ойлар таратушылардың шығуы болды	78
2. Себеп: шарифат ғылымына жеңіл қарау, ижтихад-тақлид мәселесін ескермеу.....	80
Ижтихад.....	81
Ижтихад нысаны	82
Ижтихад шарттары мен қабілеттілік нормалары	84
Ижтихад жасау үкімі.....	88
Тақлид және муқаллид.....	89
Адамдардың барлығы мәзһабсыздыққа бет алса не болмақ? .91	

3. Себеп: ихтилаф – мәзһабтар арасындағы айырмашылық.....	97
Қайшылыққа түсудің себептері	98
Пікірден туындаған қайшылықтар	99
Фикһи айырмашылықтарда назар аударатын жәйттер.....	100
Дін болмысы	101
Тіл құрылымы.....	103
Адам табиғаты	104
<i>Әлем және өмір әркелкілігі.....</i>	<i>105</i>
Ихтилаф – Аллаһтың мейірімі	106
Ихтилаф – фикһтың бай қазынасы	107
<i>Біріншіден мәзһабтар арасы айырмашылық</i>	
<i>төңірегінде.....</i>	<i>109</i>
<i>Екіншіден мәзһабты тәрк етушілерге.....</i>	<i>111</i>
Шариғатта тыйым салынған ихтилаф қайсысы?.....	112
Бірлік – діни парыз.....	115
<i>Құран үндеуінен:.....</i>	<i>116</i>
<i>Хадистен насихаттар.....</i>	<i>117</i>
4. Себеп: мәзһаб жайлы сауатсыздық	119
Мәзһабпен жүресің бе, әлде сүннетпен бе?	119
Мәзһабсыздардың кейбір пікірлері	122
Мәзһаб жайындағы сұхбат.....	124

ІІІ БӨЛІМ

СӘЛӘФИЯ ХАҚ ЖОЛ МА?

Сәләфия хақ жол ма?	139
Сәләфия ағымын ұстану мен сәләф қауымын үлгі	
тұтудың айырмашылығы.....	148
Сәләфияны арнайы жол ретінде ұстанудың бидғат	
екендігіне дәлел.....	155
<i>Сәләфияны арнайы жол ретінде ұстану қашан пайда</i>	
<i>болды?.....</i>	<i>155</i>
<i>Олай болса бүгінгі көзімізбен көріп жүрген Ислам</i>	
<i>әлемінің көптеген жерінде дау-жанжал мен</i>	
<i>айтысты өршітуші бұл ағым қашан пайда болды?</i>	
<i>Қалай жайылды? Енді осы сұрақтар төңірегінде сөз</i>	
<i>өрбітейік.....</i>	<i>159</i>
Сәләфия ағымын ұстану – бұрын болмаған бидғат	163
Пайдаланылған әдебиеттер.....	169

**Тұрар Түгелұлы,
Батырбек Тұрғанбекұлы**

МӘЗҒАБ ТУРАЛЫ ТАНЫМ

Редакторы: Қ. Отызбаев